№9 (1371)
2 – 9 наурыз
2017 жыл

ISSN 1999-5857

# АНА ТІЛІ

1990 жылғы наурыздың 22-сінен бастап шығады

Ұлт Газеті

Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады

www.anatili.kz www.facebook.com/anatilikaz www.twitter.com/anatilikz e-mail: anatili_gazeti@mail.ru

МЕЗГІЛ МЕЗЕТІ

# Көксоқта күн көктемді келді арқалап

**Үш ай қысты артқа тастадық. Сағындырған, сарыла күттірген көктеміміз де келді.**
**Табиғат та мезгілдің өзгергенін сездіргендей. Күннің шуағы басқашалау. Көңіл күйіңді көтеріп, жаныңды жадыратады. Жердің бетін мәңгілік мекеніне айналдыратындай көрінген қасат қар да райынан қайтып, жіби бастаған секілді. Қар суы жылға-жылғаға құйылып жатыр. Шіркін, көктемнің құдіреті!**
**Наурыз – мерекелердің бастауы іспетті. Кеше ғана Алғыс айту күнін атап өткенбіз. Енді алдымызда Аналардың мейрамы, одан соң жыл басы – Наурыз мерекесі...**
*Көктем келді ауылға,*
*мамырлап бұлт,*
*Таң-тамаша дүние, дабырлап жұрт.*
*Көктем келді. Өмірдің келешегі –*
*Көкпен бірге дүркіреп тал өседі...* –
**деп Мұқағали ақын жырлағандай көктемді тіршілік бастауы десек қателесе қоймаспыз. Олай дейтініміз сұп-суық қарды жер бетінен ысырып, балауса көк бой көтере бастайды. Ағаш та сұрқай кейпінен ажырап, бүршік жаратыны қандай ғажап! Былай қарағанда бар дүние жаңарып, түлейтіндей.**
**Табиғатпен жеткен жақсылық өміріміздің қуаныштарына жалғаса бергей деп тілейік.**

АШИДЫ ЖАНЫҢ...

**...Көше. Бағдаршам. Жасыл шамның жануын күткендердің қатарына қоларбадағы баласын сүйреткен қазақтың әдемі жас келіншегі келіп тұра қалды. Сол сәтте баласына еңкейіп орысша тіл қатты. Алдындағы әдемі көрініске елтіген көңіліміз су сепкендей басылғаны.**

## ТІЛІН БІЛМЕГЕН – ТЕГІН БІЛМЕС

Тыңдамасын білсек те: «Кешіріңіз, сәбиге неге қазақша сөйлемейсіз?» дегеніміз сол еді, келіншек бұл өзінің баласы екенін, оған қай тілде сөйлегісі келсе өзі білетінін айтып, өзге тілде таңдайы тақылдай жөнелді. Бағдаршамның жасыл бағытына ілесіп үлгергенше қоңылтақсыған көңілді өре түрегелген ойлар басты.

«Ау, сонда сәбидің не жазығы бар? Туғаннан бүкіл ата-бабасы сөйлеген тілден жерітетіндей аналық борыш тоғыз ай көтерумен, дүниеге әкелумен өлшенетін бе еді?..» Әрине, сәбиге өмір сыйлау, әлпештеп бағу ананың бір міндеті. Бірақ сол сәбиді өзіне дейінгі ата-бабасынан бермен қарай үзілмей келе жатқан желімен ана тілінің құндағында өсіру де ең алдымен ананың міндеті емес пе?

Дүниеге келген кішкентай қауқарсыз жас нәрестеге бірден-бір қамқоршы – оның анасы. Ес біліп, етек жапқанша дүниедегі ең жақын жан да сол. Материалдық қамқорлықтан бөлек, айналасымен, қоғаммен қатынасы да сол жанның қалауымен негізі қаланады. «Қай тілде сөйлесең сол тілдің адамысың» деген пікірдің жаны бар екеніне күнделікті куә боп жүрміз. Бүгінгі біздің қоғамның, тіпті мемлекеттің үлкен бір мәселесіне айналған ана тілдің ахуалы осының дәлелі. Осының бәрінің астарына ой жүгіртсек, шектен тыс еліктеудің, әсіреқызыл әулекіліктің салдары десек артық айтқандық емес. Бұған әсіресе қазақ қыздарының бейім тұратыны ашындырады. Тілі орысша шығып, сол тілдегі мектепке барған бір қарақөз оқушы қыздың «қазақ тілі сондай қиын» деп қиналғаны бар. Ол ертең отбасын құрып, ана атанғанда балаларына қай тілде сөйлейтіні бесенеден белгілі. Олар бұны оғаш, ұлтқа зиянды деп білмейді де. Міне, ана тілінің уызына жарымаудың салдары осындай.

Осы тұста кешегі жаугершілік заманда елге қауіп төнгенде ерлермен қатар атқа қонып, елін қорғаған қазақ қыздары еске түседі. Әдептілігімен, биязылығымен, ұяңдығымен танымал қазақ қызы қайсар мінездің, намысқойлықтың да үлгісі. Ал қазақ қыздарының бүгінгі толқынының міндеті олардан бір де кем емес.

Өйткені бала тәрбиесі бүгінгі күні жеке отбасының, не болмаса баласына жат тілде сөйлеуді өз шаруам деп білетін кейбір әйелдің жеке мәселесі емес. Ол мемлекет, ұлт болашағы дейтін ұғымдардың бір бөлшегіне айналды. Осыны әрбір қазақ қызы түсінуге ұмтылса, жеке басының қыңыр еркелігінен ұрпағының ертеңін жоғары қоятын еді деген ой туады.

Ана мен бала әлемі қашанда киелі, ерекше әлем. Сол әлемде сәби құлағына ана әлдиімен тек ана тіліндегі сөздер сіңіп, бала былдырына ұласса, бүгінгі қазақ тілінің бір мұңы кем болар ма еді...

**Дина ИМАМБАЕВА**

## Нобель сыйлығына ұсынылды

**«Парламентшілер ядролық қаруды таратпау және қарусыздану үшін» халықаралық форумының жаһандық үйлестірушісі, Базель Бейбітшілік кеңсесінің (Basel Peace Office) ғылыми-зерттеу институтының директоры Алин Варе Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен «АТОМ» жобасының құрметті елшісі, суретші Кәріпбек Күйіковтің кандидатурасын Нобель сыйлығына үміткер ретінде ұсынды.**

Бұл туралы ол өзінің Facebook парақшасында: «Биыл мен президент Нұрсұлтан Назарбаев пен Кәріпбек Күйіковті ядролық қаруды жоюдағы олардың елеулі еңбегін ескере отырып, Нобель сыйлығына ұсынамын» деп мәлімдегенін әлемдегі барлық БАҚ жарыса жазды. Сондай-ақ ұсыныс жасаушы ретінде шотландиялық саясаткер Билл Киддтің де есімі аталды.

Қазақстан басшысы ядролық қарсы күресуші қайраткер ретінде әлемге танымал. Сонымен қатар Бейбітшілік сыйлығын беру жөніндегі комиссия Елбасымыздың аймақтық және ғаламдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық келісім мен ұлтаралық татулықты сақтау, интеграциялық бастамалары, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін өткізу, ЕҚЫҰ және ИБҰ төрағалық ету, Ауғанстан мен Сирияға гуманитарлық көмек беру, Ресей-Түркия және Сирия дағдарысын шешуге атсалысу сияқты бітімгершілік қызметтерін де ескерер деп сенеміз.

ҚАЗПОШТА

## «Ана тілі» газетіне жазылу жалғасуда

| Индекс | Мерзімі | Аймақ/қала | Аудан/ауыл |
|---|---|---|---|
| Жеке жазылушылар үшін | | | |
| 65367 | 6 айға | 1748,16 | 1859,94 |
| | 9 айға | 2622,24 | 2789,91 |
| Мекемелер мен ұйымдар үшін | | | |
| 15367 | 6 айға | 3202,56 | 3314,34 |
| | 9 айға | 4803,84 | 4971,51 |



КЕЛЕСІ НӨМІРДЕН ОҚИТЫНДАРЫҢЫЗ:

## «ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ» БЕЙНЕСІНІҢ ТІЛДІК ТАҢБАСЫ

БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

# ҚАҺАРМАН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА, қасиетті Қазақ жеріне мың алғыс!

**1 наурыз Алғыс айту күніне орай Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі Үндеу жариялады. «Бұл мереке біздің ортақ тарихымыздың символы, халықтың жалпыұлттық бірлігінің, құрметі мен ынтымағының күні» делінген Үндеуде. Бұл күн мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Жарлығымен 2016 жылдан бері жалпыхалықтық мереке ретінде тойланады. Тарихтың жазуымен Қазақстанға қоныс аударған түрлі этностық топ өкілдері бұл күні қазақ халқына алғыс айта алады.**

Еліміздегі бейбітшілік пен келісім саясатының нәтижесінде жүздеген ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Олар өздерінің және балаларының болашағын Қазақстанмен байланыстырады. Сондықтан да қазақ елінің гүлденуіне мүдделілігін білдіріп, ынтымақ пен бірліктің арта түсуін қалайды. Үндеуде айтылғандай, ел ішінде қалыптасқан өзара түсіністік пен бір-біріне қолдау көрсету еліміздің, қазақстандық үлкен отбасының рухани қағидаты болып қалыптасты. Кезінде тоталитарлық режімнің қатал үкімімен Қазақстанға жер аударылып келген мыңдаған адам осы жерден пана тапты. Қиын-қыстау жағдайда бір-біріне қол ұшын созып, иық тіресе көмек көрсеткен сол ағайын бүгінгі күні еліміздің толыққанды азаматтарына айналды. Олар өздерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтауына, өз тілдерінде сөйлеуіне, әдет-ғұрпын насихаттауына берілген мүмкіндікке шексіз риза екендерін айтады. Үндеуде еліміздегі бүкіл этностық топтар атынан «Бүгін біз миллиондаған адамның бақытын тапқан Отанына айналған Қазақ жеріне, қайырымдылығы мен кеңпейілділігі, даналығы мен қонақжайлығы үшін қазақ халқына алғыс айтамыз» делінген.

Осы ретте жүздеген этностың өзара араласуына, дәстүрлері мен өмірлік ұстанымдарының ұштасуына жетекшілік жасап отырған Елбасы Н.Назарбаевтың дара көшбасшылығын лайықты атап өткен жөн. Ассамблея мүшелері Қазақстанның тәуелсіздік жылдары қол жеткізген жетістіктерін бағалай келе Жолдауда айтылған Үшінші жаңғырудың міндеттерін абыроймен орындауға ұлттық бірлік іргетас болады деп есептейді.

«Бұл күні біз ата-бабаларымызды ризашылықпен еске аламыз, ата-анамызға, мұғалімдерімізге, зейнеткерлерге, ардагерлерге, бір-бірімізге алғыс айтып, халқымыздың қайырымдылық дәстүрлерін жаңғыртамыз» дейді Ассамблея аясына біріккен ұлт өкілдері.

Үндеуде қоғамдық келісімнің ұйтқысына айналып отырған осынау бірегей ұйым мүшелері Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Н.Назарбаевты Алғыс айту күнімен құттықтай отырып, ортақ үйіміздегі бейбітшілік пен келісім үшін барша халыққа ризашылығын білдірді.

**Шаймардан НУРУМОВ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі, Ұйғыр этномәдени орталығының төрағасы:**

### ТАТУЛЫҚ – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҚ

*Қазақстанды мекендеген түрлі ұлт өкілдерінің қиын-қыстау жылдары өздеріне пана болған қазақ халқына деген алғысы зор. Елбасы Н.Назарбаевтың сарабдал саясатының арқасында елімізде барлық ұлтқа тең жағдай жасалған. Олардың мәдениетін, тілін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Бүгінгі күні біздің ұлттық театрымыз, мәдени орталығымыз бар. Бұның бәрі бізге үлкен жауапкершілік жүктейді және еліміздің одан әрі гүлденуіне үлес қосуға үндейді. Соның бір дәлелі, Қазақстандағы ұйғырлардың барлығы дерлік қазақ тілін біледі, Қазақстанды өз Отаны санайды. Киелі қазақ елінің кеңпейілділігі мен дарқан мінезінің, бірлік пен тыныштықтың арқасында барша халық тату-тәтті өмір сүруде.*

**Надежда СТЕПАНОВА, ардагер журналист:**

### ЖАҚСЫЛЫҚТЫ ҰМЫТПАУ – ПАРЫЗ

*Мен Хабаровскіде дүниеге келдім. Бала кезімде Алматыға қоныс аударды қ. Осы қалада мектепке бардым, еңбек жолымды бастадым. Кейіннен Чукоткада, Қиыр Шығыста, Байкалда да болдым. Бірақ тағдыр қай түкпірге жетелесе де менің Қазақстаннан, Алматыдан екенімді барлығы білетін. Радиодан қазақ әндері айтылып жатса әріптестерім мен достарым «Сенің туыстарың ән айтып жатыр!» деп қуана жеткізетін. Қазақтың әнін тыңдасам, айналам нұрланып, өз үйімде отырғандай күй кешетінмін.*

*Бала кезімнен осынау мейірімді, кішіпейіл және асқан қонақжай халық – қазақтарға бауыр бастым. Қай жерде жүрсем де бұл халықтың жақсылықты ешқашан ұмытпайтын, еселеп қайтаратын, ерекше мейірбан жұрт екенін айтып жүремін. Осы қасиеті үшін де қазақ халқына алғысым шексіз.*

**Бүгінгі санда:**

Ғаламтор және қазақ тілінің жаңа кеңістігі
5-бет

Сырымбет – сыршыл тарих мекені
6-бет

Бәс тігу бақ па, әлде сор ма?
11-бет

ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ЕЛ МҰРАТЫ

Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясының Алғыс айту күніне арналған форумы өтті. Форумға Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова, ҚХА төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі Ералы Тоғжанов, ҚХА мүшелері, этномәдени бірлестіктердің өкілдері қатысты. Жиында Г.Әбдіхалықова Елбасы Н.Назарбаевтың Алғыс айту күніне арналған құттықтау сөзін оқып берді.

«Алғыс айту күні – бұл біздің мемлекеттік және қоғамдық күнтізбемізде жақында ғана пайда болған ерекше күн. Алайда аталған жас мерекенің тарихи тамыры тереңде жатыр. Ол мейірімділік, рақымдылық, бір-біріне көмек пен өзін-өзі құрбан ету сынды адамның ең асыл қасиеттері көрініс тапқан алмағайып заманды еске салады» делінген Президент құттықтауында.

# БІРЛІК – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Алғыс айту күні еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің қазақ халқына деген ризашылықтарын білдіруіне мүмкіндік туып отыр. Рухани-адамгершілік астары мол бұл мереке халқымызды одан әрі жақындастыра түсуде. Алғыс айту күні Қазақстан жерінде бас қосқан түрлі ұлт пен ұлыс өкілдері өткендеріне көз жүгіртіп, ата-аналарына құрмет көрсетеді. Сондай-ақ тарихи тағдыр біріктірген қазақ жерінде бірлігі бекем, іргетасы ынтымақпен қаланған мемлекеттің болашағы үшін жауапкершілік жүгін бірге арқалау маңызды екенін терең сезіне түспек.

Елбасы хатында барлық қазақстандықтарды мерекемен құттықтай келе, «Мен тәуелсіз елімізді бірлесіп құрып жатқан Қазақстан халқына ынтымағы мен ерік-жігері үшін алғыс айтамын. Қайырымдылық пен өзара көмек көрсету дәстүрінің одан әрі нығая түсетініне сенімдімін. Алғыс айту күнімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Барлықтарыңызға бақыт, отбасыларыңызға игілік, достық пен өсіп-өркендеу тілеймін» деп Қазақстан халқына алғыс айтты.

### ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ 23 БАБЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛЕДІ

Ақордада билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу жөніндегі жұмыс тобының кезекті отырысы өтті. Жиында Президент Н.Назарбаев Қазақстан Конституциясының 23 бабына өзгерістер енгізілетінін мәлімдеді.

Жұмыс тобының жетекшісі Ә.Жақсыбеков бұған дейін Конституцияға өзгерту енгізу жөніндегі қазақстандықтардың ұсыныстарын баяндап берген болатын. Жұртшылық аталған реформаларды талқылауда жоғары белсенділік танытқаны мәлім. Н.Назарбаев ел азаматтарының сын пікірлері билік жүйесінде кейбір кемшіліктердің бар екенін көрсететінін атап айтты. Елбасы барлық ұсыныстар ескеріліп, назардан тыс қалмайтынына сендірді. Жұмыс тобы маңызды мәселелерді іріктеп алып, мұқият айналысатын болады.

«Біз үшін бір айқын мәселе – Қазақстанның негізгі саяси моделі сақталады. Президенттік республика болып қала береді. Сонымен бірге мемлекеттік басқару жүйесі дәуір талабына сай болуы тиіс. Реформалардың нәтижесінде биліктің бір тармағы өкілеттігін толық иеленіп, дербес жұмыс істейді. Өкілетті биліктің Үкімет пен атқарушы органдарға бақылауы күшейеді» деді Елбасы. Бұл мемлекеттің кәсібилігін арттырумен қатар, Ата заңдағы «Биліктің бірден бір бастауы – халық» деген қағиданың іс жүзіндегі көрінісі болмақ. Негізгі заңдағы өзгертулер референдумсыз, парламентік талқылау арқылы енгізіледі.

Президент Конституцияның 23 бабына өзгеріс енгізілетінін айтты. Жалпы заңдарға 35 өзгеріс енгізу жөнінде ұсыныс бар. Осының барлығы Президенттік өкілеттіктерді басқа тармақтарға беруді көздейді. «Реформалар президенттік өкілеттіктерді биліктің басқа тармақтары арасында бөлу үшін жүргізіледі. Президенттік басқару жүйесі 25 жыл ішінде өзінің алдына қойылған міндеттерді толығымен орындады» деп түйіндеді Н.Назарбаев.

Ал Ақорда өзінің «Твиттердегі» парақшасында ҚР Президенті Н.Назарбаев ҚР Конституциясының 26-бабын ескі редакцияда қалдыруды ұсынғанын хабарлады.

### ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АЯСЫ КЕҢ БЕРМЕК

27 ақпанда Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Ресей Федерациясының Президенті В.Путинмен ресми кездесуі өтті. Кездесу барысында екі ел басшылары өзара ынтымақтастық мәселелерін және халықаралық тақырыптарды талқылады. Президент Н.Назарбаев Қазақстан мен Ресей қарым-қатынасында сенім мен түсіністік деңгейі жоғары екенін атап өтті.

Екі ел арасындағы дипломатиялық байланыстың орнағанына 25 жыл болды. «Тығыз ынтымақтастық арқасында біз Еуразиялық экономикалық одақты құрдық. Бұл оның барлық қатысушылары үшін маңызды әрі перспективалы құрылым деп санаймын» деді Қазақстан Президенті. Ресей еліміздің басты экономикалық серіктестерінің бірі болып табылады. Бүгінгі күні Қазақстанда Ресейдің 7 мыңнан астам кәсіпорнының өкілдіктері жұмыс істейді. Олар қайта өңдеу өнеркәсібін құруға да атсалысуда. Елбасы 2016 жылғы Санкт-Петербург қаласында өткен кездесу аясында құны 3 миллиард АҚШ долларын құрайтын 41 келісімшартқа қол қойылғанын атап айтты. Бірлескен кәсіпорындар құру арқылы екі елдің де алға қарай ілгерілеуіне қадам жасалуда.

Президент Н.Назарбаев күн тәртібіндегі халықаралық мәселелерге қатысты екі ел ұстанымының бірдей екенін айтты. Қазақстан мен Ресей БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі аясында ортақ міндеттерді іске асыруға бірлесіп күш жұмсап келеді. «Ресей Сирия қақтығысын реттеу жөнінде бірқатар шаралар қабылдады. Астанада келіссөз өткізу туралы ұсынысты да осы ел білдірген болатын. Жалпы осы және басқа да мәселелерді шешу үшін жыл бойы бірнеше кездесу өткізу қажет. Қазіргі барлық мәселелер достық негізінде шешілуде» деді Мемлекет басшысы.

В.Путин Сириядағы қақтығыстарды реттеу туралы астаналық келіссөздердің сәтті өткені үшін Н.Назарбаевқа алғыс айтты. «Бұл үдерісте Қазақстан тарапы жағымды рөл атқарды. Сіздің арқаңызда ешқашан болмаған нәтижеге қол жеткіздік. Әсіресе атыстың тоқтатылуына бақылау жасау тетігі табылды, бұл – ең басты мәселе. Енді бұл Женевада өтетін келіссөздерге негіз болады» деді Ресей Президенті. В.Путин жаһандық мәселелерді шешуде өзара қолдау қажеттігін жеткізді.

Президенттер кездесу соңында Еуразиялық одақ аясында жүргізілетін экономика саласындағы өзара іс-қимыл мәселелерін талқылады.

**Дина ИМАМБАЕВА**

ҮКІМЕТ

# Бірлескен жобаларды талқылады

**Қазақстан Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев «Росатом» мемлекеттік корпорациясының бас директоры Алексей Лихачевпен кездесу өткізді. Үкіметтің баспасөз қызметі тараткан мәлімдемеде кездесуге қатысушылар атом энергетикасындағы бірлескен жобаларға қатысты мәселелерді, сонымен қатар ресейлік атом компаниясының Астанада өтетін «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне қатысуы мәселелерін қарастырғаны айтылған.**

Ресей мен Қазақстанның уран саласында ынтымақтастық орнатуының маңызы зор. Өйткені әлемдегі уран қоры мол әрі уранды көп өндіретін алғашқы төрттікке Канада, Австралия, Қазақстан және Ресей кіреді.

Сонымен қатар «France Press» агенттігі де 26 ақпанда Иранның Атом энергиясы қызметінің басшысы Али Акбар Салехидің мәлімдемесін жариялады. А.Салехи Иранның алдағы 3 жылда Қазақстаннан 950 тонна уран концентрантын алуды жоспарлап отырғанын айтқан. Оның 650 тоннасы алдағы екі жылда екі партиямен жеткізілсе, қалған 300 тонна концентрант үшінші жылы алынады. Уран кені байытылғаннан кейін қайта Қазақстанға жөнелтіледі екен. А.Салехи Иранға санкцияны алып тастау бойынша әрекеттің бірлескен жалпы жоспарын іске асыру бойынша комиссия құрамындағы алты мемлекеттің бесеуінің (АҚШ, Франция, Германия, ҚХР және Ресей) келісімін алғанын, енді тек Ұлыбританияның жауабын күтіп отырғанын жеткізген. Егер осы мәселе шешімін тапса, уранды өндіру мен байыту Қазақстан мен Иран арасындағы қарым-қатынастардың да маңызды бағыты болмақ.

Жалпы Қазақстанның уранына қызығып отырған шетелдер көп. Қазіргі кезеңде бәсекеге қабілетті, экспортқа бағытталған салалардың бірі ретінде уран өнеркәсібін басымдықпен дамыту Қазақстанның индустриялық стратегиясының аса маңызды бағыттарының біріне айналды. МАГАТЭ деректеріне сәйкес барлық барланған әлемдік кен қорларының 19%-ы Қазақстанның жер қойнауында жинақталған. Қазақстан Республикасындағы уран қорларының бірегей ерекшелігі сол – олардың 75%-ы жер қыртысында қышқылданатын кен орындарында шоғырланған екен. Кен орындарының мұндай түрі әлемде өте сирек кездеседі және ол ең озық, арзан әрі экологиялық тұрғыдан қолайлы жер астында ұңғымен сілтілендіру тәсілімен игеріледі. «Nuclear Association» және «Nuclear Energy Institute» деректеріне сүйенсек, ядролық энергетиканың даму жағдайы қолайсыз болғанның өзінде 2020 жылға қарай реакторлардың қажетсінуі 60000 тонна уран мөлшерінен төмендемейді. Игеру тұрғысынан табиғи уранның барланған біршама арзан қоры, ядролық отын циклының жеке сатылары бойынша айтарлықтай ғылыми-өндірістік әлеуетке ие Қазақстанның әлемдік уран нарығында жетекші орын алуына толық мүмкіндігі бар.

**Сейілбек МҰСАТАЕВ,**
**шолушы, саяси ғылым докторы**

ОҢ БОЛСЫН!

# Серік Сәпиев – Мәжіліс депутаты

**Боксшы Серік Сәпиев «Нұр Отан» партиясының атынан Парламент Мәжілісінің депутаты болды.**

Серік Жұманғалиұлы Сәпиев 1983 жылы Қарағанды облысы Абай қаласында туған. 11 жасынан бастап бокспен шұғылдана бастаған Олимпиада чемпионы қазір халықаралық спорт шебері, Қазақстанның бокс бойынша еңбек сіңірген спорт шебері деген атақтары бар. Спорт бойынша ЮНЕСКО чемпионы атанған әлемдегі 13-ші спортшы. 2014 жылдың қарашасынан бастап «Astana Arlans» командасының бас директоры. Қазақстанға 2012 жылғы Лондон Олимпиадасында алтын жүлде алып берген спортшылардың бірі, Бейжің және Лондон Олимпиадасында бокстан құрама команданың капитаны болған.

Айта кетейік, Серік Сәпиев Алматыда өткен қысқы Универсиада ойындары кезінде Атлетикалық қалашықтың әкімі болды.

АЛҚА

# БАЙЛАНЫС ӘЛЕУЕТІ АРТА ТҮСПЕК

**Үкімет үйінде Президенттің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын іске асыру жөніндегі жұмыстарға арналған баспасөз мәслихаты өтті. Ақпарат және комму-никациялар министрі Д.Абаев министрліктің осы бағытта атқарған жұмыстарына тоқталды.**

Мемлекет басшысы цифрлық технологияларды қолдану арқылы мемлекеттік қызметтерді оңтайландыруды тапсырған болатын. Оның ішінде «Ашық Үкімет» арқылы билік пен халық арасында «кері байланыс» орнатуға және өзекті мәселелердің ұтымды шешімдерін табуға болатыны айтылған. Осыған орай Ақпарат және коммуникациялар министрлігі өз жұмысының бір басымдығы ретінде Қазақстанда ұялы байланыс және ғаламтор сапасын жақсартуды қолға алды. Министрдің айтуынша, 2017 жылдың соңына дейін республика бойынша 200-ден астам радиожиілікті станса бой көтеретін болады. «Бұл жоғары сапада цифрлы телерадио хабарларын таратуға мүмкіндік береді. Босаған жиіліктерді ұялы байланыс операторларына береміз» деді Д.Абаев.

Бүгінгі күні барлық облыс орталықтарында 4G стандартты мобильді интернет іске қосылған. Алдағы уақытта еліміз бойынша ұялы байланыс және мобильді интернет сапасы бұдан әрі жақсаратын болады. Министрдің деректері бойынша алдағы үш жыл ішінде шамамен 1300 ауылға оптикалық-талшықты желі тартуды қарастыратын жобалар іске асырылады. Сөйтіп, ауылдық жерлерде тұратын 2 миллионнан астам қазақстандыққа жоғары жылдамдықты ғаламтор қолжетімді болмақ. Тұрғындар ғаламтор арқылы кез келген ақпаратты алып, бейнебайланыс және тағы басқа онлайн-режимдегі мүмкіндіктерді пайдалана-тын болады. Әсіресе ауыл жастары үшін ғаламтордың көмегі ұшан-теңіз екені белгілі. Олар үшін әлемдегі жаңалықтармен қатар озық білімді игеруге кең жол ашылады. Ал ғаламтордағы теріс пиғылды сайттар мен жат көріністерге алаңдаушылыққа қатысты Д.Абаев «Балаларды қадағалау – тек мемлекеттің ғана емес, ата-аналардың да жауапкершілігі. Олар өз балаларына қандай да бір шектеу белгілегені жөн» деп жауап берді.

Бұдан былай ауылдықтар да «Электронды Үкімет» қызметін пайдалана алады. Бұл олардың цифрлық технологиялардың көмегімен мемлекеттік органдардың жұмысын бағалау және ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндіктерін кеңейте түспек.

**Д.ХАЛЫҚ**

**Алаш һәм Мұхтар Әуезов...**
**Абайды да, Әуезовті де мектеп қабырғасынан жаттап өскен жас буын үшін, тіптен өзін зиялы санайтын үлкендер таным-түсінігінде де бұл қос ұғым құлаққа тосаң естілері сөзсіз. Қазақтың бағына біткен ұлы Мұхаң «алашордашыл» алапес атынан 1932 жылы 10 маусымда кеңестік ресми БАҚ беттерінде жаздым, жаңылдым деп ант ішкен атышулы «Ашық хатын» жариялап ішінара арылса, 1949 жылы «Абай» романының алғашқы екі кітабына Советтер Одағының Мемлекеттік сыйлығын (I дәрежелі Сталиндік сыйлық) алған соң ғана тағына қонып, мәртебелі төрден орын алды. Осылайша ұлы жазушы, данышпан ойшыл көзі тірісінде бір-ақ мүшел – 12 жыл ғана басынан қиқу арылып, даңқ тұғырына көтерілді.**

# ҰЛТ ЖАЗУШЫСЫ – МҰХТАР ӘУЕЗОВ

ӘУЕЗОВ Мұхтар Омарханұлы (28.9.1897, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы – 27.6.1961) – ұлы ұлт жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым.

Ресейдегі саяси төңкерістер, Уақытша үкімет пен ел ішінде Алашорда халықтық кеңесінің құрылуы жиырма жасар Мұхтар өмірін күрт өзгертті. Ол Семейде «Алаш жастары» одағын құрып, түрлі бірлестік, үйірмелердің ашылуына ұйытқы болды. Ж.Аймауытовпен бірігіп жазған «Қазақтың өзгеше мінездері» атты тұңғыш мақаласы 1917 жылы 10 наурызда «Алаш» газетіне басылды. Алашорданың бірден-бір үні «Сарыарқа» газетінде (1917-19) жастарға бағытталған «Адамдық негізі – әйел», «Оқудағы құрбыларыма», «Қайсысын қолданамыз» сынды тырнақалды көсемсөздерін жариялады. Жас қаламгер 1918 жылы 5-13 мамырда Омбы қаласында өткен Жалпықазақ жастарының құрылтайына қатысып, осы жиында дүниеге келген алашшыл бағыттағы «Жас азамат» атты Бүкілқазақтық жастар ұйымының Орталық атқару комитетінің мүшесі болып сайланды.

1918 жылы ақпан-қазан айларында Ж.Аймауытовпен бірге алашордашыл қазақ жастарының ғылыми-әдеби һәм шаруашылық «Абай» журналын шығарып тұрды. Осы басылым бетіндегі жалынды жазбаларымен жастардың көсеміне айналды, ұлтшыл ой-пікірі мен қарымды қаламы қалыптасты. Алашорда таратылып, тыйым салынған соң М.Әуезов те басқа Алаш қайраткерлеріндей ұйымның астыртын жұмысына араласты.

Алашорда көсемдері мен мүшелеріне амнистия жарияланған тұста қазақ зиялылары бірте-бірте кеңес қызметіне тартыла бастады. 1919-20 жылдардың өліарасында М.Әуезов Семей губревкомының қазақ бөлімін басқарды, «Қазақ тілі» газетінің ресми шығарушысы болды. Газетке «Қазақ оқығандарына ашық хат» жазып, елдің мұң-мұқтажын жоқтайтын, ұлттың мүддесін қорғайтын, жаңа қоғамның оқу-ағарту жүйесін құратын, ұлыорыстық шовинизмге қарсы тұра алатын зиялы қауым жасақтап, екі дүниеге де қанық қазақ интеллигенциясын кеңес өкіметіне қызмет етуге шақырды.

1922 жылы 7 наурыз күні өзінің пікірлес досы, Қазақ АКСР-і ОАК-нің мүшесі С.Сәдуақасов екеуі РК(б)П ОК-нің арнаулы өкілі В.Г.Юдовскийге қазақ ұлтына большевиктер тарапынан қолданылып отырған жазалау мен шеттету саясатына қарсылықтарын білдіріп, комитет алдына: ұлттық теңсіздік пен сауатсыздықты, аштық пен жоқшылықты жою, отарлаушылар тартып алған жерлерді қазаққа қайтып беру және оған өзінің ежелгі иелерін қоныстандыру, өндіріс пен мемлекеттік қызметке қазақтарды тарту, іскағаздарын ана тілінде жүргізу және қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялау, ұлттық оқу-ағарту, ғылым, баспасөз саласына ерекше көңіл бөлу мәселелерін төтесінен қойды. Міне, осы хаттан соң М.Әуезовті саяси сахнадан шеттету науқаны басталды. РК(б)П қатарынан шығарылды, өз басы Тәшкен асып, бассауғалады (Алаш. Алашорда. Энциклопедия. Алматы: «Арыс» баспасы, 2009, 78-85-бб.).

Өмір бойы «салпаңқұлақтардың» аңдуында болған Мұхаң 1930 жылы 16 қыркүйекте қапас түрмеге қамалды, 1932 жылы сәуір айында үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру туралы үкімге кесілді. Атышулы «Ашық хатында» М.Әуезов өзінің қазақ әдебиетінің тарихы мен Абай зерттеулерінен, «Қарагөз», «Еңлік-Кебек», «Хан Кене», «Қилы заман» сынды сүйекті шығармаларынан бас тартатынын мәлімдеуге мәжбүр болды.

Заманында жас та болса бас болған М.Әуезовтің сол бір аласапыран жылдарда жазған отты мақалаларындағы Алаш ұранды ойларының бір парасы төмендегідей:

*Білім – бақтың жібермейтін қазығы, білімсіз бақ – әлдекімнің азығы.

*Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім.

*Әрбір мектеп нағыз ұлт мектебі болуы үшін екі діңгекке тіреледі. Біреуі – сол елдің тілі, екіншісі – тарихы.

*Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі.

*Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды.

*Адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген – әйел.

*Өнерпаз болсаң – өр бол.

*Жалған намыс қасиет емес, ар сақтаған – қасиет.

*Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза.

*Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле.

*Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек.

*Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге болады. Себебі ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани, ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады.

АЛАШ АМАНАТЫ
100 жыл

*Адам ірілігі – бір ыспат (сипат. – Ә.Ғ.) емес, ішкі-тысқы сан ыспат қасиеттерден құралады.

*Қиянатқа көнбе, әділдікке атса да көн.

*Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен.

*Ақыл – адам көрігі, ақылдың сабыр серігі.

*Бізде азамат сыны – ерлік, ерлік өзі – елдік сыны.

*Адам қуаныш үстінде қайғырып, қайғы үстінде қуана алмайды.

*Мәдениетті жұрттың ысылған тілімен айтқан тәтті күй, нәзік сезімдерін Абай қазақтың дүкен (ұстахана. – Ә.Ғ.) көрмеген жалпақ тілімен өзіндей тәтті қылып, сезімді қылып айтып берген. Сондықтан Абай қазақ оқушысының ойымен қатар, сезімін де тәрбиелеген. Қазақтың тіліне Абайдың сіңірген еңбегінің арқасында бұл тілдің барлық байлығы, орамдығы, өркениеттілігі табылған.

*Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да – Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой ұрғанда маған Абай деген сөз – қазақ деген сөзбен теңбе-тең түсетіндей кездер бар сияқты.

*«Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ахаң салған өрнекті біліп, Ахаң ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығын жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ахаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш.

*Мағжанды сүйемін. Еуропалығын, жарқырағын, әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қарақордалы ауылында туып, Еуропадағы мәдениетпен сұлулық сарайына оратылып барып жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп, сезгендей боламын. Мағжан – культурасы зор ақын.

*Бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін.

**Ғарифолла ӘНЕС,**
**профессор**

ФИБРАТ

# ЖАРАСЫМДЫ жалғастық

**Ғылым мен техниканың, өнердің қай саласында болса да, ер азаматтармен иық тірестіре қызмет етіп келе жатқан қайсар рухты қазақ қыздарының үлесі аз емес. Кешегі Тұмар ханым мен Зарина, Бопанай мен Домалақ ана, Айғаным мен Ұлпан сияқты аналардың ғажайып қасиеттері бойына сіңген, ғылымда да үздік жетістіктерге қол жеткізумен бірге аяулы жар, ардақты ана деген мәртебелі міндеттерін мүлтіксіз атқарып, қаншалықты ұлық болса, соншалықты кішік бола алар, дидарласқан адамын талантымен тәнті етіп, айналасына шуағын шашып жүрген қазақ қыздарын қалай мадақтаса да жарасады.**

Қазақ тілі деп аталатын бабалар мұрасының қыр-сырын зерттеп, ғажап та бай тіліміздің мүмкіндіктерін танытып келе жатқан ғалымдар тобының алдыңғы шебінде қазақ қыздарының да үлесі бар екенін мақтанышпен айтамыз. Қазақ тіл ғылымында өзіндік орны бар, өз бойындағы білімі мен қажыр-қайратын ұстаздық, ғалымдық жолға арнап, тілді құрметтеу арқылы ұлтты құрметтеудің ғажайып үлгісін көрсету нәтижесінде қайраткерлік дәрежеге жеткен қазақтың ғалым қыздары Рәбиға Сыздық пен Фазия Оразбаевалардың есімдері айрықша аталары хақ. Филология ғылымының докторы, академик Р.Сыздық – өткен ғасырдың екінші жартысында қазақ тіл ғылымында жаңұттай жарқ етіп қосылып, күні бүгінге дейін ғылымдағы бағыт-бағдары мен алған асуына, өмірлік принциптері мен адами қағидаттарына қылаудай сызат түсіріп көрмеген бекзат болмысты жан.

Ғалым қаламынан туындаған еңбектерінің мәні мен маңызы ерекше болғандықтан, зиялы қауым назарына бірден ілікті. Академик Р.Сыздық еңбектерінің ішіндегі ең шоқтығы биік туындысы– Абай шығармаларының тіліне қатысты зерттеулері. Тілді зерттеуді Алаш ардақтысы Абайдан бастауы да кездейсоқ емес. Бір ғылыми кеңесте ұлы суреткер М.Әуезовтің тілшілер қауымына қарата айтылған ескертпесінен соң, Абай тілі тақырыбы өз иесін айнымай тапқан еді. «Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері» атты кандидаттық, «Абай шығармаларының тілі» атты докторлық диссертацияларының нәтижесі ретінде ұсынылған «Абай шығармаларының тілі», «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы», «Абайдың сөз өрнегі» кітаптары мәдени-рухани қазынамызды байытқан құнды еңбектерге айналды. М.Әуезов «Әдеби мұра және оны зерттеу» еңбегінде: «Тіл мамандары мен әдебиетшілерге қатар айтар орынды, кенеулі ойы бар және сол ойды таратып айта аларлық тіл құдіреті мейлінше жеткілікті екенін аңғартты» деп Р.Сыздықтың алғашқы еңбегіне жоғары баға берген еді. Ғалымның тек Абай тіліне қатысты ғана емес, Д.Бабатайұлы, М.Өтемісұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Жабаев, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, М.Әуезовтердің тіліне қатысты зерттеулері де ғылым үшін бағасын жоймақ емес.

«Қадырғали Жалаиридың «Жами-ат тауарихының тілі», «Сөздер сөйлейді», «Сөз құдіреті» атты монографиялары тек қазақ үшін емес, бүкіл түркі жұрты үшін маңызды. Содан да болар академик есімін, ғылыми мәні жоғары еңбектерін отандық ғалымдар ғана емес, Қырғыз, Қарақалпақстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Түркия, Қытай мемлекеттеріндегі ғалымдар ерекше бағалайды.

Р.Сыздықтың қайраткерлік қасиетін танытатын тағы бір ерлігі А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Х.Досмұхамедов сияқты Алаш ардақтыларын ақтауға қатысты. Ғалымның өз сөзімен жеткізсек, Кеңес дәуірінің қызыл саясаты дәуірлеп тұрған заманда, яғни 1977 жылы «Қазақ тіл білімі 60 жылда» атты ғылыми конференцияда: «Идеологиялық тұрғыдан біздің жауымыз ба, жоқ па, оны білмеймін. Ғалым әрі коммунист ретінде шындықты айтар болсақ, ұлттық тіл білімінің негізін қалаушы – Ахмет Байтұрсынұлы» деп ашы шындықты қаймықпай айтты. Осылайша, еңбегін айтпақ тұрмақ, есімін атауға тыйым салынған Алаш қайраткерлерінің есімі мәртебелі мінберден қазақ қызының аузынан шықты. Сол заманда ақиқатты қаймықпай айтуға жасы бар, үлкені бар тілші ғалымдардың ортасында Р.Сыздықтың ғана жүрегі дауалады!

Осыған ұқсас тағы бір ерлігі – 2002 жылы Түркістан қаласында өткен түркі халықтарының конференциясында болды. Конференцияда көтерілген өзекті мәселенің бірі – ортақ тіл, термин мәселесі еді. Тағы да ғалымның өз сөзіне құлақ ассақ: «Ортақ тіл, термин деген не сұмдық? Алдыңғы одақтық ортақтықтан зорға құтылдық емес пе? Ондай қаулы алмаймыз!» - деп келістім. Жұртшылық ду қол соғып жіберді. Айта алмай отырған ғой». Орайы келген сәтте көпшілік көкейіндегі мәселені дөп басып, салиқалы сөз айта білу де ерлік. Ғалым Рәбиға Ғалиқызы осы қасиеттерімен қоса адами қалып, адамгершілік қасиеттері тұрғысынан да жан-жағындағыларын тәнті етіп келе жатқан тұлға. Ол жөнінде ғалымның әріптесі, ізбасар шәкірті, бүгінде өзі де тілші-ғалым қыздардың ортасынан озып шығып, Р.Сыздықтың ізімен қайраткерлік дәрежеге жеткен филология ғылымының докторы, профессор Ф.Оразбаева: «Адамгершілік пен ғалымдықты үнемі қатар алып жүру принципі Рәбиға Ғалиқызының өмірлік ұстанымы іспетті. Ғұмыр кешуді адамдар жанына изгілік нұрын шашу, айналасына қуаныш, бақыт сыйлау, ұрпақ тәрбиелеу, ұлтының шексіз сүю деп жанының бүкіл өмірімен ғибрат алуға болады» деп жазады. Расында да, қазақтың өр рухты ақындарының бірі Қ.Аманжолов Рәбиға апайға арнап айтқан: «Көп туса қазақ дәл Сіздей қызды....» деген өлең жолдарын замандастарының да, әріптестерінің де шәкірттерінің де арада жарты ғасыр өтсе де, өзгеріссіз қайталай бергісі келетіні тектің асылдығы, рухтың тазалығы мен биіктігі деп аталатын қасиетті ұғымдарда жатса керек.

Өз кезегінде академик Р.Сыздық: «Сүйер ұлың болса, сен сүй, Сүйінерге жарар ол» деп ұлы Абай айтқандай қазақтың қалың еліне еңбегі мен кісілік бейнесін таныта түсер, таныта берер ұл-қыздарымыз аз емес. Осындай әріптесімнің бірі, белгілі ғалым, жақсы ұстаз, жаны сұлу жайсаң жан, профессор Фазия Оразбаева. Филолог ғалым, әдістемеші ұстаз, өзі тұрғылас әйел затының үлгісі, үш перзенттің анасы, ардақты азаматтың қосағы» дей келіп, өмірде өзінің үлгісін алған әріптес сіңлісі, тіл және педагогика ғылымында, қоғамда өзіндік орны бар қазақ қызының ғалым және қоғам қайраткері ретіндегі, ұстаз, әйел, ана, жар ретіндегі көрген, естіген адам сүйсінетін тамаша қасиеттерін тарата айтады. Біз де өз кезегімізде тіл ғылымындағы қазіргі орта буынның көшбасшысына, жас буынның үлгі тұтарына айналған қайраткер тұлға туралы өз пайымдауымызды қысқаша баяндайық.

Тіл білімінде синкретизм (синкреттену) деп аталатын құбылыс бар. Грек тілінен аударғанда бірігу, қосылу деген ұғымды білдіретін бұл атау бір формада бірнеше мағыналарда берілуі деген мәнді білдіреді. Түбірлер тарихы синкретизмінен басталатын бұл ұғым тіл деңгейлерінің біразына тән. Ал қолынан бірнеше іс, өнер келетін жеке тұлғаны «бесаспап», «әмбебап» деп жатады. Ал бұл бесаспаптық ғалымның бойына, әсіресе тілшілер қауымында шоғырланса, оны «синкретті тұлға» деп атаудың біздіңше, еш айыбы жоқ.

Тіл білімін үйрету үшін, үйрену үшін, алдымен тілдің теориясын білу керек, екіншіден оны қалай оқытуды білу қажет десек, Ф.Оразбаева, алдымен «Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимиясы» деген тақырыпта кандидаттық, содан соң әдістемеден «Тілдік қатынас пен қатынас әдісінің ғылыми-теориялық негіздері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Осылайша тіл ғылымы мен әдістеме ғылымы синкреттелді.

– «Тілдік коммуникацияның негіздері», «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі» атты еңбектері қазақ тіл ғылымының өзіндік тіл жаңалығымен, көтерген проблемасы, оны шешудегі ғалымның ұстанымдары жағынан да сонылығымен ерекшеленді. Еліміз егемендікке қол жеткізіп, мемлекеттік тілді қай тұрғыдан оқытқан дұрыс деген сауал туындаған кезде әлемдік озық тәжірибелерді зерделеу нәтижесінде пайда болған – тілді қатысымдық тұрғыдан оқыту идеясы сананы селт еткізер жаңалық болғаны рас. Әлемдік тәжірибе демекші, соңғы жылдары орыс тілі, не орыс тілі арқылы шетелдік тәжірибені, теориялық-практикалық тұжырымдарды орынды-орынсыз пайдалану ісі белең алып бара жатқаны да бар. Ал ғалым Ф.Оразбаеваның ұсынған теориясы әмбебеп қағидаттармен бірге ұлттық құндылықтарды басшылыққа алуымен ерекшеленеді. Тілдік қатынас пен тілсіз қатынасты, тілдік тұлға мен қатысымдық тұлғаны қарама-қарсылық бірлікте алып, оның адам санасына, ойлауға, сөйлесім мен таңбаға қатысты қарастыру арқылы тілдік қатынас ұғымын концептілік деңгейге көтереді. Осы теорияның көшбасшыларының бірі ретінде ғылыми айналымға енгізген жаңа терминдері – оқылым, жазылым, айтылым, таңдалым, тілдесім, т.т. қазақ тілінің сөздік құрамын байытуға қосқан ғалымның жеке үлесі деп бағалауға болады.

Жоғары оқу орындарына арналған Мемлекеттік білім беру стандарттары, типтік бағдарламалардан бастап, мектеп оқулықтары, мемлекеттік тілді оқыпүйренушілерге арналған 36 кітаптан тұратын кешен сияқты жауапты әрі күрделі жұмыстардың басында Фазия Шамсиқызының есімі тұруы кездейсоқ құбылыс емес. Оның үстіне республикамыздың түпкір-түпкіріне қазақ және орыс тілдерінің теориялық мәселелері мен әдістемесіне қатысты ғылыми кадрлар даярлайтын докторлық диссертациялық кеңестің ауқымды да, жауапты жұмысын қосыңыз. ҚР Білім және ғылым министрлігі өткізген оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер дайындау жөніндегі конкурста «Білім» мамандығы бойынша «Қазіргі қазақ тілі» атты ұжымдық оқу құралы үздік деп танылып, қазір еліміздегі бүкіл жоғары оқу орындары студенттерінің сұранысына жауап беріп отырғандығын атап өту керек. Ал республикалық басылым беттеріндегі тіл, тәрбие, қоғамдағы маңызды оқиғаларға қатысты білдіріп жүрген сұхбаттары мен мақалаларының да маңызы жоғары. 1998, 2005, 2011 жылғы Қазақстан Республикасының Президенттікке кандидаттардан мемлекеттік емтихан қабылдау комиссиясының мүшесі болу мәртебесіне ие болған жалғыз қазақ қызы! Әрине, ғалым еңбегі елеусіз қап жатқан жоқ. Бірақ атақтан гөрі абыройды, даңқтан гөрі адамгершілікті өмірлік ұстанымы етіп алған жан үшін оның құны аса маңызды болмауы ғажап емес.

Тұла бойынан тектілік пен бекзаттықтың, қарапайымдылық пен парасаттылықтың лебі есіп тұратын, еңбеккорлық пен ізденімпаздықтың, жан сұлулығы мен рухани байлықтың жылы ұясы іспеттес осы бір қазақтың ардақты қыздарының, қазақ тіл білімінде қайраткерлік дәрежеге жеткен қос майталман ғалымының абзал қасиеттері бүкіл қазақ қыздарына жұғысты болғай!

**Тыныштық ЕРМЕКОВА**

ҚҰРМЕТ

## АҚЫН САРА – ЕЛ ЕСІНДЕ

**Талдықорған қаласында бүкіл қазақ жұртына Ақын Сара ретінде белгілі Сара Тастанбекқызына арналған ас берілді. Бұл басқосуда белгілі тележурналист Нұртілеу Иманғалиұлы жүргізді.**

Басқосудағы көтерілген басты мәселе – Ақын Сараның келер жылы аталып өтілетін 140 жылдығына дайындық жайы. Бұл жөнінде Алматы облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ұлықбек Есдәулет және басқалар ой бөлісті.

Шығып сөйлегендер мерейтойды мазмұнды өткізуге бар мүмкіндік бар екенін айтты. «Сараның сіңілілері, Біржанның інілері» деген тақырыпта ақындар айтысын ұйымдастыруға әбден болар еді» деген Н. Иманғалиұлының ұсынысы жиналғандар тарапынан қолдау тапты. Ақын апамыздың мұраларын жинақтап кітап шығару, «Мүшайра» өткізу, ең бастысы еңселі ескерткішін орнату секілді басқа да ойпікірлер өте орынды еді.

Ақын Сара әрдайымда ел есінде. Бұған дәлел сара сөздің иесіне арналған ескерткіштердің, көше, мектеп аттарының бар екендігі. Алайда заман өзгеріп, буын ауысып жатыр. Міне сондықтан да қазақтың біртуар ақын қызының есімін жаңғыртып, еске алып отыру парыз.

БӘРЕКЕЛДІ!

## ҚАЛАМГЕР МАРАПАТЫ

**Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Махмұд Қашқари атындағы «Түрік әлеміне сіңірген аса зор еңбегі үшін» Халықаралық сыйлықтың иегері Сәбит Досановпен кездесу өтті.**

Университет студенттері мен ұстаздары және қала тұрғындары қатысқан кездесуді аталған білім ордасының ректоры Махметқали Сарыбеков кіріспе сөзбен ашып, жүргізіп отырды. Сөзді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа жолдаған Үндеуі мен Жолдауы жайлы ой бөлісумен бастаған жазушы, бұл тарихи құжаттардың ел өміріндегі елеулі оқиға екендігін айтып, оның маңызына тоқталды. Бұдан кейін сұрақ-жауап бойынша өрбіген әңгіме – көптің көңілінен шықты.

Кездесу соңында университет ректоры М.Сарыбеков Ғылыми Кеңестің шешімімен жазушы Сәбит Досановты «Үздік табыстары үшін» белгісімен марапаттап, алтын медалды табыс етті.

КЕЗДЕСУ

## ЖАЗУШЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ

**Жақында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің студенттері белгілі прозашы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қуаныш Жиенбаймен кездесу кешін өткізді.**

Қаламгермен әңгіме тақырыбы еркін сұхбаттасуға құрылды. Қазақ әдебиетіндегі жаңалық, әлем әдебиетіндегі үрдістер, әдеби сын, жалпы оқырман талғамы туралы ортақ пікірталас өрбіді. Кездесу барысында Ұ.Біләл, Д.Балтабай, А.Қартбай өзөлеңдерін оқыды. Университеттегі М.Жұмабаев атындағы «Алқа» әдеби бірлестігінің алдағы жұмыс-жоспарларымен таныстырды.

Филология ғылымының докторы, профессор Р.Тұрысбек, жазушы Қ.Жиенбай шығармашылығына сәттілік тілеп, алғыс айтты.

БІЛІМ КӨКЖИЕГІ

## ПӘН ОЛИМПИАДАСЫ ӨТЕДІ

**Ертең Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен еліміздің мектеп бітіруші оқушылары арасында «Ы.Алтынсарин-2017» республикалық пәндік олимпиадасы өтеді.**

Байқау қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, физика, биология, география, тарих, химия және математика бойынша өтеді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер сәуір айында анықталады. Жоғары нәтижеге жеткен қыздарға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетіне түсуге жол ашылады. Олимпиадада жүлдегер атанған оқушылар оқу ақысына 90% жеңілдік беретін дипломмен марапатталады.

ЖИЫН

## Әкімнің есебі тыңдалды

**Талдықорғандағы Тіл сарайында Алматы облысының әкімі Амандық Баталов облыстық қоғамдық кеңес мүшелерінің алдында есеп беріп, «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңға сәйкес 2016 жылғы атқарылған жұмыстың нәтижелері және 2017 жылдың жоспарлары туралы баяндама жасады.**

Облыс әкімі өз сөзінде Үкіметтің кеңейтілген отырысында жарияланған Мемлекет басшысының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауынан туындайтын міндеттерді орындаудың 2017 жылға арналған жоспары жайлы кеңінен хабарлады. Облыс басшысының айтуынша, биылғы жылы жалпы өңірлік өнімнің көлемі 2,0% өсіммен 2 трлн. 379 млрд. теңгеге жететін болады. Ал ауылшаруашылығындағы жалпы өнім 603,9 млрд. теңгеге жетіп, 2,0% өсуі тиіс. Ақсу қант зауыты және басқа да маңызды нысандар іске қосылады. Олардың арасында жылыжайлар, көкөніс сақтау қоймалары, мал бордақылау алаңдары, сүт-тауарлы фермалары бар. Өңдеу өнеркәсібіне ерекше көңіл бөлінбек. Бұл орайда 2017 жылы өнеркәсіп өнімінің көлемін 665,4 млрд. теңгеге жеткізіп, 1,6% өсіру жоспарланған.

Бұдан әрі А.Баталов басым бағыттардың қатарында инвестиция тарту, Индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы шеңберіндегі жобаларды жүзеге асыру, жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындарын ашу істерін атап өтті. Облыс орталығын, жалпы облысты табиғи газбен қамтуға ерекше көңіл бөлініп, әлеуметтік салаға, мәдениет пен спортты дамытуға назар аударылады.

Мұнан соң облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Әлихан Тойбаев өткен жылы атқарған жұмыстары туралы баяндады. Облыс басшылығы тарапынан барлық қажетті қолдаулар көрсетіліп отырғанын айта келе, төраға кеңес жұмысы барысында туындаған мәселелердің дер кезінде шешілгенін, Қоғамдық кеңес мүшелерінің барлық ұсыныстары назарға алынып, жан-жақты қарастырылатынын жеткізді.

Кездесуге қатысушылар өз таратарынан өзекті мәселелерге қатысты сауал қойып, ұсыныстілектерін білдірді. Мәселен, тірек-қимыл аппаратына зақым келген мүгедектердің «Ерлік» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Роза Ақжаркенова облыстағы мүгедек спортшыларға жасалып отырған жағдайларға, инватакси жұмысына байланысты сөз қозғап, мүгедек балалар мен жастарға арналған оңалту орталығын ашудың қажеттілігін айтты. Облыс әкімі бұл мәселенің қарастырылып, жақын арада жобалау жұмысы басталатынын жеткізді. Тұрғындардың сауалдарына жауап берген А.Баталов өз тарапынан тиісті орындарға тапсырма берді.

**Аяжан ТІЛЕУБЕРГЕН**

## КӘСІПТІК БІЛІМГЕ МӘН БЕРІЛДІ

**Әнуар ТАРАҚОВ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, филология ғылымының докторы**

ЖАҢҒЫРТУ 3.0

Елбасының биылғы Жолдауында жаңа жаһандық болмысты қабылдау қажеттілігіне байланысты бірқатар маңызды басымдықтарға назар аударылған. Президент ел экономикасын технологиялық жеделдету үшін кәсіптік білім беру жүйесінде жаңа өндіріс орындарында жұмыс істейтін мамандар даярлау мәселесіне ден қою керектігін атап көрсетті.

Кәсіптік білім беру жүйесінің мазмұны мамандар мен жұмысшыларды оқыту, оларды қайта даярлау және біліктілігін көтеруді қамтитыны белгілі.

Жолдауға сәйкес тегін оқытумен ең әуелі жұмыссыз және өзін-өзі тиімсіз жұмыспен қамтыған жастар, сондай-ақ кәсіптік білімі жоқ ересек адамдар қамтылатын болады. Ауылда жастарды тұрақтандыру үшін нарық экономикасына сәйкес жаңа кәсіп түрлеріне оқытуға мән беріліп отыр. Бұл міндет өндіріс орындары мен кәсіптік білім беру мекемелерінің тығыз байланысы арқылы жүзеге асатыны белгілі. Елімізде жаңадан ашылған кәсіпорындарды білікті кадрлармен қамтамасыз ету осы оқу орындарына жүктеледі. Сондықтан мамандық жүйесінің бұл саласы мемлекеттік деңгейде айрықша көңіл бөлуді талап етуде. Әсіресе экологияны жақсарту және табиғаты тамаша өңірлерді, тарихи маңызды орындарды туризм орталығына айналдыру үшін соған лайық кәсіп иелерін даярлауды жеделдету жөнінде міндет қойылды.

Ендеше елімізде кәсіптік білім беруді дамыту, жақсарту осы салада мемлекеттік деңгейдегі жаңа ізденіс пен шешімдерді күтеді. Бұл бірінші кезекте, ауыл-аймақты өркендету үшін керек.

## ДАМУДЫҢ ЖАҢА САТЫСЫНА БАСТАҒАН ҚАДАМ

**Мұхтар ТӨЛЕГЕНҰЛЫ, ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті ШҚО бойынша Қазынашылық департаментінің басшысы**

Мемлекет басшысының Жолдауын насихаттау және халыққа түсіндіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Үкіметімен мемлекет және қоғам қайраткерлерінен тұратын республикалық ақпараттық топ құрылды. Аталған топ мүшелері аймақтарға шығып, Елбасының Жолдауын жан-жақты талқылау, негізгі бағыттарын түсіндіру үшін кездесу, дөңгелек үстел, жиналыс өткізуде.

20-21 ақпан аралығында республикалық ақпараттық топтың мүшесі – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті төрағасының орынбасары Айгүл Байғужина Өскемен қаласына келіп, Мемлекет басшысының Жолдауын түсіндіруде бірқатар кездесу өткізді. Атап айтқанда, Өскемен қаласының әкімдігінде банк секторының қызметкерлерімен және мемлекеттік мекемелерінің бас бухгалтерлерімен, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік техникалық университетінде және Қазақстан-Американдық еркін университетінде студенттермен және оқытушылармен, «Нұр Отан» партиясының Өскемен қаласындағы филиалында қала жұртшылығымен, жастармен және партия өкілдерімен кездесулер өткізді. Ол Елбасының Жолдауынан туындайтын міндеттерге орай экономикасы өркендеген және алдыңғы қатардағы 30 елдің қатарына ену жөніндегі бес басымдық туралы егжей-тегжей әңгімеледі, оларды іске асыру барысы талқыланды. Айгүл Байғужина елімізді жаңғырту үшін ең алдымен ауқымды қоғамдық қолдау және мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіру қажет екенін атап өтті.

ТІЛ ТҰҒЫРЫ – ҰЛТ ҒҰМЫРЫ

**«Ана тілі» газетінің №7 (1369) 16-22 ақпан 2017 жылғы нөмірінде филология ғылымының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының «Хал қалай, қазақ балабақшасы?» атты мақаласында қазақ балабақшаларындағы тіл мәселесі орынды көтерілген деп ойлаймын. Автордың айтқан ойларымен келісе отырып, балабақшаларға қатысты өзімді толғандырған бірқатар жайттарға тоқталсам деймін.**

# ӘР БАЛА АНА ТІЛІНДЕ ТӘРБИЕ АЛУЫ ТИІС

Алматы қаласында «Орбита» деп аталатын ықшамауданбар. Бұл ықшамауданның өзі «Орбита-1», «Орбита-2», «Орбита-3», «Орбита-4» деп бөлінеді. Кезінде мұнда 5 мектеп және 10 балабақша болатын. Сол жылдары осындағы зиялы қауым өкілдері қазақ мектебі керек деп бастама көтеріп, нәтижесінде №145 қазақ мектебі ашылды. Білім ордасының тұсаукесер салтанатында Қазақстанның халық жазушысы Хамит Ерғалиев сөз сөйлеп, бірқатар мәселелерді ортаға салған еді. «Соғыстан кейін үйлі-баранды болған біз – майдангерлер ұрпағымызды өз тілімізде оқытпақ болғанда осы Алматыда бір бүтін, бір ширек қана қазақ мектебі болды: бүтіні – №12 мектеп болғанда, ширегінің нөмірі 18-ші еді. Үйіме жақын тұрған сол ширек мектепке қызымды апарып едім, үш айдан кейін оны да жауып тастады. Бұл жамандықтың да бір жақсылығы бар шығар, бәлкім немереміз қазақ мектебінде оқитын да күн туар деген едім. Елдің ендігі ұрпағы өркениеті озық жұрттармен терезе теңестіретін болады. Сондықтан ашығын айту керек, сол ұрпақтың заңды өкілі бола алатын болашақ адамы осы мектеп қабырғасында өзін-өзі көрсетеді» деді. Иә, құдайға шүкір, зиялы қауым тізе қосып ашқызған бұл мектептен көптеген азаматтар түлеп ұшты.

Бүгінгі күні «Орбитадағы» №40 мектеп те қазақ тілінде білім береді. Екі мектепте біздің немерелеріміз оқиды. Оған, әрине, бек қуанамыз. Сол жылдары мектептің ашылуына көп еңбек еткен Тұрғанбай Мәткәрімов, Шәкір Бектасов, Орысбай Әбділдаев, Бекділдә Алдамжаров, Сайлаубек Жұмабеков пен Рахымжан Өтегенов сынды азаматтар.

Соғыстан кейінгі жылдары Алматыда бір ғана қазақ мектебі болды деп атам есіне алса, ал мен осыдан қырық жыл бұрын Алматыда бір ғана №204 деген қазақ балабақшасы болғанын білемін.

Біз Қарағанды университетінде қызмет етіп жүргенде тілі жаңа шыққан Айдар деген баламызды ауылдағы нағашыларына жібердік. Кейін Алматыға көшіп келген соң орыс балабақшасына орналастырдық. Қазақша емін-еркін сөйлеп жүрген баламыз бір айдан соң тек қана орысша сөйлейтін болды. Бір күні атасы «мыналар менің Күлпәт құдағиымның арқасында мұсылман болған баламды орыс қылатын болды» деп ренішін білдіріп, оны қазақ балабақшасына ауыстырды. Сөйтіп, баламыз Кенен Әзірбаев, Бауыржан Момышұлының немерелерімен, Смағұл Елубаевтің, т.б. белгілі адамдардың балаларымен бірге №105 балабақшада (бұрынғы №204) тағылымды тәрбие мен білім алды. Содан кейін 1980 жылы Шона Смаханұлы бастаған ел ардақтылары арқасында ашылған 6-ықшамауданындағы №86 қазақ мектебіне барды. Бұл мектептердің ашылуы өз алдына бөлек әңгіме.

Қазақ балабақшасының бүгінгі жай-күйі қандай, осы мәселе мені ұзақ уақыттан бері толғандырып жүр. Былтыр Алматыда өткен Тілдер фестивалінің салтанатты жиынында қала әкімі Бауыржан Байбектің жасаған баяндамасымен, ондағы мемлекеттік тілге байланысты атқарылып жатқан шаралар жөнінде баспасөз құралдары арқылы таныстым. Шаһар басшысы өз сөзінде Алматы қаласында қазақ тілінің дамуына қажетті жағдайдың бәрі жасалып отырғанын, тілдік ахуалды анықтау мақсатында жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша мемлекеттік тілді меңгерген қала тұрғындарының үлесі 78 пайызға жеткенін айтқан екен. Қазақ балабақшаларына қатысты сөзінде: «Бүгінгі таңда қаламыздағы мемлекеттік балабақшаларда қазақша тәрбие алатын балалардың үлес салмағы – 72 пайыз. Демек, әрбір 4 сәбидің 3-еуі қазақ балабақшасына барып, қазақ тілінде тәлім алуда. 2016 жылдың басынан бері Алматы қаласында 114 мектепке дейінгі балалар мекемесі ашылды, оның 5-еуі мемлекеттік болса, қалғаны жекеменшік балабақша» дегенін оқып, ерекше қуандым. Дегенмен, «Орбита» ықшамауданындағы қазақ балабақшаларының аздығы мені осы тақырыпты зерттеуге қадам бастырды. Сөйтіп, 10 балабақшаның жай-күйімен танысудан бастадым. Солар туралы шолу түрінде қысқаша баяндап өтейін.

Немерелерімізді №89 балабақшасының қазақ тобында оқыту үшін ереже бойынша кезекке тұрдық. Алайда қазақ тобы жоқ, ал орыс тобында орын болмай шықты.Содан «Орбита-4» ықшамауданындағы №89 бөбекжай-балабақшасына бардым. Оларда 5 орыс тобы, 2 қазақ тобы бар екен. Десе де ғимараттың жартысына «Лидер» деген жекеменшік орыс мектебі орналасыпты. Осы мақаланы жазар алдында бұл балабақшаға тағы бардым. Көшедегі «Лидер» деген жарнамасы алынғанымен, ғимараттың жартысы солардың еншісінде екен.

«Орбита-4» ықшамауданындағы келесі балабақшаның ғимараты қанша жылдан бері бос тұрған еді. Ал қазір жекеменшік «Солнышко» балалар орталығы болып ашылыпты. Мұнда тек орыстілді топтар ғана бар екен. Төлемақысы – 55 мың теңге. Басшысынан қазақ тобы жайлы сұрап білгенімде қазақтар қазақ тобына баласын беруге құлықсыз екенін, ал егер келіп жатса ашатынын айтты. Тіпті бір үйден екі бала болса, төлемақысы 100 мың теңге көлемінде баланына сендірді.

Әрі қарай «Орбита-2» ықшамауданындағы қазақ балабақшасына бас сұқтым. Ғимараттың жартысы «Алматы менеджмент және бизнес» жекеменшік колледжіне тиесілі болып шықты. 6 қазақ тобы барына шүкіршілік еттім. Бірақ бос орын жоқ. Бұл аудандағы тағы бір балабақшаға Бостандық ауданының соты орналасыпты.

Зерттеуімді жалғастыра отырып, «Орбита-1» ықшамауданындағы №80 балабақшасына келдім. Күрделі жөндеуге жабылайын деп жатқан бұл мекемеде 6 орыс тобы, 2 қазақ тобы бар екен. Ал «Орбита-3» ықшамауданындағы №286 деген балабақша ғимараты Балалар үйіне беріліп, бұл балабақша жабылған екен. №85 бөбекжай-балабақшасының жай-күйімен танысқанымда, мұнда биыл 4 орыс тобы, 7 қазақ тобы барын білдім. Бұл маңдағы бұрынғы балабақша қазір жекеменшік «ЭЛКО» деген орыстілді балабақша-мектепке айналыпты. №113 балабақшада 4 қазақ, 7 орыс тобы жұмыс істейді екен.

Осы орайда ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасымен де танысып шықтым. Сөзсіз, бұл бағдарлама балабақшаларға үлкен қолдау болғаны анық. Аталған құжаттың кіріспесінде: «1991 жылы 8743 балабақша болды, олардың жартысынан астамы (4868) «оңтайландыру» кезеңінде жекешелендірілген, бір бөлігі бос қалған, қираған. Тұтастай алғанда, 2000 жылға дейін республикадағы балабақшалар саны 1144-ке дейін азайды» дей келе, негізгі міндеті деп мектепке дейінгі ұйымдардың тапшылығы проблемаларын шешу үшін қажетті қаржылық-экономикалық жағдайлар жасау деп анық көрсеткен. Сонымен, Бостандық ауданы бойынша бұл бағдарламаны пайдаланып отырған балабақшалар тізімінде «Орбитадағы» орыстілді «Элко» және «Лидер» бар екен. «Элко» балабақшасынан бұл туралы сұрағанымда, «Балапан» бағдарламасы сырттан келген балаларға емес, тек өзіміздің топтарға қатысты деп қысқа қайырды. Ал «Лидер» мектебі бағдарламаны іске асыру үшін жеке топ ашқан екен.

Сонымен, «Орбита» ықшамауданындағы отыз жыл бұрын бой көтерген он шақты балабақшаны аралап, кейбір балабақшалар қазақ тілді топтарды ашу, оны дамытуды дұрыс санайтынын аңғардым. Тіпті қазақ топтарын ашудың еш қажеттігі жоқ деп санайтын азаматтарды да кездестірдім. Сонда қалай, ел болашағы – балалардың қолында десек, оларға патриоттық тәрбие беру, ұлтжанды азамат етіп өсіру тікелей қазақ балабақшасынан басталады емес пе?! Зерттеу жұмысымды сараптасақ, бұл балабақшалардың үшеуі ғана толық мемлекеттік балабақша (оның біреуі күрделі жөндеуге жабылайын деп тұр); екеуі жартылай, себебі екінші жартысы – ширек ғасыр бұрын жекешеленіп ақылы мектеп және колледж болып кеткен; екеуі толық орыстілді жекеменшік балабақша мен мектеп; қалған үшеуі қазіргі таңда балабақша емес.

Балабақшалардағы қазақ топтарының үлесі 37 пайызды ғана көрсетті. Бұл көрсеткіш, әрине, әлі де аз. Осы тақырып төңірегінде ата-аналармен де тілдестім. Сонда аңғарғаным, қазақ мектебіне барған кейбір балаларды бағдарламаның күрделілігіне байланысты қайта орыс мектебіне ауыстырып жатыр екен. Себебі балалардың көпшілігі орыстілді балабақшадан тәрбиеленіп, қазақ мектебіне барған көрінеді. Осылай жалғаса берсе, аталарымыздың қуанаға ашқан қазақ мектебі қайтадан аралас мектеп немесе орыстілді мектеп болып кете ме деген қауіп бар екенін жасырмаймыз.

Сондықтан «Орбита» ықшамауданының тұрғындарының атынан қалалық әкімшілікке айтар ұсынысымды алға тартқым келеді. «Лидер» жекеменшік мектебі мен Алматы менеджмент және бизнес колледжі мемлекеттік балабақша ғимараттарын босатып, оның орнына қазақ топтары ашылса құба-құп. Сонда осы аймақтың қазақ топтарының үлесі 50 пайызға жақындаушы еді.

Бала тілі ең алдымен ана тілінде шығу керек. Қазақ тілінің болашағы үшін алаңдасақ, қазақ балабақшаларын қолдауды, қазақ топтарын көбейту мәселесі әрқашан назарда тұру керек.

**Алтын ЖАҒЫПАРҚЫЗЫ,**
**ҚР Білім беру ісінің үздігі,**
**Ы.Алтынсарин медалінің иегері**

ЖҮЗДЕСУ

# Түркиялық әріптестер – «Қазақ газеттерінде»

**«Қазақ газеттері» ЖШС-іне қарасты басылымдардың еларалық байланыстары жылдан-жылға нығайып келеді. Жуырда бауырлас түрік елінің қабырғасы 1453 жылы қаланған ең ежелгі жоғары оқу ордасы – Ыстанбұл университетінің журналистика факультетінің деканы, профессор, ғылым докторы Ергүн Иолджу мен осы факультеттің кафедра меңгерушісі, доцент, ғылым докторы Өнур Акиол «Қазақ газеттері» ЖШС-нің қонақжай шаңырағында болды.**

Шетелдік әріптестермен болған кездесу барысында «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры – Редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек Кенжалин серіктестік құрамындағы басылымдардың өткені мен бүгіні, көтеріп келе жатқан көкейкесті тақырыптары турасында әңгімелеп берді. «Жаһандану заманындағы ақпарат нарығының заңы қатал, бәсекесі қатаң, мұның өзі журналистерімізден ілкімділікті, қаламгерлік шеберлік пен жаңа, өскелең үрдістерге ұмтылысты талап етуде» деп атап көрсетті ұжым басшысы. Қазіргі заманғы бұқаралық ақпарат құралдарының хал-ахуалын және мазмұндық-мағыналық бағыт-бағдарын тілге тиек еткен республикалық «Ақиқат» және «Мысль» журналдарының бас редакторлары Аманхан Әлім мен Аяған Сандыбай, «Ана тілі» газетінің бас редакторы Самат Ибраим түбі бір түркі елдері қаламгерлері бірлігінің қажеттігіне тоқталды.

Түркиялық журналист-ғалымдар «Түркі әлемінің медиаорталығын» ашу мәселесін көтеріп, бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларын дамытуды және ғылыми байланыстарды жолға қою қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ академиялық ұтқырлық бойынша студенттер алмасу да маңызды. Түркия Республикасының «Мевлана» бағдарламасы бойынша қаржыландырылатын жобаларға қазақстандық әріптестердің қатысуы күн тәртібінде тұр. Бұл орайда Ыстанбұл университетінде «әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығы» ашылса, Қазақ ұлттық университетінде «Түріксой» кафедрасы шаңырақ көтерді.

Басқосуда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубек, осы факультеттің баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының меңгерушісі Жетпісбай Бекболатұлы сөз сөйлеп, өз ойларын ортаға салды. Ал факультет ұстаздары Шарипа Нұржанова мен Гүлнар Мұқановалар тілге тиек етіліп отырған игі шаралардың келешегіне көз жіберді.

**Нұрлыайым ДАНАЕВА,**
**әл-Фараби атындағы**
**ҚазҰУ журналистика**
**факультетінің докторанты**

ШАРА

# АРТУРДЫҢ қазақшасы қуантты

**2015 жылы елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясының жиырма жылдығына орай «Мың бала» жобасы қолға алынған болатын. Игі істің бастамашысы – республикалық Ассамблеяның атқарушы хатшылығы. Шараның басты мақсаты – өзге ұлт өкілдері балаларының мемлекеттік тілді меңгеруіне ықпал ету.**

Елбасының сындарлы саясаты нәтижесінде Қазақстанда 48 мектепте оқыту этностар тілдерінде жүргізілуде, бұдан өзге 160-тан астам жексенбілік және лингвистикалық мектептер жұмыс істейді. Ассамблея ұйытқы болған «Мың бала» мәдени-ағарту жобасы нәтижесінде өзге ұлт өкілдерінің 109 мың баласы мемлекеттік тілді меңгеріп шықты.

Облыс орталығындағы «Қазақстан халқы Ассамблеясы» ғимаратында халықаралық Ана тілі күніне орай өткізілген дөңгелек үстелде осындай жағымды деректер айтылды. Ақтөбе облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының атқарушы хатшылығының меңгерушісі Бұлбұл Елеусінова, Ақтөбе облысы тілдерді дамыту басқармасының бөлім басшысы Қайрат Сұлтаналин, «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымы төрағасының орынбасары Жанғабыл Қабақбаев өңірде мемлекеттік тіл саясатының жүзеге асырылуы туралы сөз етті.

Дөңгелек үстелге қатысушылар Ақтөбе қаласының іргесіндегі Бекқұл баба ауылынан келген Артур Мирошниченконың сөзін әсерлене тыңдады. Ол бірыңғай қазақ тілінде дәріс беретін Красносель негізгі мектебіне екінші сыныпта тіркеліп, қазіргі күнде тоғызыншы сыныпта оқиды. Мұғалімі Жанна Шатыбаева шәкіртінің тәртіптілігін, тілімізді меңгеруге құлшынысын сүйсіне айтты. Шынында ұлты орыс Артурдың мүдірмей сөйлеп, өленді нақышына келтіре орындағаны сүйсінерлік.

Облыста тіркелген 18 ұлттық этномәдени орталықтар жанында алты жексенбілік мектеп соңғы он бір жыл бойына тұрақты кесте бойынша жұмыс істеп келеді. Үстіміздегі оқу жылында тіркелген 240 балаға мемлекеттік және өз ана тілдерінде дәріс беру қалыптасқан дағдымен бюджет есебінен әлеуметтік тапсырыс есебінде жүзеге асырылуда. Бұдан өзге қазақ мектептерінде өзге ұлт өкілдерінің 636 баласы білім алып жүр.

**Ж.ҚАБАҚБАЕВ,**
**Қазақстан Республикасы ақпарат**
**саласының үздігі**

ҰЛЫ ДАЛА АТАУЛАРЫ

# ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

## ШАРДАРА АУЫЛЫ

**Шардара ауданы** – облыстың оңтүстік-батыс бөлігіндегі әкімшілік-аумақтық бірлік. Жерінің аумағы – 13 мың шаршы шақырым. «Шардара» сөзі көне парсы тілінен аударғанда «Төрт қақпа» («чор» – төрт, «дора» – қақпа) деген мағынаны білдіреді. Ғалымдар жазбаларынан қазіргі Шардара қаласының үш тұсында егіншілігі, қолөнері, мәдениеті дамыған, отырықшы тұрғындары бар үш қала өмір сүргенін көруге болады. Жүргізілген археологиялық қазба зерттеулерінің мерзімі мен ретіне қарай, шартты түрде «Екінші Ақтөбе» деп аталатын қалашық қазіргі аудан орталығынан 15 шақырымдай жоғарыда, Сырдарияның оң жағалауында орналасқан. Зерттеушілердің пайымдауынша, I-V ғасырлар аралығында өмір сүрген қалашық үш бөліктен: орталығы, қорғаны және шағын сарайдан тұрған. Қазба жұмыстары кезінде табылған қыш құмыралар, құтылар, тостақтар, ыдыс-аяқтар дән, шарап, су сақтауға пайдаланылған. Сондай-ақ алтын сырға мен мыс сақиналар, алебастрдан жасалған әйел құдайын бейнелейтін мүсіндер қалашықтың өмір сүрген кезеңін дәл анықтауға мүмкіндік береді.



**Шардара қаласы.** 1968 жылдан бері қарай аудан орталығы болып келеді. Облыс орталығы – Шымкент қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 300 шақырым жерде, Сырдария өзенінің оң жағын ала, Шардара бөгенінің жағасында орналасқан.Шардара қаласының аумағында VIII ғасырда егіншілігі, қолөнері, мәдениеті дамыған отырықшы тұрғыны бар үш қала қамал болған: Бірінші Ақтөбе, Екінші Ақтөбе, Жаушықұмтөбе. 1959-1968 жылдар аралығында Сырдария кенті деп аталған.

**Қ.Тұрысбеков атындағы ауылдық округі.** Қ.Тұрысбеков ауылдық округі бұрынғы Шардара ауылдық округі, ауыл атауы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі мен облыстық мәслихаттың 2007 жылғы 31 мамырдағы №33/361 – III бірлескен шешімі негізінде ауыстырылды. Ауылдық округ Шардара қаласынан солтүстікке қарай Сырдария өзені мен Қызылқұм каналы аралығында орналасқан. 1957-1996 жылдары «Қаракөл» ғылыми-өндірістік бірлестігінің «Шардара» кеңшарының орталығы болған. Ауылдық округтің құрамында Ақберді, Бимырза, Бозай, Қуанқұдық, Пішентөбе, Шардара елді мекендері бар.

**Қоссейіт ауылдық округі.** Қоссейіт ауылдық округі аудан орталығынан солтүстікке қарай орналасқан. Ауыл атауы кеңестік дәуір кезеңінде «Восход» ауылы аталып келген. Қоссейіт (Қосшейіт) – жаугершілік заманда қос азаматтың қайтыс болған төбесі, мекені деседі. Ауыл 1965-1998 жылдары күріш өсіретін кеңшар орталығы болған.

**Көксу ауылдық округі.** Көксу ауылдық округі аудан орталығынан солтүстікке қарай 35 шақырым жерде, Сырдария өзені мен Қызылқұм каналының аралығындағы Шардара даласында бұта, көкпек, баялыш, т.б. шөптер өскен қуаң далада орналасқан. Іргесі 1940 жылы ұйымдасқан «Көксу» қаракөл кеңшары орталығы ретінде қаланған. Ауылдың атауы ежелгі дәуірден және орта ғасырлардан сақталған «Көксутөбе» аталған қоныс орнының атауымен аталған. Көксутөбені 1949 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеген. Кейін 1982 жылы Шымкент педагогикалық институты жанындағы археологиялық топ зерттеу жұмыстарын жүргізген. Табылған заттар Көксутөбені мекендеген халықтың I-XII ғасырларда өмір сүргендігін дәлелдейді. Көксутөбе ескі керуен жолының бойында сауда-саттық қатынастардың қажетін өтеп отырған.

Ауылдық округ құрамында Айдаркөл қашары, Баспанды, Жоласар, Нәлібай, Көксу елді мекендері бар.

**Ұзына ауылдық округі.** Ұзына ауылдық округі аудан орталығынан солтүстікке қарай 55 шақырым жерде, Қызылқұм каналының бойында орналасқан. 1969-1996 жылдар аралығында Комсомол күріш кеңшарының орталығы болып, Комсомольское ауылы аталып келген. 1994 жылы ауылдан 8 шақырым жерде орналасқан Ұзына ортағасырлық ескерткішіне байланыстырылып, Ұзына ауылдық округі аталған. Ұзына мазары порталды-күмбезді құрылыстар қатарына жатады. Порталдың төменгі жағында араб әріптерімен 778 х.ж. (1377) қайтыс болған Дүрманның ұлы Шермұхамед Халім жерленгені жайлы жазылған. Мазардың ортасында ұзындығы 5 метр болатын сағана жатуына байланысты тұрғындар Ұзына мазары атап кеткен болу керек.

**Ақшеңгелді ауылдық округі.** Ауылдық округ аудан орталығынан солтүстікке қарай 100 шақырым жерде, жусан, көкпек, жүзген, шөп араласа өскен шөлді далалық белдемде Шардара – Түркістан автомобиль жолының бойына жақын орналасқан. Құрамында Егізқұм елді мекені бар. Елді мекен атауы ауылдың Қызылқұм жиегінде орналасқан бір-біріне ұқсас екі құм төбешік болуына байланысты қойылған. Аумақта туып өскен қариялардың айтуына қарағанда, осы құм төбешіктердің көне атауы «Егізқұм» болған екен. Қазақ КСР-інің 60 жылдығы елді мекеніне Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 14 шілдедегі №217 қаулысы мен облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 7 шілдедегі № 8/111-IV шешімі негізінде Егізқұм атауы берілді.

**«Оңтүстік Қазақстан облысындағы жер-су, елді мекен атауларының қысқаша тарихы» кітабы бойынша дайындаған өлкетанушы Молдияр СЕРІКБАЙҰЛЫ**

ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ТУҒАН ТІЛ

**Қазіргі кезде электронды бұқаралық ақпарат кеңістігінде «интернет тілі» деген жаңа ұғым пайда болды. Бұл ғаламтордағы сөз қолданысына, тіл мәдениетіне, оның айналасындағы өзге де мәселелерге қатысты екені белгілі. Сонымен қатар әлемдегі тілдердің даму кеңістігі де осы ғаламторда алатын орны мен үлес-салмағына байланысты бағаланып жататын жайттар да аз емес. Мәселен, зерттеуіміз бойынша дүниежүзіндегі халықтың 83 пайызы ғаламторда он тілді кеңінен қолданады екен. Олардың арасында ағылшын, испан, француз, неміс, араб, қытай, жапон, корей, орыс және т.б. тілдер бар.**

# ҒАЛАМТОР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА КЕҢІСТІГІ

Әрбір тілдің бәсекеге қабілеттілігі, ғаламтор пайдаланушылары арасындағы қолданыс көрсеткіші артқан сайын ол тілдің танымалдылығы да арта түсетіні мәлім. Бұл орайда біз ғаламтор кеңістігіндегі қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге мән бере қарауымыз керек.

Ағылшын тілі дүниежүзі бойынша ақпараттық технологияларды тұтынушыларға әсер етуші фактор болып отырғаны мәлім. Алайда ағылшын тілі жаһандық, электрондық коммуникация тілі, компьютер, ғаламтор тілі болғанының өзінде, оның да тілдің қолданылу сапасына, сөз мәдениетіне тигізер кері әсері де жоқ емес. Мәселен, аталған тілдің мамандары «электронды ағылшын тілінен» сақтану керек деп дабыл қағуда. Олар виртуалды әлемдегі ағылшын тілінің шұбарланып бара жатқанын айтып, ауызша және жазбаша тілдің тазалығын сақтауға, сөз мәдениетінің талаптарын бұзбауға шақыруда.

Ғаламтордағы қазақ тілінің жай-күйіне келсек, компьютерлік тіл (сленг, жаргон, т.б.) сияқты құбылыстардың кейбір көріністері пайда болуда. Ақпараттық технологиялар саласының қазақшасы кейінгі жылдары ғана орнығып келе жатқанымен, тілбұзарлық үрдістерге барынша сергек қарағанымыз абзал.

Қазақ тілінің қолданыс аясын арттыруға ықпал ететін веб-сайттардың саны мен сапасы туралы сөз қозғағанда, осыдан шамамен 10 жыл бұрын қазақша сайттар саусақпен санарлықтай ғана болатын. Ал бүгінде әрбір БАҚ, мемлекеттік органдар, ғылыми, білім беру, т.б. мекемелер, жоғары оқу орындарының, тіпті жас ерекшелігіне арналған, түрлі салаларға қатысты қазақ тілді сайттардың саны артып, сапасы жетіле бастағанын аңғарамыз. Тұтынушылар жиі қадағалап, электронды парақтарын ақтарып отыратын көбінесе саясат, мәдениет, қоғам, ғылым, білім, өнер, тіл, т.б. мәселелерге қатысты сайтар басымдыққа ие. Оқылым статистикасы бойынша «abai.kz», «azattyq.org», «baq.kz», «ult.kz», «mtdi.kz», «massagan.com», «qazaquni.kz», «qamshy.kz», «masa.kz», «elim-ai.kz» және т.б. сайттарды атауға болады. Бұлардың қатарына шетелдегі қандастарымыз бен сол елдерден Қазақстанға қоныс аударған қазақтардың арасында танымал сайттарды да қосуымызға болады («kultegin.com», «bozbala.com», «kaznews.mn», т.б.).

Жастардың көпшілігі пайдаланатын сөздердің түсіндірмесі, энциклопедиялық мәліметтер берілетін, музыка, бейнебаяндар, онлайн режімінде фильмдер көрсетілетін сайттар бар («wikibilim.kz», «kitap.kz», «kk.wikipedia.org», «kazmuzic.kz», «kaztube.kz», «massaget.kz», «aynaline.kz», «h-tirlik.kz», «bilimland.kz», «Szh.kz», т.б.). Соңғы жылдары жас мөлшеріне, көзіпке, саясат, өнер, музыка, шоу бизнес, т.б. байланысты қазақ тіліндегі контент, әлеуметтік желілер де кеңінен қанат жайып келеді.

Тақырыбымызға орай, қазақ тілінің қолданысында айқын көрінетін кейбір мәселелерге аз-кем тоқталып өтейік.

Біріншіден, компьютер мен ақпараттық технологиялар саласындағы лексика негізінен ағылшын тілінің терминдері, әрі олар тек орыс тіліндегі бейімделген нұсқасы бойынша қолданылып отыр. Ондағы терминдерді былайша топтастыруға болады: а) компьютерлік құрал-жабдықтар атауы (*сканер, принтер, модем, монитор, дисплей, факс, плоттер, CD-ROM, DVD, ноутбук, ультрабук, нетбук,* т.б.); ә) бағдарламалық қамтамасыз ету (*жабдықтаманы, жасақтама, қамтым* деген жарыспалы нұсқалар да бар), операциялық және процессорлық жүйе т.б. түрлерін атайтын сөздер (*драйвер, интерфейс, максротар, мультимедия, пентиум, сервер, софт, стек, кэш,* т.б.); б) ғаламтор желісіндегі атаулар (*админ, баннер (banner), веб-мастер, интернет-магазин, интерфейс, контент, онлайн, оффлайн, домен, логин, аккаунт, интерфейс, ір-адрес, сервер, сайт, блог, браузер, брэндинг, индексация, модем, провайдер, портал, скрипт, тэг, фрэйм, хакер, хост, хостинг, чат, юзабилити, рунет, қазнет,* т.б.); в) әртүрлі өлшем бірліктердің атауын білдіретін сөздер (*гигабайт, байт, килобайт, мегабайт, пиксель, кластер, слот, файл,* т.б.).

Компьютер саласында қазақы терминдер аздау болғанымен, кеңінен қолданысқа енгендері де бар: *ғаламтор, бағдарлама (программа), бағдарламашы, желі (сеть), желілік, желі ішілік, жүктеу, бұғаттау, сақтау, пернетақта, тінтуір, аналық жад, қатқыл диск, жасақтама, жеке парақша (жеке),* т.б. Информатика саласындағы «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздікке» (2014) сүйенсек, төл терминдердің саны арта түскен. Алайда іс жүзінде олардың қаншалықты қолданыста екендігі белгісіз. Ақпараттық технологиялар саласы кейінгі жылдары ғана қазақ тілінде қолданылып келе жатқандықтан, бұл саладағы қазақша терминдердің сирек болуы уақытша үдеріс деп үміттенеміз. Алдағы уақытта біртіндеп қазақы терминдердің қолданысы жиілеуіне, ағылшын т.б. шетелдік терминдердің тікелей сол тілдерден тіліміздің табиғатына икемдеп алу жағына мән берілу керек деген ойдамыз.

Мәтіндердің тілдік ерекшелігіне мән берсек, жаргон, сленг көп кездеспегенімен, шартты қысқартулар, көңіл-күйді білдіретін түрлі белгілер жиі ұшырасады. Сөз толық немесе қысқартылып жазылып, кейде ойдың шұбалаңқылығы немесе тым қарапайымдылығы байқалады. Бұл тілдік үдерісті сөйлеу тілінің жазбаша формасы ретінде қарастырсақ та, сөйлемдерді сауатты құрауға мән бергеніміз жөн.

Қазақ тілді сайттардың басым көпшілігі мемлекеттік органдар, мекемелер мен БАҚ сайттарына тиесілі. Алайда мемлекеттік сайттардағы негізгі мәлімет орыс тілінде жазылады да, қазақшасы көбіне жаңартылмайды немесе тиісінше жұмыс істемейді. Қазақ тілді сайттар туралы «mtdi.kz» сайтындағы мәліметтерге қарағанда, «қазақтілді интернет кеңістікте бар-жоғы 300-ге жуық сайт болса, олардың 15-20 пайызы ғана белсенділікке ие. Ал қалғандары мекеменің немесе ұйымның атын шығару үшін жасалған, жарнамаға ғана арналған сайттар» (27.09.2013) екен. Бұл үрдіс әлі де жалғасып келеді.

Тағы бір байқайтынымыз, бірқатар мемлекеттік орган, мекеме сайттарының атаулары орыс тілінде қалыптасқандығы. Осыған орай сайттың атауы ресми болып табылатын болса, атау беруде қандай қағида бар? Неге атаулар бірыңғай мемлекеттік тілде жазылмайы? Осы жағы да назар аударарлық мәселе. Неге екені белгісіз, бірқатар мемлекеттік органдар сайттарының атаулары мемлекеттік емес, ресми тілде жазылады. Мәселен, қаржы министрлігінің ресми сайты – «www.minfin.gov.kz»; Денсаулық сақтау министрлігінің сайты – «www.mz.gov.kz»; Мемлекеттік сатып алу порталы – «www.goszakup.gov.kz»; Ішкі Істер Министрлігінің сайты – «mvd.gov.kz»; Алматы қалалық статистика департаменті – «www.almaty.gorstat.kz», т.б. мұндай деректер іздесек табыла береді.

Ал кейбір мемлекеттік мекемелер сайттарының қазақша жазылуы құптарлық жайт. Мәселен, *Орталық коммуникациялар қызметі* – «www.ortcom.kz», Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі – «www.adilet.gov.kz», ҚР Үкіметі – «www.ukimet.kz», Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын Сараптау ұлттық орталығы – dari.kz т.б. Біздің ойымызша, веб-сайттың атауы мемлекеттік органның ресми атауы болғандықтан, мемлекеттік тілде жазылғаны дұрыс.

Ал қазақ тілді БАҚ сайттарының қазақшасын үлгі етуге болады. Көбіне ғаламторды пайдаланушылар осы сайттарды қолданады. Соңғы жылдары газет-журнал, оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары өз сайттарын жасап, бұқаралық жаңа сайттар қатары да көбейді.

Қазіргі бірқатар сайттардан мақалаларды кирилл қаріптерімен қатар латын және төте жазуында қатар оқуға болады. Бұл тәжірибе республикалық «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Түркістан» газеттерінің сайтында, «abai.kz», «baq.kz», «ult.kz» электронды ақпараттық порталдарында қолданысқа енген. Жалпы кез келген веб-сайттағы материалдардың үш қаріппен берілуінің өзіндік артықшылығы мен тиімді тұстары бар. Себебі сайттың таралу географиясы, оқырмандар аудиториясы да кеңейе түседі.

Қорыта айтқанда, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметін дамыту үшін нақты шараларды қолға алып, ғаламтордағы қолданыс аясын кеңейтіп, бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқарылуы қажет.

**Алмас ҮДЕРБАЕВ,**
**Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің ассистент-профессоры, филология ғылымының кандидаты**

ИГІ ІС

**Биыл «Алашорда» қозғалысының құрылғанына 100 жыл. Осыған орай «Қамшы» ақпарат агенттігі Алаш арыстарын ұлықтау мақсатында үлкен бастама көтерген болатын. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың туған күні 5 наурызда Алматыдағы А.Байтұрсынұлы мұражайында Алаш арыстарына арнап ас беруден басталатын бұл шаралар жыл бойы жалғаспақ.**

# АЛАШ МҰРАТЫНА АДАЛДЫҚ

Үкімет деңгейінде атқарылатын шаралардан бөлек қоғам тарапынан да белсенділікті талап ететін бұл іске әр азаматтың атсалысуы маңызды. Осы ретте «Қамшы» ақпарат агенттігінің жетекшісі Біләл Қуаныш «Бүгінгі ұрпақ жасауға тиісті жұмысты мемлекетке ғана қарап отырмай, әр қазақ қолынан келгенінше қам жасауы қажет. Сол мақсат үдесінде қал-қадерімізше «Алашорданың» 100 жылдығын жыл бойы атап өтсек деген шешім қабылдадық» дейді. Бұған дейін бірліжарым жекелеген еске алу шаралары болмаса бүкіл Алаш арыстарына арнап үлкен ас берілген емес. 5 наурыздағы ас осы олқылықтың орнын толтыруды әрі көне дәстүрдің бірін жаңғырту арқылы ұрпақтардың разылығын білдіруді көздейді.

«Жүз жылдыққа – жүз ағаш». «Алматы қаласы әкімшілігінің рұқсатымен белгіленген орынға 100 ағаш отырғызылады. Бұл шараға кез келген адам қатыса алады» дейді «Қамшылықтар». Баршаны ағаш отырғызуға жұмылдыру қоршаған ортаның жағдайын жақсартумен қатар бір мақсаттың төңірегіне топтасудың, ұлт болып ұйысудың көрінісі іспетті. Осы ретте әрбір азамат өзі отырғызған ағаштарын суару, күтіп-баптау міндеттерін қоса алса, нұр үстіне нұр болар еді. Жүзжылдыққа орай отырғызылған әрбір ағаш өсіп-жетіліп, болашақ ұрпаққа сая болатын жасыл-желекті ну орманға айналса, Алаш идеясы әрбір жастың көкірегінде бүр жарып, толығымен іске асса еліміздің кемел келешегінің кепілі болмақ.

«Қамшы» порталы мұрындық болған келесі шара жетім балаларға арналып отыр. «Ата-анасы жоқ, жетімдер үйінде тәрбиеленіп жатқан жасөспірімдерге бір жолғы қамқорлық ретінде киім-кешек сыйланады» дейді бастамашыл топ. Атқарылатын төртінші шараға тоқталатын болсақ, оның аясында жоғары оқу орындарында білім алып жүрген жетім балаларға, сондай-ақ әлеуметтік тұрмысы төмен отбасындағы балаларға, үздік оқитындарға бір жолғы стипендия беру көзделуде. Сонымен қатар «Алашорда» мұрасын зерттеген, насихаттаған, қазақ еліне айрықша еңбек сіңіріп жүрген 100 адам іріктеліп алынады. Оның ішінде 10 қайраткерге «Алашордаға – 100 жыл» мерекелік медалі табысталып, сый-құрмет көрсетілмек.

Бүгінгі Алаш ізбасарлары елдің түкпір-түкпірінде, түрлі салада еңбек етуде. Міне, Алаш аманатына адал осындай текті тұлғаларды елге таныту, сый-құрмет көрсету олардың еңбегін бағалау ғана емес, сонымен бірге оларды өскелең ұрпаққа үлгі етуден туындайды. Ұйымдастырушылар мұның барлығы Қазақ елінің тәуелсіздігіне титтей болса да үлес қоссақ деген шынайы ниеттен туғанын айтады.

Иә, биылғы жылдың айтулы датасы тұсында «Қамшы» порталының азаматтары нақты іс-әрекетке шақырып отыр. Бұл нағыз халықтық сипат алып, ел болып жұмылатын игі шара. Баршамызды Алаш аманаттап кеткен қасиетті парыз жақындастыра түссе, бірлігімізге береке дарып, «Мәңгілік Елді» бағдар тұтқан мақсатымызға тезірек жетеріміз анық.

Биыл егілген 100 ағаш жасыл желек болып жетілері сөзсіз. Ал аға ұрпақтың қамқорлығын көрген мейірімге мұқтаж жас буынның ертеңгі күнге деген сенімі нығайып, жүрегінде үміті оянып, өзін осы елдің толыққанды азаматы сезінсе, бүгін дәріс залында отырған жүз стипендиат келешекте елін өрге сүйрейтін отаншыл азамат болып өссе, Алаш арыстарының арманы орындалғаны емес пе? Ендеше, «Қамшылықтардың» үндеуін әрі қарай іліп әкету, қал-қадерімізше үлес қосу елдігіміздің белгісі болмақ.

Алаш аманаты – қазақ мемлекеттілігінің іргесі берік, тәуелсіздігі баянды болсын десек бұл бастамадан бейтарап қалмайық дегіміз келеді.

**Дина ИМАМБАЕВА**

СЕГІЗІНШІ ҚАЗЫНА

**Жақында «Арыс» баспасынан ғалым Манасбай Қожанұлының «Мәлім және беймәлім жүз отыз сөз» атты еңбегі жарық көрді.**
**Еңбек қазақ ономастикасының құрамдас бөлігі, өңірлік этнонимдермен генонимдерге арналған және ономастика, этнология мен этнолингвистика саласында еңбек етіп жүрген зерттеушілер үшін таптырмас дүние.**

# СӨЗ ТӨРКІНІ сараланған

Ғалымның аталмыш еңбегіндегі жүз отыздан астам сөздің мән-мағынасына, шығу төркініне туыстас түркі жұртының және басқа да бауырлас елдердің тілдерімен салыстыра отырып түсіндіруге талпыныс жасауына қызыға қарап, сүйсіне оқып шықтық.

Туған тіліміздің осындай күрделі саласында ерінбей еңбек етіп келе жатқан М.Қожанұлының көп жылғы ізденістерінің жиынтығы іспетті еңбегі екені, ә дегеннен аңғарылады. Ел тарихы тіл тарихымен егіз десек, «жер-судың аты – тарихтың хаты» деп танылған халқымыздың ұлттық тілінің ғасырлар қойнауынан келе жатқан мол қазынасының бір саласы өңірлік этнонимдер мен генонимдерді тарата зерттеудің арғы бастаулары ертедегі рулық қоғаммен, онан да арғы жалпы адамзаттық мәдениетпен байланысты қаралуы заңды құбылыс. Автор осы мақсаттан шығуда аталған еңбекте тарихи тілдік материалдарды ауыз әдебиетінің деректерімен, шежірелік, тарихи жәдігерлердің сан қилы нұсқаларымен, алуан түрлі ғылыми көзқарастармен байланысты саралаған ол, сондай-ақ өңірлік этнонимдер мен генонимдердің өзара қарым-қатынастарын, сол аймақтың мәдениеті мен тарихын, саяси-әлеуметтік жақтарымен бірге, қазіргі ұрпақ үшін тарихи-тілдік-танымдық, тәрбиелік жақтарына да жете мән береді. Тіпті әрбір аталым еліміздің бүгінгі саяси, рухани өміріндегі орнымен, яки елдің елдік рухын көтерудегі қызметімен тікелей байланыста екенін назарда ұстап, оларға қатысты қосымша мәліметтер беруді де ескерген. Мысалы, Қазақ халқының ежелгі тайпаларының бірі – қыпшақ екенін ескерсек, қыпшақ атауын Батыс Еуропа деректерінде «коман», ал орыс деректерінде «половцы» десе, венгерлер қыпшақтарды «күн» деп атаған деген көптеген тарихи деректерді келтіре отырып, автор өз болжам-пайымдауында жасаған.

Ғалым еңбегінде өңірлік аталымдар (этно-генонимдер) арқылы бүгінгі ұрпаққа жеткен бабалар өмірінің құпиясын, соны танып-түсіну елдігімізді танудың бір берік тұғыры екендігін таразылауды мақсат еткен. Айталық, елімізде көп айтылса да, әлі күнге жүйесін таба алмай келе жатқан мәселелердің бірі – «Мекенжай тізілімін» жасау. Осы мәселенің қатарына қазақ этнонимдері мен генонимдері тізбесін жасауды да жатқызуға болады.

Автордың аталмыш еңбегі кез келген «қазағым, ұрпағым, ата-тегім кім» деп жүрген азаматтарға ой салары хақ және әрбір тарихи деректер мен мәліметтерді жеңіл, қарапайым тілмен түсіндіреді.

Асау толқынды Аралдан түлеп ұшқан,туған тіліміздің өзекті мәселелерін зерттеуге атсалысып жүрген тіл жанашыры, ғалым Манасбай Қожанұлының осындай мәңгі жадымызда сақталатын, ұрпақтан ұрпаққа тарту етер асыл қазынамыз – этноним мен генонимдердің тізілімін жасауы – құптарлық іс.

**Жұмағали ЕРГЕШБАЕВ,**
**ҚР Ұлттық қорғаныс университетінің қызметкері**
АСТАНА

**«Ана тілі» газетінде жарық көрген мақалаларға басылымның сайтында көптеген пікірлер жазылады. Бұл газетіміздің ғаламтор кеңістігінде де дамып келе жатқандығын көрсетеді. Оқырмандар жазған пікірлердің ішінде мақалаға үн қосу, салмақты ой тастау жиі кездеседі. Солардың бірқатарын ықшамдап назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.**

## Хал қалай, қазақ балабақшасы?

15 ақпан, авторы: Шерубай Құрманбайұлы

**Шынар:**

*Баланың балабақшада орысша сөйлеуіне ата-ана кінәлі. Тәрбиешіні кінәлау дұрыс емес.*

**Мөлдір:**

*Ата-анасы орысша сөйлейтін балалар да балабақшада орысша сөйлейді.*

**Айман:**

*Қазір балабақшада тәжірибелі, білікті тәрбиешілер аз ғой. Көбіне жаңадан оқу бітіріп келген жас мамандар жұмыс жасап жүр.*

**Раяна:**

*Өз ісін сүйетін, бала жанын түсінетін, нағыз ана тілінің жанашыры бола білген тәрбиешіден ғана бала жан-жақты тәрбие алып, ана тіліне деген көзқарасы қалыптасады.*

**Ақымбек Съезд:**

*Бәріміздің шымбайымызға батып жүрген келелі мәселе қозғалған. Баланың адам болып қалыптасуы осы бір мекемеге тікелей байланысты екенін көпшілігіміз сезіне бермейтініміз анық.*

**Досболат:**

*Қазақ балабақшасына тәрбиеші қызметіне қабылдағанда ең алдымен маманның ана тілін қаншалықты меңгергеніне назар аудару керек. Тек білімі мен біліктілігі ғана емес, ана тілінде таза, ұғынықты сөйлеуі де ескерілсе...*

**Ерсайын:**

*Қоғамда қазақ тілінің мәртебесін көтермей, балабақшадағы қызметкерлерді кінәлағаннан ештеңе өзгермейді. Министрліктен келетін хаттар қазақшаланбайынша нәтиже де болмайды. Ел болып жұмыс істеуіміз керек. Ол үшін: Мектепте әр сынып сайын қазақ тілінен емтихан өткізілсе; Жоғары оқу орындарына түскенде міндетті түрде қазақ тілінен шығарма жазса.*

## Намыс қайда?

26 қаңтар, авторы: Аян НЫСАНАЛИН

**Бақытгүл:**

*Әр адам өз ұлтының патриоты, туған тілінің жанашыры болуы тиіс. Шын мәнінде шемішке дей саламыз, оның пісте, яки шекілдеуік екеніне осы уақытқа дейін мән бермеппін.*

**Мөлдір:**

*Қазір байқағаным, қазақ жастары енді орыс тілінде сайрауын қойып, өздерінше ағылшынша сөйлесуді бастапты. Жан-жақтарына біз мықтымыз дегендей қарайды. Менің оларға жаным ашиды. Өйткені өз тілдерін құрметтемей, өзге ұлтқа күлкі болып жүргендерін түсінбейді.*

**Жазира:**

*Бала кезімізде «шемішке» сөзін естіп, қолданатынбыз. Аударма сөз болса да, әдеби тілге енген сөз емес пе ол?*

## Кетем дейтін келін кімге үлгі?

12-қаңтар, авторы: Ахат ҚАНАҒАТҰЛЫ

**Рауан:**

*Сүйікті газетіме мың алғыс! Осындай мәселелерді жиі көтереді.*

**Шынаргүл:**

*Автор дұрыс жазған. Келіндер қазір ата-енемен тұрудан қашады. Ал олардың көмегі ұшан-теңіз ғой. Осыны түсінбейді. Күйеуін жақсы көретін келін ата-енесін де қадірлеуі тиіс.*

**Мөлдір:**

*Қазіргі жастар өмірге бейімделмеген, кішкентай ұрысқа бола шаңырағын шайқалтып, баласын тірі жетім етуге дайын тұрады. Ата-ана ақылын тыңдайтын ұл-қыз аз.*

## Пейіл түзу болсын деңіз...

15 ақпан, авторы: Абылайхан ЖҰМАШЕВ

**Малика:**

*Расында да адамның пейілі заманына қарай өзгеріп барады. Автордың жазған ой-пікірімен келісемін.*

**Алма:**

*Қоғамда арамдық, алауыздық, көреалмаушылық, екіжүзділік жиі байқалуда. Осының салдары адам пиғылының өзгеруіне әкеліп соғуда. Сондықтан мұндайдан сақ болғанымыз жөн.*

**Айлан:**

*Өмірден өз жолын таба алмай, жалқауланып, әркімге кінә тағып, өз кемшілігін мойындағысы келмейтіндер әдетте арам пиғылды, қара ниетті болады.*

**Данияр:**

*Пиғылы жаманның жолы болмайтыны анық. Ондай адамдардың жақсылыққа кенелуі неғайбыл.*

**Дария:**

*Қазіргі кезде жап-жас жігіттер де ұсақталып барады. Болмашы нәрсеге бола қызылкеңірдек болып жатады. Күнкөріс қамы дейміз, заман талабы солай дейміз. Бірақ пейіл әркімнің өз көкірегіндегі дербес жарық екенін ұмытпайық.*

## Оқушыны еңбекке баулу оның құқығын бұзу болып табыла ма?

15-ақпан, авторы: Дина ИМАМБАЕВА

**Сағыныш:**

*Өзекті мәселе. Жалпы баланы мектеп қабырғасында да, үйде де еңбекке баулыған өте дұрыс деген ойдамын. Бұл да тәрбиенің бір бөлігі.*

**Ермек:**

*Кеңес заманын көп сынаймыз. Бірақ сол кезде өстік, оқыдық, тәрбиелендік. Ол кезде ұстаздарымызды сыйлайтынбыз, тәрбиеміз мықты болатын.*

**Дариға:**

*Әрине, баланың сынықты, партаны жууы, еденді сыпыруы еңбекке мәжбүрлеу болып саналмайды. Қайта бір-бір үйдің еркелері үшін бұл пайдалы дер едім. Ата-аналар жоқтан шу шығармаса, түймедейді түйедей етпесе болады ғой. Мұғалімге көмектесудің ешқандай зияны жоқ.*

**Дайындаған Үміт ЖҰМАДІЛОВА**

АЛТЫН БЕСІК

# СЫРЫМБЕТ – *сыршыл тарих мекені*

**Саумалкөл ауылын жиектеп өтетін айналма жолмен әрі асып, сүт пісірімдей уақыт жүрген соң қамшылар жақ иықтан Сырымбет тауы көрінді. Асқары көк тіреп, құзар шыңдары қазбауыр бұлттың желкенін жұлмаламаса да, атақ-даңқы әлемге мәшһүр тау. Білетіндердің айтуына қарағанда, географиялық өлшем есебімен тау санатына да жатпауы мүмкін. Әйтсе де, бауырынан жақсылар түлеп ұшқан, ұл-қызы даңқын төрткүл дүниеге мәлім еткен тау бауыры көздің жауын алатын ғажайып табиғатымен ғана емес, сол Алашқа ардақты ұл-қыздарының кіндік қаны тамып, ер жеткен өлкесі, аялар ақ бесігі болғандықтан да сүйікті.**

Тура тау етегін бөктерлеп Айғаным ханша қыстауына апаратын жолға іліктік. Кешегі кеңес заманында оқтай түзу, тақтайдай тегіс жол еді, күтімсіздіктен ойдым-ойдым қазан шұңқырлар пайда болыпты. Аттанар жақ қапталда атақты Құмдыкөл. Көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, әне бір заманда күмістей суы толқып жататын ғажап таза, суы бал, жағасы шүйгін көл болса керек-ті. Қазір жағалауын репейсіз өскен қалың қамыс жауып кеткен екен. Ұшса көктің жүзін жабатын, қонса жердің жүзін жабатын қаз-үйрек жыртылып айырылатын, үзіліп түскен бір шөкім гауһар сияқты мөлдіреп жататын күміс көлдің ажарына қамыстан кіреуке түскен көрінеді.

Тау бауырынан алыстан мен мұндалап Айғаным ханша қонысы көрінеді. Таяп келгенде көне дәуірдің күні бүгінге дейін сақталып қалған көшірме кейпі қылаң береді. Оқтай түзу қарағайдан шапқан тұрғын үй, мешіт, медресе, одан соң монша, ат қора. Сәл әріректе жел диірмен. Қасиетті қара қоныс мұқият қоршалған. Көлденең жатқан бір бұрау жоқ. Кіреберістегі жармалы қақпа қандай?!

Айғаным Абылай ханның тұңғыш ұлы Уәлидің кіші әйелі. Яғни ол атақ-даңқы әлемге тараған, алты Алаштың басын қосып ел еткен, ақыл-парасатына тең келер жан жаратылмаған ұлы Абылайдың келіні. Жаратылысынан айрықша дарынға, ерекше бітімге ие болған, артына өлмес-өшпес мұра қалдырған, мынау жарық дүниеден құйрықты жұлдыздай жарқ етіп ағып өткен ғұлама ғалым Шоқанның әжесі. Оның әкесі Шыңғыс сұлтанның туған анасы. Негізінде әуелі ел арасында өзінің айрықша ақылымен, көріктілігімен, білімділігімен, парасаттылығымен ханша атанған. Жалпақ жұрттың қошеметі мен құрметіне ие болған. Тегі Құдайберлі Бәйімбет, руы Атығай. Өз әкесі Сарғалдақтың арғы жағы әйгілі Мәлім Қожа. Шынтуайтын айтқанда, Айғаным төре тұқымына жатпайды. Әйтсе де «қарадан шығып хан болған» демекші, дарқан табиғат сыйлаған, Жаратқан Ием маңдайына тарту еткен тағдыр-талайы ханшаны шырқау биікке көтерген. Сөйтіп, сол тұстағы қазақ әйелдері арасында ірі қоғам қайраткері дәрежесіне көтеріліп, жалпақ елді басқару тізгініне ие болуы осы сөздерімізді тірілте түсер еді. Бір ерекше сипаты ұлағатты ұл-қыздар тәрбиелеп өсірген әйел-ана. Өзінің ұлы Шыңғыстан бастап балаларына орыс тілінде білім алуға ықпал етіп, тәлімді тәрбие берген. Білім мен өнерді қасиет тұтқан ханшаның өзі де қазақ және орыс тілдерін өте жетік білген көрінеді. Оған қызмет бабындағы әртүрлі жазбаша құжаттардың тәртібі дәлел бола алады.

әртүрлі аң терілері. Көне бұйымдардың барлығы осы бір үйде сол заманның өзінде өнер мен мәдениеттің шуағы кілкіп тұрғандығын көрсетеді. Ол заманнан бері қаншама уақыт өтпеді десеңізші. Тарихи құжаттар бұл кешеннің 1824 жылдан 1834 жылға дейін салынғандығын айғақтайды. Сол заманда Алаш даласын зерттеп, жергілікті халықтың тыныс-тіршілігі туралы құнды деректер қалдырған белгілі оқымысты А.К.Гейнс Сырымбеттегі Айғаным ханшаның мұражайы туралы былай деп жазады: «Оның мекенжайын қалың қарағайлы әсем екі тау қоршап тұрды. Тастақты бір қырқадан асып ылдиға түсе бергенімізде кәдімгі біздегі орта қолды помещиктердің дәстүрінде салынған бірнеше үйлер мен мешітті көзіміз шалды. Шыңғыс пен әйелі тұрған ортадағы үйдің жиһазы помещиктердің жиһазына ұқсайды. Залда 12 пьесаға дейін ойнайтын орган қойылған. Айна мен дуалдық шамдар ілінген, ортада хрустальды, үзбелі салпыншағы бар қола шырағдан. Есіктері тұтылған шағын-шағын жібек перделердің шашақ бауларын мен өрнектері тұрпатты, көлемді болғанымен көзге нәзік көрінеді. Қонақ бөлмесіне гарнер немесе Корнилов вазаларын қоюдың орнына қытай вазалары қойылған». Саяхатшының жазған осы жазбаларында бейнеленген бұйымдар, үй жиһаздары, қасиетті қара қоныстың орналасу тәртібі дәл сол қалпында жайнап тұр. Шынын айту керек, үркіншілік жылдары Айғаным ханша қонысын өрт те шалған, замананың долы желі де жұлмалаған. Әйтсе де, болат пышақ қап түбінде жата ма, бүгінгі бейне тәлім-тәрбиенің тамаша қасиетті Құран тұр. Құрқылтайдың ұясы тәрізді жаныңа жылу тарататын Алланың жердегі үйі кейінгі адамзат баласына үнсіз уағыз айтып тұрғандай. Мешіттен шыққан соң қарсы бетте медресе тұр. Өз заманында осы төңіректегі талапты, талантты балаларға имандылық шарттарын ғана емес, білім-ғылымның алғашқы жыр шуағын себезгілеген ыстық ұя іспетті. Қасиетті қоныстың етек жағында монша. Әлі өркениеттің лебі сахараның төсіне дендеп енбеген кезеңде салынған. Ішкі киреберіс, жуынатын, шабынатын орындары, ыстық бу шығатын қондырғысы, жағатын пеші сол қалпында. Бұл да атқан оқтай түп-түзу қарағайдан қиылып салынған. Моншадан төменірек ат қора. Аты ат қора болғанымен, адам тұратын мекеннен де жөндемірек, жақсырақ. Ішінде соқа, ат шалғы, көрік, балта, балға тәрізді шаруашылық бұйымдары. Заты темір бұйымға жарымай отырған заманда күнделікті қажеттілікке орай пайдаланылған заттар және қандай заттар десеңізші. Айғаным ханшаның замандары түгіл бүгін де пайдалануға болатын, бүгінге де керекті ғажайып бұйымдар.

Тарих айтады: 1920-1930 жылдары Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірде әлдебір содырлар осы қонысты қиратқан, әбден бүлдірген. Ал қалған бөренелерінен 1930 жылы Саумалкөл селосында клуб үйін салыпты. Сөйтіп, төңірегіне ай нұрындай сырбаз сәуле себезгілеген Айғаным ханшаның мекенжайы 1993 жылға дейін қаңырап бос жатты. Көне жұрты ғана. 1985 жылы Шоқан Уәлихановтың республикалық тарихи-этнографиялық мұражайы ашылды. Сол тойдың қарсаңында Сырымбет ауылы бір жасарып қалды. Қазақтың «жақсы әке қырық жыл азық» дейтіні рас. Қырық жыл ғана емес, жүз жыл өткесін де, жүз елу жыл өткесін де жақсылық шарапаты тиіп жатыр. Сол тойдың тұсында Сырымбет баурайындағы аңыз-ертегіге айналған Уәлихановтар қонысын қайтадан қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Негізінен, Шоқанның ата қонысы туралы салған суреттері басшылыққа алынды. Сөйтіп, ел игілігіне жаратылған қара қоныс сырлы Сырымбеттің баурайында өзінің қайталанбас ғажайып кейіпімен сыр шертіп тұр. Қазір мұнда Шоқанның тарихи-этнографиялық мұражайы мен Айғаным мекенжайы біріктіріліп, Сырымбеттегі мұражай кешенін құрап отыр. Мұражай қызметкерлерінің айтуына қарағанда, тоғыз мыңға таяу экспонат бар екен.

Келушілер бір үзілмейтін көрінеді. Сырымбет баурайында арнайы сапармен болғанымызда Солтүстік Қазақстан облысының Аққайың ауданының мектеп оқушылары өлкетану мақсатымен арнайы келіп, тамашалап жүр екен. Қос облыстың адамдарын айтпағанда, Вьетнам, Қытай, Америка, Түркия, Германия тәрізді қиян шалғайдан қонақтар келіп, көне дәуірдің тылсымынан шым-шымдап сыр ұққанға ұқсайды.

Село орталығындағы этнографиялық мұражайды аралап, тарихи жәдігерлерді суретке түсіріп, есте жоқ ескі күндердің елесін ойша тірілтіп, кері аттандық. Селодан сәл ұзай бере фототілші Төлеген ағамыз селоның сыртқы кейпін суретке түсіріп алу үшін аялдады.

– Байқайсың ба, – дейді ол, – жусан иісі аңқитын тәрізді.

– Жусан иісі ғана емес, – деймін мен, – жұпар иісі. Сырлы тау Сырымбеттің қойнауында ғұмыр кешкен, ұрпағының, ұрпағының ғана емес күллі ұлтының жақсылығын аңсаған Айғаным ханша әжеміздің әзіз арманының, ғазиз жанының, ұлы мұраттарының самал болып желпіп өткен иісі тәрізді. Құмарлана жұттық кеп.

**Байқал БАЙӘДІЛОВ**

Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау ауданы

**1985 жылы Шоқан Уәлихановтың республикалық тарихи-этнографиялық мұражайы ашылды. Сол тойдың қарсаңында Сырымбет ауылы бір жасарып қалды. Қазақтың «жақсы әке қырық жыл азық» дейтіні рас. Қырық жыл ғана емес, жүз жыл өткесін де, жүз елу жыл өткесін де жақсылық шарапаты тиіп жатыр. Сол тойдың тұсында Сырымбет баурайындағы аңыз-ертегіге айналған Уәлихановтар қонысын қайтадан қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Негізінен, Шоқанның ата қонысы туралы салған суреттері басшылыққа алынды. Сөйтіп, ел игілігіне жаратылған қара қоныс сырлы Сырымбеттің баурайында өзінің қайталанбас ғажайып кейіпімен сыр шертіп тұр.**

Фототілші Төлеген Қосшығұлов екеуіміз қасиетті қара қоныстың табалдырығын «біссмиллә» деп аттадық. Заманында Александр I патша Сырымбет қойнауында кешенді қыстау, мекенжай салуға бұйрық шығарған. Осы құрылыстардың жұмысына бес мың сом ақша бөліп, оған қоса үкімет тарапынан 400 сом зейнетақы белгілепті. Сөйтіп, қазіргі күні көне дәуірдің ескірмес естелігіндей болып тұрған осы қасиетті қара қоныстың іргетасы қаланған. Негізінде Уәлиханның екі қыстауы болған деседі. Оның бірі Бурабай маңындағы Ханның Қызылағашы деп аталатын қыстау да, екіншісі кіші әйелі Айғанымнан тарайтын ұрпақтардың еншісіне тиген. Дәл осы арада анау тау бауырынан басталып Жарқынның жалпақ даласына ұласатын қайыңды, қарағайлы, құйқалы өңірді мал-жанына өріс еткен Айғаным ханша Әбден, Мәмке, Шепе, Ханқожа, Әлжан есімді ұлдар мен Рақия, Нұрилә атты екі қыз тәрбиелеп өсірген.

Алдымен, тұрғын үйге кірдік. Көне заманнан күмбірлетіп сыр шертетін жиһаздар сол күйі тұр екен. Аралық қабырғалар мен кіреберістерге шамдар ілінген. Жұмсақ диван, оған жабылған ошағы болып өзгеше реңмен сыр шашып тұр. Жалпы Сырымбеттің осы бір қойнауы сырлы тарихқа толы. Көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, сол заманның өзінде өнердің өрісін кеңейтуге мейлінше ықпал еткен төре шаңырағында жыршы мен ақындар, әнші мен күйшілер жиі-жиі бас қосады екен. Осы төңіректегі ғана емес, ат тұяғы жететін жердің бәрінен. Бәлкім, бала Шоқан да ұлттың ұлағатты қазынасы болып саналатын өнер иелерін көріп, мәжілістеріндегі әсерлі әңгімені тыңдап, бойына сіңіріп өскен шығар. Орынбай, Тоғжан, атақты Шөже, Ақан сері, Жаяу Мұсалар Айғаным қонысының қадірлі қонақтары болған. Қара қонысты аралап жүргенде сырлы Сырымбеттің иығынан құлдилап әуезді ән құйылатындай. Сол ән ұшса құстың қанатын талдыратын қазақтың жалпақ даласына біресе аспандап, әуелеп, біресе Ақан атамыздың Қараторғайы тәрізді құлдилап тарап бара жатқан тәрізді. Жалғыз төреліктің, асыл тектің белгісі ғана емес, Алаш жұртына мәңгілік серік болған әдемі өнердің де ғажайып мекені.

Мұнаралары күн сүйген, таза қарағайдан қиып салған мешіт имандылықтың ұясы тәрізді. Дәл төрде ортасынан ашылған

ЗЕРДЕ

# Тұнық жырдың тұмары

**Мен үшін қазақтың ақын қыздарының ішінде Фариза апамыздың алатын орны айрықша. Не себепті осы бір аяулы тұлғаны ерекше қадір тұтатынымды, не себепті қаламынан шыққан жырлары алдында бас иетінімді өзім де түсіндіре алмаймын. Қандай қасиетімен тәнті етті? Жеке басындағы адамдық қасиеттері ме? Әлде ешкімге ұқсамайтын ерекшелігі ме?**

Осындай ойлар жетегінде жүрген маған желтоқсан ызғарымен келген ақынның қазасы, асыл қазынасын жоғалтқан қазақ поэзиясының орны толмас қайғысы – бұл сұрақтарымның жауабын іздеуіме түрткі болды.

Фаризасынан айырылған оқырмандарының, зиялы қауымның баспасөз беттерінде жарық көрген, ақын өліміне қабырғасы қайыса білдірген ойлары – санамда жүрген сан сұрақтың жауабын табуыма себепші болған еді.

Жүрекжарды жазбаларды оқығанда ақын шығармашылығын һәм тұлғасын тану жолында тынбай еңбектенуге өзіме-өзім уәде бердім.

Фариза апай туралы естеліктерді оқи бастағанда-ақ, өзім білмейтін талай мәліметтерге қанықтым. Жырларын қанша оқысам да, тұңғиығына терең бойлай алмағанымды түсіндім. Өлеңдерінен халқыма тән өрлікті, әділетсіздік көрсе шыдап тұра алмайтын ер мінезділікті аңғардым. Фариза апамыз біреудің тағдыры үшін аландай білетін санаулы қаламгерлердің бірі екенін, өзі үшін ғана емес, өзгелер үшін де от пен суға түсуден тайынбайтынын сан мәрте дәлелдеген (Дәурен Берікқажыұлы), қолында барды елге үлестіруден талмайтын, әр адамның жанарынан жақсылық іздеп, жүрегіне мейірім төге білген, бар қазақтың жоғын жоқтап, қолында барын сарқып беріп, әр қыздың бақытын тілеп, жақсылық ойлаумен ғұмыр кешкен (Бақытгүл Бабаш), күллі қазақ қыздарын «сөйлеткен» (Бауыржан Бабажанұлы), айналасындағы талантты деген жастардың бәрінің мәселесін шешіп, көмек көрсетіп, қамқорлығын көрсеткен, ардан аттамай, әдебиетке адал, оқырманға ардақты болған жаратылысы өзгеше жан екенін білдім.

Ал заманының заңғар жазушысы Ғабит Мүсіреповтің «Фариза туралы екі ауыз сөзін» оқығаннан кейін жанының кіршіксіз тазалығын, батылдық, адалдық, арлылық, намысқойлық сияқты адамгершілік-азаматтық қасиеттердің барлығы да өн бойынан табыла алған тұлғасына еріксіз бас идім.

Ақын жанымен тілдесу үшін осы уақытқа дейін өзіме таныс шығармаларын қайтара оқып шығып, тереңіне үңіле қарадым. Сонда мен осыған дейін қалай ғана әр өлеңінің өзі өмірлік қағидаға айналатындай тәлім беретінін байқамағанымды ұқтым.

Кез келген өлеңін алып қарасаңыз, жоғары адамдық қасиеттің иісі аңқитын, ал өлең тұрғысынан өзіндік бағытын да, түрін де тапқан ақын (Ғабит Мүсірепов) екен. Ал ардан аттап, адамдықтан безгендерді көргенде, айналасынан жылпостық пен жағымпаздыққа құдіретті жыр-семсерімен күйрете соққы берген.

Бір сөзбен айтқанда, не себепті көп ақынның ішінде осы бір аяулы тұлғаны ерекше қадір тұтатынымды ұқтым. Жүрегімде мұндай құрметтің ұялауына қаламынан шыққан туындылары, ешкімге ұқсамайтын, ешкім де ұқсай алмайтын өзіндік ерекшелігі, ғасырда бір туатын дара тұлға болғаны түрткі болды. Неліктен бүкіл алты алаштың осы бір аяулы адамнан айырылған сәтте, қара аспан жерге түсердей күніренгенін, өзімнің де ең бір жақын адамымнан айырылғандай күйде болғанымды, сондай-ақ халқының не себепті «Тұнық жырдың тұмары» деп атағанын, мөп-мөлдір, тап-таза, аппақ қардай кіршіксіз поэзиясы оқырман жүрегіне жол тауып, жан жарасын емдер дауасы болып орын тапқанын білдім. Мұқағалидай ақынның сыйлы да, сырлас досына айналған қайталанбас дара тұлғасына тағзым ете отырып, санамдағы сан сауалдың жауабын таптым.

Иә, Фариза поэзиясының құдіреті шығар, мен де өзімше көзі тірісінде түсіне алмаған пендешілігіме кешірім сұрағандай болып, жүрегімнен жарып шыққан өлеңімді ақын аруағына дұға еткендей болып арнағаным деп ойлаймын.

Фариза, Фаризажан, Фариза қыз,
Мұқағали жырлаған Фаризасыз.
Шаң басқан архивте емес,
жүректердің
Жарқыраған төрінен табыларсыз, –

дей отырып, алдағы өмірімде өзіме және өзгелерге поэзия әлемінде нағыз тума жырды қалдырған Фариза Оңғарсынова шығармашылығын тұмар қып тағып, өмірлік ұстанымыма айналдыруды ақын алдындағы парызым деп санадым.

**Айкүміс АЖКАНҚЫЗЫ,**
**Қызылүй негізгі мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

Атырау облысы
Исатай ауданы

ПЕРДЕСІЗ КӨҢІЛ

**Біздің шаңырақ көтеріп, қатар өмір сүріп келе жатқанымызға қырық бес жылдай уақыт болыпты. Жарты ғасырдай өмір ғой.**
**Біз деп отырғаным Құдай қосқан қосағым, өмірлік серігім Айша Балымбетқызы. Екеуміз бір жерде дүниеге келдік. Ол – Сыр өңіріндегі Арал топырағы.**
**Айшаның балалық шағы шат-шадыман өтті дей алмаймын. Ата-анасынан ертерек айырылды. Сөйтіп, анасының сіңлісі Рахила тәтесінің тәрбиесінде өсті.**

# АСЫЛ ЖАРЫМ – АРДАҒЫМ

Мектепті бітірісімен Қарағанды медициналық институтына түсіп, оны ойдағыдай бітірдім. Мен Қарағанды политехникалық институтында оқығанмын. Екеуміз жоғары оқу орнын 1971 жылы қатар бітірдік. Ал біздің таныстығымыз институтты тәмамдардан екі жыл бұрын басталған. Арал жастарының басқосуында алғаш рет кездескенбіз.

Екеуміз де жас маман ретінде Жезқазған өңіріне келдік. Айша облыстық санэпидемиялық станцияның бас дәрігері Нина Козицинаның бұйрығымен өз саласының маманы болып жұмысқа орналасты. Шамалы уақыттан кейін эпидемиялық бөлімнің меңгерушісі болып тағайындалды.

Арада бір жыл өткеннен кейін үйлену тойымыз өтті. Ол кезде анам Іңкәрдың көзі тірі. Тойға ол кісі де қатысып, ақ батасын берді.

Реті келгенде айта кетейін, анам өмірінің соңына дейін, яғни жиырма екі жыл біздің қолымызда болды. Айша немерелері сияқты анамды әже деп атайтын. Зайыбым анам жайлы ылғи да риза көңілмен әңгіме айтып отырады. Бірде анамды еске алу күнінде: «Өз басым әжемнен көп жақсылық көрдім. Оңаша қалғанда ақыл-кеңесін аямайтын. «Өмірде қиындық пен ауыртпалық аз болмайды. Адам баласы соның бәріне шыдай білгені жөн. Пейілдеріңді тарылтпаңдар, қашанда кең болыңдар, қарақтарым» деп отыратын. Әжемнің балаға, отбасына деген көңілі өзгеше еді. Ерте тұрып, кеш жатқанды, еңбекқорлық пен табандылықты ұнататын. Сол қасиеттерді өз бойыма дарытуға ұмтылып отырдым. Енелі – келінді екеуміздің бақытымыз шығар, біз ортақ түсініспен үйлесімді ғұмыр кештік. Ол мені түсініп, бағалады, өз кезегінде мен де ол кісінің жан дүниесін ұғынып, барынша құрметтедім» деген сөзін естіп сүйсінгенім бар. Айшаның бұл әңгімесі кейінгі жастарға өнеге болатыны анық.

Біз жас болсақ та ағайын-туысқа қолымыздан келгенше қамқорлығымызды жасадық, соның бәріне ұйытқы болып, басы-қасында Айша жүретін. Менің бауырларым Кеңестің, апаларым Қанима, Күлән, Гүлжаханның, Айшаның бауыры Айжамалдың балаларын қамқорлыққа алып, олардың өмірде өз орындарын табуына, өздері бөлек отбасы болып кетулеріне көп еңбегіміз сіңді.

Бүгінгі күні сол іні-қарындастарымыз жанашыр болған жанға алғыстарын жаудырып жүргеніне еш күмән жоқ. Сол еңбектері үшін менің де жарыма деген ризашылығым шексіз.

Айша еңбек ұжымында сыйқұрметке бөленді. Бұл сыйластық әлі күнге дейін жалғасып келеді. Медицина саласының қызметкерлері оны жас мамандарға үлгі тұтады. Қажырлы еңбегінің нәтижесі болар 2005 жылы «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігі» мәртебелі атағымен марапатталды.

Айша ағайын-туыстың арасында да сыйлы. Үлкені де, кішісі де құрмет тұтып, өмірлеріне өнеге етеді. Менің достарымның ата-аналары бізді көріп, «Келіндеріміз Айшадай болса арман жоқ» деп тілектерін айтып жатады. Осы сөзді естігенде өзім бір марқайып қаламын. Бойымды мақтаныш сезімі кернейді.

Айша көп оқиды, екі тілде де сауатты сөйлеп, жаза алады. Былай қарапайым көрінгенімен өмірде болып жататын әртүрлі жағдайға өз көзқарасы, түсінігі бар.

Менің өзім де оның ой-пікірлеріне ден қоямын. Осыдан кейін қазекеңнің «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деген мақаланы күмәнмен қарайтын болдым.

Біз үш перзентті болдық. Олар Асқар, Әйгерім, Серік. Үшеуі де шаңырақ көтерді. Анар мен Эльмирадай тәрбиелі келіндеріміз, Талғаттай ізетті күйеу баламыз бар. Бәрі де қызметтерінде абыройлы.

Балаларымыздың арқасында Дариға, Дәурен, Нұрайым, Даяна, Алтынай, Бексұлтан секілді балдай тәтті немерелерге кенелдік. Зинагүл, Дүйсен, Ырысгүл, Балқия құдағиларымызбен қуаныш-тойымыз ортақ.

Айшаның бір ерекшелігі – жақсылықты ұмытпайды. Жас кезінде қамқорлығын көрген Рахила, Нағима тәтелерін есінен еш шығарған емес. Олардың өздері болмаса да балаларымен жиі араласып тұрамыз. Балалары Баян, Сәуле, Бекзат, Ләззат, Нұркендер де апалары Айшадан, Айжамалдан хабар үзген емес. Менің бауырларым да Айшаны аналарындай, әжелеріндей құрметтейді. Жалпы біздің әулеттің үлкендері жұбайымды ақылды, дана келін санайды. Бұған қалай қуанбассың, қалай шаттанбассың!

Бір бас қосқанда әулетіміздің жас келіндерінің «Сіздер әдемі үлкейіп келесіздер. Бізге сіздердің жолдарыңызды берсін» деген жүрекжарды лебіздерін естігенде төбем көкке бір елі жетпей қалды. Отбасымыздағы береке, татулықтың орнығуына Айшамның сіңірген еңбегі өте зор. Алла тағала бұдан былай да оған зор денсаулық беріп, бақытты да мағыналы ғұмыр кешуді нәсіп етсе екен деп тілеймін.

**Аманбай САҒИДУЛЛАҰЛЫ,**
**еңбек ардагері,**
**Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы**

Қарағанды облысы

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН

# Ұстаз

**Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,**
**жазушы**

**Менің туған ауылым –**
**Қызыләскер деп аталады.**
**Алып таулардың аясында осы**
**қырық түтінді ауыл – менің**
**кіндігім кесілген, тәй-тәй**
**басқан бөбек кезім, алғашқы**
**бал-балалығымның шуақты**
**кезеңдерін өткізген қасиетті**
**ұжмақ мекені.**
**Міне, бүгінде қырықтан астам**
**кітап жазып, әлемнің көптеген**
**жерлерін аралап жүрсем де –**
**туған ауыл топырағы тым ыстық.**
**Туған ауылымды сағынамын,**
**не жазсам да тау көмкерген**
**Қызыләскер ауылы, ауылдың**
**шетін ала ағатын Тәуке өзені,**
**алыстан айбынданып көрінетін**
**Аспанқора шыңы көз алдым-**
**да тұрады, ешуақыт көңілімнен**
**кетпейді.**
**Әсіресе ауылдың аяқ жағындағы**
**мектебіміз қандай еді?! Биік дөң**
**үстіндегі бастауыш мектептегі**
**оқу – параллель сыныптар**
**арқылы жүретін. Түске дейін**
**бірінші мен үшінші бір сыныпта**
**қатар оқиды, түстен кейін екінші**
**мен төртінші сол бөлмеде бірге**
**оқып жатады.**

Әр сыныпта – бес-алты, кейде төрт-бес қана бала оқимыз. Мұғалімміз – Ұлы Отан соғысынан бір аяғынан айырылып қайтқан, таяққа сүйеніп жүретін келбетті келген Әбдірзақ ағай. Мектептің кіре берісіндегі кішкентай бөлме – мектеп меңгерушісінің кабинеті. Онда – горн, ту, кітап, журналдар тұрады. Әбдірзақ ағай сабақтан кейін сол кабинетінде отырады. Ауыл тұрғындары, ата-аналар сол кішкентай кабинетке кіріп, мектеп меңгерушісімен әңгімелесіп жатады.

Мектеп парталары қыркүйекке дейін сырланып, бөлмелер іші-сырты аппақ ақталып, оқуға сағынып, қуанышымыз қойнымызға сыймай жетеміз.

Кластың ортасында «контрамарка» деген үлкен қара пеш тұрады. Қыстың күндері ертерек келген оқушылар от жағушыға көмектесіп от жағады, су, мұз болған үсті-бастарын кептіріп жатады.

Сырттай бұйығы, қонторғай ғана кішкентай ауыл болғанымен де мұнда да үлкенді-кішілі сан түрлі оқиғалар, жағдайлар болып жататын. Бүгіндері барлап, ойлап қарасам сол бір кезеңдегі сапырылысқан сан түрлі оқиғалардың басы-қасында болып, оң шешімін табуына, ауылдың береке-бірлікте болуына барынша бар күш-жігерін жұмсап жүретін – Әбдірзақ ағай екен ғой.

Бүкіл ауылдың үлкен-кішісі «Мұғалім келе жатыр» дегенді естісе Қыдыр, періште келе жатқандай қаздай тізіліп, ерекше ілтипатпен сәлемдесіп, зор құрмет көрсетеді.

***

Қызыләскер мектебінде жаңа жыл мерекесін өткізетін болдық. Әбдірзақ ағай ат-шанасымен Ұзынағаштан жап-жасыл иісі бұрқыраған шырша алып келді.

Парталарды артқа сырғытып жинап, ортаға шыршаны орнаттық. Бөлме ішіне жаңа жауған қар секілді мақтаның талшықтарын үзіп-үзіп алып, жіпке тізіп, төбеден төмен салбыратып іліп қойдық. Терезе әйнектеріне ою-өрнектелген қағаздар жапсырдық. Шыршаға қолдан әркім әлінше ойыншықтар жасап іле бастадық. Бәрін қарап, ұйымдастырып жүрген Әбдірзақ ағай біздің құлшынысымызға ақ пейілімен риза.

– Ал, балалар, 31 декабрь күні кешкі сағат жетіде осында Жаңа жылды қарсы аламыз. Ата-аналарың да келсін, сендердің дайындаған өнерлеріңді көрсін! Ана электрикке де айтып қойдым, движокты ерте қосып қояды, – деді.

Электр жарығы жаңа түсе бастаған кез, ауылға бөлек движокпен электр жарығын береді.

Отыз бірінші декабрь күні класқа адам сыймай кетті. Кішкентай балалар еденде отырып, отырмағаны тіпті жантайып жатыр.

Сағат жеті болғанда самаладай электр жарығы жарқ ете қалды. Ёлканың үстіндегі жабылған газеттерді алып тастап еді, ел таңданғаннан «ah» ұрды.

Шыршаның үстінде әлі біз өңіміз тұрмақ түсімізде көрмеген жалт-жұлт еткен сан түсті ойыншықтар ілініпті.

Ортаға таяғын таянып, мектеп директоры Әбдірзақ ағай шықты да:

– Құрметті ата-аналар, оқушылар, ауылдастар! Келе жатқан Жаңа жылдарың құтты болсын! Совет Одағы Ұлы Отан соғысында фашистерді жеңді. Енді ел еңсесін көтеріп жатыр. Міне, біздің ауылда да тұңғыш рет ёлка құрылып, Жаңа жылды бірігіп, қуанышпен қарсы алып жатырмыз.

– Қарағым-ау, анау әдемі жалт-жұлт еткендерің не? – деді ауылдағы ең кәрі Зейіл апа көзін көлегейлей қарап.

– Апа бұл ёлканың ойыншықтары, әдейі сатып әкелдім. Сіздер тамашаласын, көрсін дедім. Көресіздер, заман түзеледі. Мұндай ёлка жаңа жылда кейін әр үйдің төрінде орнатылатын болады. Ал енді балалар қазір ән айтады, тақпақ оқиды, – деп бізді шақыра бастады.

Балалар ән шырқады, жаттауларын айтты, көрініс көрсетті. Ел рақаттана қол шапалақтап, қошеметтеп жатыр.

– Жаңа жыл мерекесіне арналған концертіміз осымен аяқталды. Бәрімізге келер жылға жақсылық әкелсін! – деді мектеп басшысы.

– Оу, қарағым-ау, мына бір жылтылдаған әдемі нәрсені үйдегілеріме тәбәрік деп апарайыншы, – деп бір кария жылтыраған ойыншықтың біреуін үзіп алып, қалтасына салды.

Осы кезде үлкендер лап қойды. Әрқайсысы қолына тигенін үзіп-үзіп алып жатыр.

Әп-сәтте ойыншықтан тұттай айырылған шыршаның қаңқасы ғана ортада қалды. Тіпті біз қолдан жасаған түрлі ойыншықтардың біреуі де жоқ, шыршаның бұтақтарын да сындырып алыпты. Ел түгел тарап кетті.

Ортада бұтақтарынан тұттай айырылған шырша, ал терезе алдындағы орындықта Әбдірзақ аға бүкшиіп отыр.

Біз ел соңында қалған екі-үш бала алаңдап, мектеп басшысы тас-талқан ашуланып, ұрсатын шығар деп кете алмай ағайға жақындай бердік.

– Ағай, шыршаны сындырып, түгін қалдырмай бұтақтарына шейін алып кетіпті! – дедім мен.

Әбдірзақ ағай қалтасынан көлдей бет орамалын алып, көзін сүрткіштей берді де, еңкілдеп жылап жіберді.

– Алсын! Тұңғыш келген ёлка ғой ауылға. Бұлар не көрді? Соғыстан кейінгі қаусап қалған ауылымызға осындай қуаныштарымыз көп болсыншы деп ырымдап әкелдім. Алсын, үйлерінің төріне іліп қойсын! Әлі-ақ ёлканы дүркіретіп өткізетін боламыз. Әлі-ақ сендер керемет азамат болып, осы ауылды көтересіңдер, атын шығарасыңдар! Біз соғыста жүрдік, көп уақытымыз кетіп қалды ғой!

Бір қарасақ біз ұстазымызға тұмсығымызды тығып өксіп-өксіп жылап отырмыз. Қайран асыл аға, ұстазымыз Әбдірзақ ағаның біздің тақыр басымызды сипап, қарлыққан даусымен айтқан осы бір сөзі – бізге аманаты екен ғой. Сол бір Жаңа жыл кеші менің есімде мәңгілік қалып қойды. Әр Жаңа жыл сайын сол кешті, Әбдірзақ ағаны сағына есіме аламын.

Шешем де бір ойыншық ала кетіпті.

Біздің үйдің төрінде сол жылт-жылт еткен ойыншық жыл бойы ілулі тұрды-ау.

***

Сол бір жазда аптап айлап тұрып алды. Шегірткенің қанаты күйіп, тасбақаның табаны жидіп түсетіндей қапырық ыстық төңіректі түгел күйдіріп, шілде болмай-ақ шөптер сарғайып, құрап сала берді. Ала жаздай жаңбыр жаумағаннан үй жанындағы жеміс ағаштары, бақшадағы көк-сөк те су ішпей бүрісіп қалды. Дәл осындай кезде Қызыләскерге жан киргізіп, сылдырап ағып тұратын Тәуке өзені тартылып қалды, арнасындағы қожыр-қожыр тастар күнге шағылысып, жағасындағы көгерім жалбыз біткен тамырлары адырайып, бастарын төмен иіп, солып сала берді.

Су – тіршілік көзі. Қызыләскер ауылы флягын арқалап, шелектерін салдырлатып, сонау биік қырқа астындағы Мырқасым сайындағы бастауға шұбырды. Терлеп-тепшіп әкелген екі шелек су аңызақ аптапта ештеңеге жетпейді. Ел қатты қиналып кетті.

Әбдірзақ ағай мектеп көлеңкесінде кешқұрым елді жинады да, былай деді:

– Мен атпен өзен арнасын жағалап, сонау Аспанқора астына дейін барып қайттым. Атабаймен шектескен тұста өзен суы оппаға түсіп кетіпті. Баяғыдағы бұлақ, бастаулар көзі шөп-шаламмен мал тұяғынан көбісі бітеліп қалыпты. Енді қарап отыруға болмайды. Бүкіл ағаш жеміссіз қурап, ауыл қатты қиналады. Ертең таңертең сағат бесте бәріміз бала демей, шал демей қолымызға кетпен, күрегімізді алып, жаңа арна қазамыз. Ауылдың жоғарғы жағына таңертең күн шықпай сағат бесте жиналыңдар, – деді қысқа ғана сөйлеп.

Ертеңгісін тәтті ұйқымнан әзер ояндым. Таң сібірлеп жаңа-жаңа атып келеді екен. Бір жанан айранды іше салып, күрегімді көтеріп, ауылдың жоғары жағына шықсам, бүкіл ауыл жиналып қалыпты. Әбдірзақ ағай атпен алдыда, суы жоқ өзен арнасымен жоғары жүріп кеттік.

Тура Атабай сайына келетін бір бұлақ қосылған тұста Тәуке өзенінің суы қожыр-қожыр тас жыраға сіңіп жоқ болып жатыр.

Әбдірзақ ағай тапсырма бере бастады. Сол тұстан сәл жоғарырық жерден – бұрылма жаңа арна жобасын көрсетті. Екі шақырымдай қиялап барып, бұрынғы арнасына қосылуы керектігін ұқтырды.

Мен сол кездің адамдарының бірлігі мен ынтымағына қайран қаламын, айрықша тәнтімін. Түс кезінде өгіз арбасымен завферма келді. Ол бір фляг айран, нан, қазан және бір семіз тоқты әкеп беріп кетті.

Тоқтыны сойып, далаға шай қайнатып, тамақ істеп, түннің бір кезіне дейін жұмыс тоқтамады. Бәрі ақ тер, көк тер болып шаршау дегенді білмей жаңа арнаны қазып бітіп, суды бөгет жасап, соған бұрып жіберді.

Айналып жасалған жаңа арнада қасиетіннен айналайын сылдыраған су екі шақырымнан кейін бұрынғы арнасымен қосылып, төмен қарай құлдырай жөнелді.

Жұлдыздары қалың жымыңдаған, айы толықсыған түнде бүкіл ел «Ура-а-а» десіп сол аққан суды қуалай жарысып, ауылға қуанышымыз қойнымызға сыймай жеттік-ау...

Ертеңіне өзіміз жасап алған сол өзен арнасындағы көлмекте күні бойы рақаттана шомылдық-ау!..

Әбдірзақ ағай бір топ жігіттерді екі күннен кейін жаңына ертіп алып, өзенге қосылатын бүкіл бастау-бұлақ көздерін тазартып, қайтып еді, су да молайып жағасына жайылып, толып шыға келді.

Ауыл ажарланып, рақаттанып қалды.

***

Әбдірзақ ағаның жұбайы – Тұрар апа менің кіндік шешем. Бализа, менің шешем Күлиман бәрі қатар-құрбылар. Бализа мен Тұрар апаларым менің кіндігімді кесіп, шешемді қалжалапты. Бализа апам әлі күнге дейін оны жырдай ғып айтады.

Тұрар апама ауылға барған сайын сәлем беріп, қал-жағдайын біліп шығамын. Ол кісі мені шай ішкізіп, тамақ жегізбей қайтармайды.

Апам екеуміз әңгімеге кірісеміз. Жалпы мен титтәйімнен шал-кемпірлердің әңгімелерін жақсы көремін. Апаның бөлмесінде екеуміз ғана ауылымыз, ауылдастарымыз жайлы талай-талай әңгіме тиегін ағытамыз. Талай-талай сыр ақтарылады, мен білмеген нәрселерімді сұрап қоямын. Кей-кейде күйеуі Әбдірзақ ағай жөнінде айтқанда ерте қайтыс болған жарын жүрек жара күрсініп, есіне алып, көз жасын сығып, жылап та алады.

– Әбекең тым ерте кетті ғой. Соғыстан жарымжан, мүгедек болып қайтты. Біздің түбімізге жететін – қызғаныш, көре алмаушылық. Маңдайы жарқырап біткен асыл жан еді, ардақтым. Көре алмаушылардың кесірінен ерте үзілді ғой деп, – деп бір сырды жайып салды.

Әбдірзақ ағай Ұлы Отан соғысында Брест қамалын қорғауға қатысқан, Қызыл Жұлдыз орденді соғыс ардагері. Ауылдағы біреу үстінен қайта-қайта арыз жазып, КГБ-ға шақыртып, тергеп, жауап алып, соңынан шам алып түсіпті. Аққа құдай жақ, қылаудай кір таба алмаса да әлгі арызқой қоймай Алматыға, Мәскеуге хат жолдап, тыным таппапты.

Егей берсең тас та мүжіледі. Әр барып-

келген сайын қабағын мұң шалып, ішқұса болып, кеселденіп, күрт түсіп кетіпті.

Тұрар апай ешкімге айта көрме деп айтқан осы бір әңгіме есіме түссе жандүнием түршігіп, тебіреніп кетеді. Асыл, ардақтыларымызды неге көре алмай, өшігеміз? Қайран, ай маңдайлы, тау тұлғалы ұстазым!..

Еліміз тәуелсіздік алып, еңсесін көтеріп, заман түзелген тұста жаңа мектеп салынды. Бастауыш қана емес, орталау мектепке Брест қаһарманы Әбдірзақ Мәмиев есімі бірауыздан берілді. Әсіресе ауылдастарымның қуанышында шек болған жоқ. Бәрі әрқашанда Елбасымыздың көреген саясатына, қамқорлығына алғыс айтады.

Тұрар апай ешкімге айта көрме деп айтқан осы бір әңгіме есіме түссе жандүнием түршігіп, тебіреніп кетеді. Асыл, ардақтыларымызды неге көре алмай, өшігеміз? Қайран, ай маңдайлы, тау тұлғалы ұстазым!..

Еліміз тәуелсіздік алып, еңсесін көтеріп, заман түзелген тұста жаңа мектеп салынды. Бастауыш қана емес, орталау мектепке Брест қаһарманы Әбдірзақ Мәмиев есімі бірауыздан берілді. Әсіресе ауылдастарымның қуанышында шек болған жоқ. Бәрі әрқашанда Елбасымыздың көреген саясатына, қамқорлығына алғыс айтады.

Қасиетіннен айналайын туған ауылымда қалған іздерім, алғаш білім алған кездерім бәрі-бәрі әлі күнге дейін көз алдымда. Ауылға, Әбдірзақ Мәмиев атындағы мектепке жиі барамын, өрімдей балалармен кездесіп, әңгімелесемін. Олар – аппақ қардай таза періштелер ғой. Болашақта олардың арасынан талай-талай тұлғалар шықпасына кім кепіл?! Әлімнің келгенінше жыл сайын кітап, музыка аспаптарын, спорт тауарларын сыйлаймын. Мектеп директоры осы ауылдан өскен ақын іниміз Марат Құрманқұлов жайраңдай қарсы алып, соңғы жаңалықтарды, жеткен жетістіктерін баяндай жөнеледі. Мектептегі Брест қаһарманы аяулы ұстаз Әбдірзақ Мәмиевке арналған музеймен жан-жақты таныстырады.

Мектепке кіріп келгенде қарсы алдымнан Әбдірзақ ағай қарсы алады. Әрине, өзі емес, үлкен портреті. Мен бірден сол баяғы бала кезіме көшемін, есіме нелер келіп, нелер кетпейді десеңші!..

9 мамыр Жеңіс күніне арналған Алматыдағы жиында Әбдірзақ ағаның соғыста бірге болған майдандас досы Ғаббас Жұматов ағаны көріп, жүгіріп барып қос қолдай сәлем бердім. Кеудесі толы орден-медаль ардагер аға әлі тың.

– Қарағым, міне жүз деген жасқа да жетіп қалдық. Қу соғыс болмаса Әбдірзақ та қасымда отырар еді. Жігіттің нағыз жайсаңы, нарқасқасы еді. Соғыс қаншама боздақтарды қыршынынан қиды. Әбдірзақ мүгедек болып оралып, ерте үзілді. Енді ешуақытта соғыс болмасын. Ең үлкен бақытымыз – тыныштық, қарағым, – деп қолымнан ұстаған күйі майдандасы Әбекең жөнінде әңгімелеп кетті:

– Біз 1939 жылы әскер қатарына бірге шақырылдық. Әбдірзақ Брест қамалының өзінде 125-ші атқыштар полкінде жауынгерлік қызмет атқарды. Ал мен Брестен бес шақырымдай жерде радиобайланыс бөлімшесі командирі болып борышымды өтеп жатқан кезде күтпеген жерден Ұлы Отан соғысы басталды. Сұрапыл соғыста Брест қамалын қорғаған ержүрек батырларымыздың ерлігі – бүкіл Отанымызға нағыз қаһармандық үлгісі болды. Фашистер қамалды айналып терең ішке еніп кетсе де қорғаушылар 20 шілдеге дейін жауға берілмей, жанталасқан дұшпанды жолатпай тұрды. Міне, сол қаһарман батырлар Әбдірзақ Мәмиев, Владимир Фурсов, Мақсұт Ниязов, Нұрым Сыздықов секілді жауынгерлер ерліктің өшпес үлгісін танытты. 1941 жылы соғыс басталғанда Брест гарнизонында борышын атқарған үш мың қазақстандық батырлардан соғыс біткенде небәрі алпыстай ғана адам қалды. Әбдірзақ Мамиев – Брест қамалының нағыз қаһарманы. Одан тірі қалып, талай алапат майданда соғысқа қатысып, 1943 жылы оң аяғынан айрылып, ұзақ емделіп елге оралды. Ол менен бір жас қана үлкен еді. Соғыстан кейін де Әбекеңмен араласып, кездесіп тұрдық. Нағыз ұлағатты ұстаз, жігіттің сұлтаны, ерекше жаратылған парасатты жан еді, – деп майдангер профессор Ғаббас аға майдандас досы жайлы адам жанын тебірентер әңгімелер айтты. Соғыс ардагері қолымды қыса құшырлана ұстап отырып Әбдірзақ ұстазым туралы, оның қан майдандағы ерлік істері, өнегелі өмірі жайлы айта берді, айта берді.

***

Көктемде біздің қырқаларда үлпілдек қызғалдақтар көздің жауын алып қаптап кетеді. Ғажап сурет, ғаламат көрініске көзің тоймайды-ау...

Мұндай кезде біздің Қызыләскер ауылы да көкорайға бөленіп, құлпырып жайнап тұрады. Биік-биік ағаштар көкжасылға бөленіп, сылдырап аққан Тәуке өзені қуана құлдырайды. Ауылдан жоғары өзіміз талай асыр салып жуа, рауғаш теруге барған Атабай, Аспанқора, Қақпатас...

Біздің таулар да тұлғалы, қасиетті-ау. Анау – Суықтөбеде – Қарасай батыр, Қарақияда – Сүйінбай, Майтөбеде – Жамбыл, Кішісазда – Үмбетәлі Кәрібаев, Үшқоңырда Елбасымыз – Нұрсұлтан Назарбаев туып-өскен тауларға әрдайым сүйсіне қараймын. Бұл Алатау – шежіре тарих, құт мекен ғой. Осы Алатауда Мәми жайлауы бар. Мәми – заманынан артық туған, елге көшбасшы, би болған. Оның қайраткер, көрегендігі, білгір шешендігі жайлы елдің көнекөз қариялары әлі күнге дейін аңыз қылып айтып отырады.

Мәми бидің мәрттігі, ерлігі жайлы мен «Мақыш балуан» атты кітабымды жазған едім.

Қасиетіннен айналайын туған өлкем. Алатаудың алыптары жайлы жазу – парызым мен қарызым емес пе?!

Әбдірзақ Мәмиев есімді ұстазымның бір шәкірті ретінде ғасырға толар мерейтойына арнап жазған естелік-эссем еді бұл. Өйткені ол кісі бүкіл ауылымыздың ұстазы, білім шамшырағын жаққан асыл азамат еді. Сәкен Сейфуллин қалай дәл тауып жазған:

Оқу – білім қазығы,
Адамның азығы.
Оқу – өмірдің сәні,
Тіршіліктің шамы.

Білім шамын жаққан ұстаздарыма мың тағзым!

ТАҒЗЫМ

## Ерлік ұмытылмайды

**Ауған жерінен кеңес әскерінің шығарылғанына 28 жыл толуына орай Ауған соғысы ардагерлер кеңесінің бастамасымен Алтыүй ауылында мектеп оқушылары арасында шағын футболдан жарыс өтті.**

Панфилов аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысы, подполковник Марат Тайболатов жиналғандарды құттықтап, тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі жалынды жастардың қолында екендігіне тоқталса, Парламент Мәжілісінің депутаты, Халық қаһарманы Бақытжан Ертаев тағлымы зор еске алу турнирін тек аудан көлемінде ғана емес, облыс, республика деңгейінде өткізуге өз тарапынан ынталы екендігін жеткізді. Бірлік ауылдық округі әкімінің орынбасары Таңатар Досымбеков, ауданның денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ерғали Қонашев, аудандық Ауған соғысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Талғат Теткеусізов, т.б. сөз сөйлеп, пікірлерімен бөлісті.

Қақпашы Р.Раджапов, қорғаушы Е.Қалиасқар, ойыншылар Б.Дәулетов, Н.Сайдуллаев, С.Құрманжан, И.Садықов, А.Нұрділдә және т.б. үздік деп танылып, сый-сияпатқа ие болса, А.Луначарский атындағы орта мектептен келген оқушылар аудан әкімі тағайындаған кубокты иеленді.

**Сұлтанғазы ҚОҚАБИ,**
**Панфилов аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің футбол жаттықтырушысы, Ауған соғысы ардагерлері атынан құрылған «Жаркент-Болашақ» балалар футбол клубының жетекшісі**

Алматы облысы

# Қонақтарға әлемдік жәдігерлер ұсынылмақ

**Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев республикамызда мәдениет саласының киелі шаңырағына айналған Қазақстан Республикасы Ұлттық музейін әрдайым үлгі тұтатыны белгілі. Мемлекет басшысының «Қазақстанның тарихи мұрасын дәріптеу және еліміз туралы терең іргелі білім тарату Ұлттық музейдің мақсаты болуы керек. Ұлттық музей ғылыми және рухани ордаға айналады, біздің қазақстандық жолдың барлық прогрессивтік жетістіктерін көрсететін болады» деген бағасы біздің ұжымның алдына үлкен жауапкершілік жүктейтіні сөзсіз. Осы мақсатқа орай музей директоры Д.Мыңбайдың басшылығымен көптеген мәдени және ғылыми, танымдық іс-шаралар жүзеге асып келеді.**

Тарихымыздың тағылымды беттерін еліміздегі музейлерсіз елестетудің өзі мүмкін емес. Бұл бағытта республикамызда білім мен ғылым саласынан бөлек, мәдениет саласына да ерекше көңіл бөліп отырғандығы баршамызға мәлім. Нақты айтар болсақ, «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы аясында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша 2014 жылы 2 шілде күні Ұлттық музейдің салтанатты түрде ашылуы болып өтті. Сол уақыттан бері музей тынбай халыққа қызмет етіп келеді. Ал жыл сайынғы музейге келушілердің санының артуы музейдің дұрыс бағытта жұмыс атқарып жатқандығының бір дәлелі.

Астана қаласы 2017 жылы Халықаралық «EXPO-2017» көрмесін өткізу мәртебесіне ие болды. Аталмыш көрмені тамашалау үшін Елордамызға 5 миллионнан астам турист келетінін ескерсек, еліміздің мәдени орталықтары мен музейлері қонақтарды үлкен абыроймен қарсы алуы қажет. Осы орайда, Қазақстанға арнайы келетін шетелдік қонақтарға құнды дүниемізді көрсету, өткен тарихымызды терең таныстыру мақсаты алға қойылу шарт. Қазіргі таңда Қазақтан Республикасы Ұлттық музейі де осы бағытта дайындық жұмыстарын жүргізуде. ҚР Ұлттық музейінде 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында «EXPO-2017» Халықаралық көрмесі аясында бірнеше халықаралық көрмелер өтеді. Атап айтқанда, Лувр, Эрмитаж, Метрополитен, Цинь Тераракот әскері сияқты әлемдегі жетекші музейлердің қорларынан жинақталған арнайы жәдігерлер көпшіліктің назарына ұсынылмақ. Ұлттық музей ұжымы осындай мүмкіндікке қол жеткізіп отырғанына дән риза.

Аталған көрмелердегі әлемге әйгілі жәдігерлер мен бейнелеу өнерінің туындылары Астана қаласының тұрғындары мен қонақтарын қуантатыны сөзсіз.

Астана қаласында аз уақыттың ішінде киелі шаңыраққа айналған – Ұлттық музейдің ұжымы бар күш-жігерін салып қызмет жасауға дайын. Ал өз кезегінде әр қызметкер маңызы зор шараға өзінің үлесін қосып жатқандығын зор мақтаныш етеді.

**Сая БОЛАТХАНҚЫЗЫ,**
**ҚР Ұлттық музейі ғылыми-әдістемелік қызмет басшысы, философия докторы (PhD)**

АСТАНА

ЭКСПО – 2017

ОЙТОЛҒАМ

# ШЫРҒАЛАҢДА ШЫНЫҚҚАН ТҰЛҒА

## *Жазушы Сәбит Досановтың «Наркескен» романы жайлы бір үзік сыр*

**Мыңбай РӘШ**

**Мемлекеттік сыйлықтық иегері Сәбит Досановтың «Арда» баспасынан шыққан «Наркескен» атты эссе-романы қолыма тиісімен оқи жөнелдім. Шынымды айтсам, өзім куә болған кезеңдер көз алдымнан лентадай тезбектеліп өте бастады. Осыдан жарты ғасыр бұрын «Ара-Шмель» журналында фельетон бөлімінің меңгерушісі болып істеп жүрген кезім. Редакция Жазушылар одағының үшінші қабатында болатын. «Араның» алғашқы редакторы Ғабит Мүсірепов үшінші қабат дәлізіне бильярд орнаттырды. Төлемақысыз тегін ойналатындықтан, келушілер өте көп болатын. Ғабекеңнің өзі де қолы босағанда бильярд ойнайды. Шар тесікторға түспей қалса: « Эх, собака!» деп қоятын...**

«Адамға табын, Жер енді» поэмасының алғашқы жолдары осылай басталып кетті. Керемет оқиғаға орай туған керемет жыр кешікпей-ақ «Казправдада» жарқ ете қалды. Автор бұл тұс туралы өз ойын: «Олжас жазған поэма парақша болып та басылды. Оны ұшақпен алып ұшқан ұшқыштар Алматы аспанынан «шашу» етіп шашты. Аспаннан жауһар жыр жауды» деп түйіндейді.

Әуелде өнер адамдарының жұлдызы жанатын бір сәті болады. Сәуір айында Сүлейменовті тебіренткен ғажайып туындысы жер жаһанды шарлап кетті. Жердегі дарын дүрбелеңі осылай басталған еді.

### ТҮРМЕГЕ ҚАМАЛҒАН КІТАП

Бүкілодақтық Комсомол сыйлығының лауреаты аталған ақын Олжастың екінші бір қыры – ғылымы зерттеумен де айналысатындығы. Орыстың «Игорь полкы туралы жырын» жатқа білетін ақын Олжас ұзақ жылдар бойы мұрағаттарды жер қыртысын қопарған кеншідей көз майын тауыса ақтарып барып, ой елегінен өткізе өз тұжырымын аңғартатын «Аз и Я» туындысын жарыққа шығарған тұста қызыл империяның «Сұр кардиналы» атанған суық ойлы Суслов Қонаевқа телефон арқылы:

– Сүлейменовты соттау аз, оны атып тастау керек деп, екі иығын жұлып жеген еді.

Димаш Ахметұлы аса дарынды Олжасты орыс шовинистердің ойранынан құтқарғысы келді.

– Бұл кітапта ешқандай ұлтшылдық жоқ, оқып көріңіз, – деп арашалап қалғанын біламіз... Қонаевтың өтінішімен Брежнев араша түскесін Олжасты соттата алмаған Суслов «Аз и Я» кітабын түрмеге тоғытты.

### КОЛБИНГЕ ҚАРСЫ ЖАЛҒЫЗ ДАУЫС

1986 жылдың сойқынды дүрбелеңі басталған кез. Брежнев атындағы алаңда болған бейберекет көріністер күні бүгінге дейін көз алдымызға елестейді. Оқыс өткен желтоқсандағы жастардың жойқын толқуы Пленумға ұласты. КПСС Орталық Комитетінің хатшысы Разумовский:

– Қонаев орнынан босатылды, оның орнына Г.В.Колбин жолдас билік етеді, – деген тұжырымын алға тартты.

...Дауыс беріліп жатты. Жапа-тармағай қуаттай салатын әдет бұл жолы белең алды. Жар дегенде жалғыз қарсы дауыс берген сол кездегі Орталық комитет мүшесі Олжас Сүлейменов еді.

– Димаш Ахметұлы Қонаев партия сызып берген жолдан жаңылған емес, аянбай адал еңбек етті. Егер Қонаев қателессе – ол бәріміздің, соның ішінде Саяси Бюроның да қателігі! – деген жігерлі сөздерін қатулана айтты.

Айтпай талант тұра алмайды бар шынын,

Тағдыры осы жыршы менен жаршының, – деп өзі шығарған өлеңінің рас екенін бұл жолы да ақтап шықты.

– Сөзіңіздің мазмұнын сәл жұқартып, өзгертсеңіз қайтеді, бұл күйінде «Казправдаға» жариялау қиын, – десті сол кездегі саясаттың жандайшаптары.

– Сөзімді ешбір өзгерте алмаймын, айтылған сөз-атылған оқ! – деп Олжас өз пікірін кесіп айтты.

### ЖАРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАНДАУА

...Астапыралла, осыдан жарты ғасыр бұрын басталған ядролық жарылыс. Семей полигоны. Саңырауқұлақты еске түсіретін сұмпайы көрініс... Жерді ауық-ауық сілкіндірген бес жүз рет жарылыс. Осы бір алапат салдарынан әсіресе Семей өңірінде сіркеше қаптаған сырқаттар. Адам кейпімен үйлеспей дүниеге келген нәрестелер мен жан-жануарлар... Диагноздарды белгісіз дерт атаулылар аяқ алып жүргізбес аянышты халге душар етті емес пе? Мұндай алапатты адам баласы әманда көрген жоқ еді ғой. Қырсыққанда қырғынға ұшыратқан бұл оқиғаның қазақ жерінде басталғанын айтсайшы. Кеңестік керзаманда мұнымен күресуге дәрмен болды ма?

«Наркескен» кітабының авторынан дәлел келтірелік.

...Іле шала Жазушылар одағының жиынында митинг дүрлеп қоя берді.

Мінбеге көтерілген кәріс, ұйғыр, орыс, өзге де ұлт жазушылары жүрекжарды сөздерін қыздыра сөйледі. «Невада-Семей» қозғалысы құрылды. Қозғалыс басшысы болып Олжас Сүлейменов сайланды.

Бұл оқиға жарылысты жақтаушылардың аузына құм құйғандай болды. Олардың сағы сынды. Дәрмені құруға айналды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Семей полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойды. Романында осы оқиғаларды көркем тіл, оралымды оймен керемет кестелеген, қазақтың біртума перзенті, Мемлекет және қоғам қайраткері, түрколог ғалым Олжас Омарұлы бейнесі бүге-шігесіне дейін шешен тілмен шебер суреттелгеніне тәнті болдық.

### ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Сырт көзге Олжас өмірде жолы болғыш серідей көрінуі мүмкін. Олжасқа жақын жүрген біз жақсы білеміз, көзі қарақты қауым да хабардар, оның тағдырдан жеген таяғы да аз емес. Олжас мырза шырғаланда шыныққан тұғыры биік тұлға. Ол Ұлттың рухани өміріндегі құбылыс. Ол жайлы Сәбит Досанов «Наркескен» романында нақты деректерге сүйене отырып өз кейіпкерінің тар жол, тайғақ кешуін көркем сөзбен шебер сомдаған. Соған орай байсалды баяндалып, сенімді суреттелген аса қызықты оқиғаларды оқып ой түюді оқырман еншісіне қалдыруды мақұл көрдім.

Түйіп айтсақ, «Наркескен» романы бас кейіпкер Олжастың күрмеуі қатты күрделі тағдыры жайлы ой өрбіте отырып, арда тұлғаның бейнесін ел өміріндегі елеулі кезең, халық бастан кешкен басты оқиғалармен байланыстыра бедерлі бейнелеген.

Роман – әдебиеттің аса күрделі жанры. Содан да қаламгер көп болғанмен, роман жазғандар аз. Әсіресе ақын жайлы роман жазу қиынның қиыны. Қазақ әдебиетінде ақын жайлы жазылған небәрі төрт-ақ роман бар. Оның бірі – Мұхтар Әуезовтің әлемге әйгілі «Абай жолы», екіншісі – Дихан Әбіловтің Сұлтанмахмұт туралы жазылған «Ақын арманы». Қазақ әдебиетіндегі ақын жайлы төрт романың екеуін Сәбит Досанов жазды, олар: Қасым Аманжолов туралы жазылған «Екінші өмір», Олжас Сүлейменов жайлы толымды ой толғаған «Наркескен» романы.

Семсер тілді, сексен қырлы, алтындай аз, алмастай асыл Олжас жайлы романға «Наркескен» деп кейіпкер тұлғасына сай өте тапқыр ат қойылған.

«Наркескенді» оқыңыз, өкінбейсіз.

ЖАҺАННЫҢ ЖҮРЕК ЛҮПІЛІ

ТЫЛСЫМ

## Жеті ғаламшар табылды



**НАСА ғалымдары аспан әлемінен жаңадан жеті ғаламшар табылғандығын айтты.**

Астрономдар олардың кейбіреуінде тіршілік болуы мүмкін десе, ғалымдар жаңа ғаламшардағы атмосфера Жер немесе Венераға ұқсас болуы да ғажап емес, себебі олардың арасы бір-бірінен қашық емес екендігін алға тартады. Жаңа планеталар Күн жүйесінен 40 жарық жыл қашықтықта орналасқан. Үш планета Трапист-1 жұлдызының маңайында айналып жүргендігі де айтылды.

ОҢТҮСТІК АМЕРИКА

## Қарды алғаш рет көрген

**Шаңғы спорт түрлерінен өткен Әлем чемпионатында өнер көрсеткен венесуэлалық шаңғышы Адриан Солано ғаламтор «жұлдызына» айналды. Жарыста ең нашар нәтиже көрсеткен оның бейнежазбасын ғаламторда мыңдаған адам тамашалаған.**

Жарысқа дейін Солано Каракас көшелерінде роликті шаңғы теуіп жаттыққан шаңғышы, өз өмірінде қарды алғаш рет көрген. Әрі ол бұл жарысқа қызыққаны соншалық, Әлем чемпионатына өз қалтасынан қаражат шығарып барған.

АҚШ

## Мигранттарға талап күшеймек

**АҚШ-та заңсыз мигранттарды елден шығару тәртібі күшейтіліп, елге заңсыз кірген босқындармен жұмыс жүргізіліп жатыр.**

Бұл шараға алдымен елге қауіп төндіруі мүмкін деген босқындар ілігуде. Келесі кезекте қылмыс жасаған немесе қоғамдық тәртіпті бұзғандар тұр. Осыған байланысты миграциялық полицияға 10 мың, шекара қызметіне 5 мың адам жұмысқа алынбақ.

ТОСЫН ОҚИҒА

## Сауда үйі өртенді

**Италияның Одерцо қаласындағы сауда орталығында өрт шығып, ғимарат тып-типыл жанып кетті.**

Әзірге қаза тапқандар мен жараланғандар туралы ақпарат жоқ. Себебі ғимарат қызыл жалынға оранғанда, оның ішінде адамдардың болған-болмағаны беймәлім. Ал от түні бойы лаулаған. Тілсіз жаумен күресуге 15 өрт сөндіруші топ қатысқан. Жақын маңдағы тұрғындар қауіпсіз жерге көшірілді. Қазір өрттің неден шыққаны анықталуда. Ал аумағы 30 мың шаршы метр ғимаратта киім-кешек пен электрондық заттар сатылып келген, сонымен қатар бірнеше дәмхана мен мейрамхана болған.

БҰҰ

## Лаңкестікпен күрес басқармасы

**БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш Бас ассамблеяда өзі басқарып отырған халықаралық ұйым жанынан терроризммен күрес басқармасын құру туралы ұсыныс жасады. Оның мәтіні БҰҰ ресми сайтында жарияланды.**

Егер басқарма құрылатын болса оның жұмысына Бас хатшының орынбасары жетекшілік ететін болады. «Біздің мақсат – шұғыл түрде кері жауап қайтаруымыз тиіс халықаралық терроризм қаупіне осы БҰҰ-ға мүше өзге елдермен бірлесіп қарсы тұру жөнінен жаңа серіктестік құру» деді А.Гутерриш.

ОҢТҮСТІК АФРИКА

## Екі миллион еуро жұмсапты

**Зимбабве президенті Роберт Мугабе өзінің 93 жылдығын тойлауға арналған салтанатқа қатысты.**

Бұл шара елдің үлкендігі жағынан екінші қаласы - Булавайодан 40 шақырым жерде орналасқан ұлттық Матобо саябағында болды. Мерекелік кешті өткізуге екі миллионға жуық еуро жұмсалған. Салтанаттышараға билік басындағы Зимбабве африкалық ұлттық одағының бірнеше мың мүшесі қатысты. Меймандар Зимбабве бейнесіндегі 93 келілік торттан дәм татқан. Тойлау ел астанасы Матопос қаласынан қашық жерде ұйымдастырылды.

**Әзірлеген Бағдагүл БАЛАУБАЕВА**

ШАРА

## «АҚ БАТА»

**С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын насихаттау мақсатында «Ақ бата» танымдық-этнографиялық кездесу кеші ұйымдастырылды.**

Аталмыш шараның өтуіне Ақтөбе облыстық ішкі саясат басқармасы ғылыми интеллектуалдық ақпараттық тобы мен Ақтөбе облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының атқарушы хатшылығы «Бірлік» ақсақалдар кеңесі мұрындық болды.

Кеш барысында С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің әлеуметтік-саяси пәндер және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымының кандидаты Есбол Есенбайұлы батаның мәні мен түрлеріне, ұлтымыздың әдет-ғұрыптарының маңыздылығына тоқталса, аталған оқу орнының қазақ тілі және әдебиеті факультеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымының кандидаты Тілектес Жаңабергенқызы бата жөнінде өз пікірін ортаға салды.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы төрағасының орынбасары Жанғабыл Қабақбаев сөз алып, шараның жастарға берер тәрбиесі мол екендігін ризашылықпен жеткізсе, белгілі ақын, ҚР Жазушылар одағының мүшесі Гүлімай Әбішқызы, «Шатлык» татар-башқұрт этномәдени бірлестігінің мүшелері ақ тілектерін білдірді.

Шара барысында «Үзілмесін бабалардың батасы» атты бейне слайд көрсетілді. «Ақ бата – асыл мұра» атты кітап көрмесі таныстырылды. Кітапхана қызметкерлері Құрманғазының Динаға бата беруін көрініс түрінде көрсетті. Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармонияның әншісі Алма Адаханова әсем ән айтып, кешті әрлендіре түсті.

Шара соңында кітапхана директоры Гүлжайнар Қалдина жиналған қауымға алғыс білдіріп, сыйлық табыстады.

**Алтынгүл ЕРМЕКБАЕВА,**
**кітапхананың бөлім меңгерушісі**

Ақтөбе облысы

ЗАМАНДАС

**Алматыдағы Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінің директоры Райхан Сахыбекқызы Имаханбет туралы көп айтып, көп жазуға болады. Ол танымал ахметтанушы ғалым, филология ғылымының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті.**

# Ахаң мұрасының қамқоршысы

Райхан Сахыбекқызы А.Байтұрсынұлы мұражай-үйі ашылған 1993 жылдан бастап мұражай-үйімен үнемі байланыста болып, ғалымның өмір жолы мен шығармашылығын зерттеді, баспасөз беттерінде танымдық мақалалары жариялана бастады. Ұлт ұстазының ғылыми еңбектеріне арналған «Ғасыр саңлағы», «Ұлағатты ұлт ұстазы» атты екі еңбегі кітап болып жарық көрді. Алғашқы жылдары Ахаңның шығармашылық ғылыми еңбектерін бес томдық кітап етіп шығарса, кейін алты томдық еңбегінің құрастырушысы және жауапты шығарушысы болды. Қазіргі кезде А.Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасын жоғары оқу орындарында пән ретінде оқытып, насихаттау үшін оқулық жазу үстінде. Осыған дейінгі зерттеу еңбегіне енбей қалған кейбір тарихи деректермен қатар, ғалымның кейін табылған туындыларын қосып көркем әдеби эссе жазып жүр. Осы ізденістердің арқасында ондаған том кітапқа жететін материалдар жинақталған.

Алғаш келгенде Райханды мұражай тағылымы таңғалдырып, нағыз ізденуші жолына түсірді. Бір кездері Ахаң отбасымен тұрған үйді тауып, оны мұражайға айналдырған Самырат Мәшенұлы Кәкішев болатын. Мәшен қажы – Ахметтің туған інісі. С.Мәшенұлы А.Байтұрсынұлы атындағы қоғамдық қор құрып, Ахаңның кейбір еңбектерін баспадан шығарып, насихаттай бастаған кезінде қайтыс болды. Әрине, бұл мұражай-үйінің жағдайына әсер етпей қойған жоқ. Көп жылдар бойы күтімсіз, қараусыз қалған мұражай жабылудың сәл алдында тұрды. Сол кезде Райхан Сахыбекқызы мұражай-үйіне қоғамдық негізде басшылық етуге бел шеше кірісті.

Райхан Сахыбекқызын енді Ахаңның туған елі, кіндік қаны тамған жері қызықтырды. 1998 жылы Алаш арысының мерейтойы қарсаңында Торғайдағы Ахаңның Аққөліне жолы түсті. Ахаңның кіндік қаны тамып, балалық балдәурені өткен Аққөл елі ұлы ұстаздың әлемі мен ғылым кеңістігіне жетеледі. Осындай құрметті де абыройлы, жауапкершілігі мен қиыншылығы бірге жүретін жолға ол кездейсоқ келген жоқ.

Алаш зиялылары ақталған жылдары Райхан Сахыбекқызы «Халық конгресі» газетінде тілші болып қызмет атқарып жүрген кезі екен. Бірде газеттің бас редакторы, белгілі жазушы С.Мұратбеков Райханды өзіне шақырып, А.Байтұрсынұлының қызы Шолпаннан сұхбат алып келуге тапсырма беріпті. Міне, осы сәтті тапсырма Райхан үшін Ахаң жолына келудің бастауы болған. Кейін бұл мақсатты жол Райхан арманында бір сәт те толастамады, қаламына қанат бітірді.

Бірде ол іссапарға баратын болып, сырқаттанып жүрген Шолпан апаға айтуға келеді. Шолпан апа өзінің Райхан қызымен соңғы сөйлесіп тұрғанын сезді ме екен, Ахаң мұражайының болашағына алаңдайтынын айтып, «заман өзгеріп кетті ғой, алдағы уақытта қандай қиындықтар болмасын, Ахаңның мұражайынан кетпе, мұражай-үйі менен саған аманат» деген екен.

Бұл күндері Райхан Шолпан апаның аманатына берік болып, мұражай-үйіне қамқор болып, барлық қиындықтарына шыдап келеді. Жалғыз өзі мұражай-үйінің шаруашылығын шашау шығармай, ұзақ жылдар бойы жанкештілікпен иелік етіп, ел игілігіне айналдырып отыр. Ондаған қызметкері бар ұжым атқаратын бұл жұмысты Райхан «Ұлылар ұмытылмас үшін, ұрпақтар жалғастығы тозбас үшін» қиналса да қажымай, сол жолдан айнымай еңбек етуде.

Өз тәуекелімен бүкіл ұлтты оятуға ұмтылған А.Байтұрсынұлы рухымен қанаттанған қаршадай қыз саликалы санасы мен сүбелі еңбегінің арқасында халық қызына айналды десем, артық айтқандық емес шығар. Бұл күнде Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйі халық көп келетін тарихи тағылым үйіне айналды. 2016 жылдың өзінде мұражай-үйіне қазақ елінің Үкімет басшысы болған К.Мәсімов, Мемлекеттік хатшы Г.Әбдіхалықова, Премьер-министрдің орынбасары болған И.Тасмағамбетов, Алматы қаласының әкімі Б.Байбек келіп Ахаң рухына тағзым етіпті. Бұған дейін де мұражайға қазақтың белгілі ақын-жазушылары, ғылым докторлары мен академиктер, қоғам қайраткерлері келіп, өздерінің көріп-білгендерімен, тәлімдік ой-пікірлерімен бөліскен. Солардың ішінде халқына танымал Ә.Кекілбаев, Т.Жұртбай, М.Шаханов, академиктер Ә.Қайдари, Р.Сыздық, Т.Кәкішұлы, Ө.Айтбайұлы, К.Сағадиев, Ғ.Мұтанов, Р.Алшанұлы және басқа да көптеген зиялы қауым өкілдері бар. Ахаң мұражай-үйіне шетелдіктер де бас сұғатын көрінеді.

Райхан Сахыбекқызы 2014 жылы Торғай жеріне келіп, Ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин салдырған мектептің 150 жылдық салтанатты жиынында баяндама жасады. Жарты сағаттық сөзінде ешқандай қағазға қарамай шешендігімен Торғай жұртын өзіне тәнті етті. Залда отырғандар сілтідей тынып, ұйып тыңдады. Сол салтанатты жиыннан кейінгі отырыстың алдында өмір бойы ұстаздық етіп, жас ұрпақтарды тәрбиелеген, еліне сыйлы Қонақбай Алин деген ақсақал Райханды жанына шақырып: «Шырағым-ай, бағың жанып тұр екен, тіл-көз тимесін, батамды берейін» деп, өміріне ақ жол тілеп, ризашылығын білдірген еді. Мінекей, осындай жарасымды істерімен Райхан Сахыбекқызы халық құрметіне бөленіп жүр.

**Ибраһим АҒЫТАЙҰЛЫ,**
**ахметтанушы, Қазақстан**
**Журналистер одағының мүшесі**

ҚОСТАНАЙ

«Қазақ газеттері» ЖШС және Серіктестікке қарасты басылымдардың еңбек ұжымдары тарихшы ғалым, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры
**Қайсар ҚҰСАЙЫНҰЛЫНЫҢ**
қайтыс болуына байланысты маркұмның отбасы мен туғантуыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚазМУ-дың журналистика факультетінің 1982 жылғы түлектері курстас достары, белгілі жазушы Нұрғали Оразға аяулы анасы
**Тұрсын АДАМБАЙҚЫЗЫНЫҢ**
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Сауық Жақанова мен Ажар Тоқбергенова курстастары Әділ мен Дариға Дүйсенбековтерге ұлы
**АЙДАРДЫҢ**
қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

# ГЕНЕТИК

**ЖҰРТТЫ ЖҰБАТҚАН ЖАҢАЛЫҚ**

*«Мен оны көптен бері жақсы білемін. Ол менің студентім болған кезде қабілетімен ерекшеленді. Р.Берсімбаев – генетика мен молекулалық генетика саласындағы аса көрнекті ғалым».*
***Л.И.Корочкин,***
***Ресей Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі,***
*1995 ж.*

«Нағыз ғалым» деген ұғымды айшықтайтын белгілі бір өлшемдер бар. Соның ең бастысы – зерттеушінің өз саласында талассыз мойындалуы. Егер оның беделі биік, еңбектері ерекше болса, алыс-жақын елдердегі әріптестері төбесіне көтеріп, алақанға салып аялайды. Оған қоса, ғылыми зерттеуінің нәтижелері шетелдің танымал басылымдарында жарияланып, елдің ыстық ықыласына бөленсе, бұл құрмет еселене түседі. Сондай-ақ, зерделі зерттеуші заманауи үрдістерді жетік біліп, шет тілдерін еркін меңгеріп, сол тілдерде оқып-жаза алса, өз ортасында айрықша беделге ие болады. Ал, осы талаптардың бәріне лайық адам ұлттық мұратты берік ұстанса, барша жұрт жаппай қадірлейтін тұлғаға айналады.

Қазақ елінің маңдайына басқан мықты ғалымдары баршылық. Бірақ әлгіндей қасиеттер олардың бәрінің бірдей бойынан толықтай табыла бермеуі мүмкін. Бірі аса білікті маман болғанымен, ілгеріде алтын бастауларынан ажырап қалғанына өкінеді. Екіншісі өз елінде танымал болса да, сырт жұрт оны біле бермейді. Үшіншісі өзге тілдің бәріне жүйрік, бірақ, өз тіліне келгенде епте мүдіреді. Төртіншісі, ғылыми мақалалары үнемі жарияланып жүрген белгілі ғалым болса да, жұрт алдында сөйлейтін тұста ойын шашыратып алады. Әйтеуір, бір кем дүние...

Ал енді жоғарыда аталған ерекшеліктердің бәрі де бойынан табылатын зерттеушілерді ұлттың ұйтқысы, зиялылардың зиялысы деп бағалауға болар. Біздің кейіпкеріміз Рахметқажы Берсімбай – нақ осындай ғибратты ғалым.

Раханмен ертеректе «Дарын» орталығы ұйымдастыратын мектеп оқушылары арасындағы дәстүрлі ғылыми сайыстардың бірінде таныстық. Сол жылы ғылыми жобаларды сарапқа салатын комиссияның мүшесі ретінде Астанада бас қосқанбыз. Комиссия құрамында өзім бұрыннан білетін қатарлас ғалымдар Амангелді Бисенбаев пен Қасым Дускаев та бар екен. Ер көңілді биолог Амангелді Қуанбайұлы мен «Су дегеніміз – өмір» деп тереңнен толғайтын гидролог Қасым Қоянбайұлы – өз саласын жетік білетіні өз алдына, адам ретінде сыйласуға әбден лайық жігіттер. Ал Рахметқажы аға сол Амангелдінің ғылыми жетекшісі екен.

Көп ұзамай еліміздің бүкіл бұқаралық ақпарат құралдары сенсациялық жаңалықты жарыса хабарлап жатты. Жұрт бұған бірден елең ете түсті. Еленбейтіндей реті бар еді. Осы уақытқа дейін Семей полигонының зардаптары туқым қуалайды делініп келген-ді. Бұл жөнінде үздіксіз айтылатын, дамылсыз жазылатын. Тіпті ғылыми зерттеулердің де тұрақты тақырыбына айналған. Шындығында, олай емес болып шықты. Жалпы, жаңа тұжырымды ұсынушылар полигон кеселінің туқым қуалайтынын мүлде жоққа шығармайды. Олар тек бұл зауалдың белгілі бір атамен шектелетінін дәлелдеп отыр. Сынақ аймағының тұрғындары үшін бірбірінен сүйінші сұрайтындай ақжолтай хабар қалың жұртқа тарап кетті. Сол күні белгілі генетик ғалым, ҚР ҰҒА академигі Рахметқажы Берсімбай біздің әріптестерімізге сұхбат беріп, өзі ашқан жаңалықты егжей-тегжейлі түсіндіріп жатты.

Сынақтан соңғы радиация кез-келген организмге залал келтіретініне дау жоқты. Оның үстіне туқым қуалау жыныс клеткалары арқылы жүретіні де белгілі. Сондықтан ғалымдар қауіпті кеселдің бірінші ұрпаққа әсер етуі мүмкін екенін айтады. Ал әрі қарай қалай болмақ? Генетикті осы мәселе көбірек толғандырған еді. Ол өз зерттеулері арқылы «Полигонның зардабы осы аймақты мекендеген адамның балаларына, немерелеріне қалай әсер етеді?», – деген сауалға жауап іздеумен болды. Тегінде, мұндай ауқымды зерттеулердің бәрі белгілі бір идеядан туындайды. Ал идея адамға түрлі жолмен келеді. Ғылыми басылымдардан кейбір мақалаларды оқып отырғанында ой түседі, сондағы тосын мәліметтер өзгеше тұжырымға жетелейді. Содан өз бетіңше қорытынды жасайсың.

Чернобыль атом электр станциясындағы апат Раханның тәуекеліне түрткі болған еді. Соның зардаптары жөніндегі мәліметтер Англияның «Nature» атты ғылыми журналында жарық көргеннен кейін бұл тақырыпты терең зерттеуге бел буды. Сөйтіп, іргелі ізденісті бастап кетті. Раханға тілеулес басқа ғалымдар да бұл зерттеумен айналысуға тілек білдірді. Әсіресе, Ұлыбритания, Финляндия және Американың генетиктері ортақ іске мол үлес қосты. Біздің кейіпкеріміз солардың бәріне басшылық етті. Зерттеу ісіне қыруар уақыт жұмсалды. Ақыры, бұлар «Үшінші ұрпақтан бастап радиацияның әсері бола қоймайды» деген тоқтамға келді. Шынында да, кейіннен туған балалар залалдан аман-есен болып шықты. Осы тұжырым арқылы Семей полигонынан зардап шеккендерді түп-тұқиянымен қосып аурулар санатына жатқызып қойған кейбір ғалымдарға лайықты соққы берілді.

Рахметқажы Берсімбай бастаған ғалымдардың жаңалығы халықаралық деңгейде сынақтан өтті. Бұл жөнінде «Science» журналында мақала жарияланды. Бүкіл дүниежүзіне тарайтын ғылыми басылым арқылы төрткүл дүние түгел құлақтанды. Осы саланы зерттейтін небір мықты ғалымдар Раханға арнайы телефон шалып, пікір алысты. Зерттеу нәтижелері АҚШтың Сенатында талқыланды. Ғылыми орта енді аталған жарияланымға қарап, тиісті қорытынды жасап, бағыт-бағдарын түзейтін болды.

Бұл – оның генетика саласындағы көп жаңалығының бірі ғана. Бірақ осы теңдессіз ғылыми нәтиже елеңдеулі елдің санасына өзгеріс енгізіп, жабыққан жұрттың көңілін орнына түсіріп, жұбаныш әкелгендей болды. Тіпті, біреулер көз жасына ерік беріпті деседі...

**ҮШ ҮРДІСТІҢ ҮЛГІСІ**

*«Мен оны алғаш рет Лондонда, Дүниежүзілік фармакология конгресінде кездестірдім. Сол кезеңде ол өте өнімді жұмыс істеді. Соның бәрі оған аса беделді журналдарда 120-дан астам мақала жариялауға мүмкіндік берді».*
***Карл-Фридрих Севинг,***
***Ганновер жоғары медицина мектебі медициналық зерттеулер орталығының директоры,***
*1995 ж.*

Бір күні алашқа танымал академик мемлекеттік қызметке келді. Мемлекеттік қызмет болғанда да, анау-мынау емес, еліміздің Білім және ғылым вице-министрінің орынтағына жайғасты. Дәлірек айтқанда, мемлекеттік қызмет академикке қолын ұсынды. Бұл оның айналасындағылар үшін тосын жаңалық болды. Өмір бойы ғылымның қазанында қайнаған, зерттеудің қазығына байланған адамның шенеуніктің шекпенін жамылуы шынымен де таңсық көрініп еді. Тілеулестері «Раханның ғылымдағы бірқатар жоспары орындалмай қалатын болды-ау» деп қауіп ойлады. Бірақ академик Берсімбай бұл қадамын да ойланбай жасаған жоқ-ты. Біріншіден, қызметке сол тұстағы жаңашыл министр Жақсыбек Құлекеев шақырды. Бұрын өмірі араласып көрмеген адамның қолқа салуы оның сенімін оятты. Екіншіден, оған ғылымды қадағалайтын сала ұсынылды. Ендеше, өзі білетін шаруа аса қиындық туғыза қоймайтын шығар. Үшіншіден, ғылыми ізденістерін дамытуға зор мүмкіндік ашылатынын аңғарды. Онсыз да жиі байланысып тұратын әлемдік деңгейдегі ғалымдармен кеңірек араласудың сәті түспек. Төртіншіден, инновациялық бағдарламаның жаңа басталып жатқан кезі еді. Соны ғылымға енгізудің басқасында болу міндеті жүктелмек. Сөйте тұра, бірден елп ете қалған жоқ. Өйткені, бұрынғы үйренген жұмысы жақсы еді. Сөзге келместен салып ұрып жетіп баратын жастан әлдеқашан асып кеткен. Сондықтан едәуір салмақтап-саралап, ақыры келісім берді.

Рахметқажы Берсімбай жаңа қызметінде де ғылымнан шеттеп қалмайтынын дәлелдеп шықты. Инновация мәселесі қолға алынып жатқан тұста түрлі ұсыныстар айтылды. Шет елдерден инновацияны елімізге әкеліп, бәрін бірдей өзімізге сіңірейік дегендер де болды. Раханға бастаған басшылар бұған бірден қарсылық танытты. Олар көзсіз көшірменің ұшпаққа шығармайтынын салғаннан-ақ ұқты. Алдымен өз еліміздегі ғылым тәжірибесі басты бағыт ретінде белгіленді. Қалай болғанда да, Қазақстан – күллі жұртқа Ғылым академиясымен танылған ел. Академиялық үлгідегі зерттеулер талай жыл сынақтан өткен мәртебелі мектептің жемісі екені анық. Отандық ғылым елдің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ғалымдар әр кезеңде пайдалы қазбаларды іске жарату жөнінде бағалы ұсыныстар айтты. Өндірісті өрге сүйрейтін жобалар көптеп жасалды. Ғылым технологияны, технология ғылымды жетілдірді. Раханға осының бәрін түпқазық етіп ұстанды. Ақыры, «өз ғылымымыз өз елімізге қызмет етуге тиіс» деген тұжырымға табан тіреді. «Шетелден тәжірибені көбірек алсақ, тезірек дамимыз» дейтіндерге осыны ұғынықты тілмен түсіндірді. Сөйтіп, ол нағыз ғылымға жанашыр әрі қорған болды.

Ғибратты ғалым Рахметқажы Берсімбай кеңсе қызметін жатсынған жоқ. Өз саласының қыр-сырын жақсы білген соң, көп қинала қоймады. Қарапайым болмысы жұртшылыққа жақындауына жол ашты. Сәт сайын жиналыс өткізіп, елді әбден мезі қылатын мазасыз шенеунік болған жоқ. Нақты ғылымның өкілі ретінде мәселені турасынан қойып, тапсырманы қысқа-нұсқа етіп беруге дағдыланды. Кейбір әріптестері секілді жұртты есігінің алдында иіріп қойып, асықпай қабылдауға да әдеттенбеді. Шаруамен келген адам оның бөлмесіне еркін кіріп-шықты.

Қазір мемлекеттік қызметке талпынған жастарға үш тілді игеру талабы қойылады. Ал біздің кейіпкеріміздің тек-тұлғасы бұл талапқа о бастан сай келетін еді. Қазақшасы келісті, орысшасы оралымды. Ағылшын тілінде еркін көсіледі. Қысқасы, үш тұғырлы ғалым. Қазақ ауылында туған соң, ана тілінің қадір-қасиетіне жастайынан қанықты. Ресейде оқыған соң, орыс тілін жетік меңгерді. Халықаралық деңгейде зерттеулер жүргізетін болған соң, ағылшын тілін үйренуге ден қойды.

Көрші елдің құрамындағы Қосағаш ауданында қазақша оқыған, Таулы Алтайдың педагогикалық училищесін үздік бітірген ұғымтал ұлан Новосібір университетіне түскенде ағылшынша бір әріп танымайтын. Кез келген оқу орнында ағылшын тілі сабағы басталғанда дәріске қатысушыларды тіл игеру деңгейіне қарай бірнеше топқа бөлетіні белгілі. Жас жігітті әліпті таяқ деп білмейтіндердің қатарына қосты. Ол әдепкіде қатты қиналды. Академиялық қалашықта бұрынғы одақтың әр түкпірінен келген озық ойлы қыз-жігіттер тұрды. Бұл солармен бірге оқыды. Шетінен сабақты үздік оқыған өрендер. Түгел дерлік өз республикаларындағы физика-математика мектептерін бітірген. Оның үстіне ғылымның қара шаңырағына айналған орталық тек мықтылардың мекені болу керек деген қағида бар. Сондықтан бәрі де биікке ұмтылды, ерінбей еңбектенді, ізденуден жалықпады. Біздің кейіпкеріміз де солардың шаңын қауып қалмауға тырысты. Кешікпей қатарластарын қуып жетті. Ағылшын тілі алынбас қамал емес екен. Біртебірте ойын жеткізе алатын болды. Сөйлем құрап жазуға кәдімгідей машықтанды.

Жалпы, бұл оқу орнында тіл үйренемін деген адамға толық жағдай жасалған. Ағылшын тілін аптасына төрт рет оқытылады. Әрбір студент үшінші курстан бастап түрлі лабораторияларға бекітіліп қояды. Сол лабораторияларда көбінесе шетелдік ғалымдар жұмыс істейді. Олар ертелі-кеш зерттеулер жүргізіп, эксперимент жасайды. Мұнан артық қандай мүмкіндік керек? Елгезек студент солармен сөйлесуге талпынады. Шешіліп әңгімелесуге тілдік тәжірибесі жете қоймайды. Жас өреннің ынтасы зор екенін лаборатория меңгерушісі бірден байқап қойды. Көп ұзамай оны шетелдіктердің тобына қосты. Содан тілдің түйіні шешілді де кетті. Ақыры, отыз жасқа дейін ағылшыншаны тәп-тәуір меңгеріп алды. Бірақ басқа тілді үйренудің сәті түскен жоқ.

Белгілі бір тақырыпты зерттеуді қолға алғандар алғашқы қадамын ғылыми мақала жазудан бастайды. Раханның әдепкі жазған үш мақаласы да ағылшын тілінде жарияланды. Швейцарияның «Experientia» деген ғылыми журналында жарық көрді. Ал кейінірек тікелей ағылшын тілінде жазған кітабы басылып шықты. Ұлт ғалымы ретінде қазақ жұртына кең танылды, Ресейде оқып, ғылымын үйренген соң, сол елдегі әріптестерінің арасына беделді болды, әлемде өзіндік орны бар өзге мемлекеттер өкілдері алдында жаңалықтарын жария етті.

Сөйтіп, ол үш тілдің игілігін көріп, үш үрдістің үлгісін ұстанды.

**БИІККЕ БАСТАҒАН БЕЛЕСТЕР**

*«Р.Берсімбаевтың еңбегі міндеттерді нақты қоюымен, тосын шешімімен, елеулі нәтижелерімен ерекшеленеді. Меніңше, ең жоғары бағалауға лайық».*
***Дмитрий Беляев,***
***КСРО Ғылым академиясы Сібір бөлімшесінің Цитология және генетика институтының директоры,***
***КСРО ҒА академигі,***
*1977 ж.*

О баста Раханның жетекшіден жолы болды. Новосібірдің академиялық қалашығында 1957 жылдан бері қызмет істеп келе жатқан әйгілі академик Рудольф Иосифович Салганикке шәкірт болу бақыты бұйырды. Кеңес Одағының даңқты биохимик ғалымы білмекке құштар қазақтың қара баласын бірден бауырға тартты. Отан соғысының қанды қырғынын бастан өткерген ол шәкірттерін өз баласынан кем көрмей, үнемі мейірбандық танытты. Ғылымның өз өкілі болуға баулыды. Академик ол кезде Цитология және генетика институты директорының орынбасары болатын. Бір жағынан университетте молекулалық биология кафедрасын басқарды. Мақалаларын ағылшынша жаздырып, шет елдердің ғылыми басылымдарына ұсынып жүрген де – сол кісі. Лениндік сыйлықтың және КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Рудольф Салганик қазір 94 жаста. Америка Құрама Штаттарындағы Солтүстік Каролина университетінде қызмет істейді.

Рахметқажы аға кейін Ұлыбританияда бір жылдық ғылыми тәжірибеден өтті. Сөйтіп, ағылшыншасын жетілдіре түсуге мүмкіндік туды. Бұл тұста оның шет елдерде бірнеше мақаласы жарық көрген-ді. Соның алдында ғана Шотландияға барып, халықаралық конференцияға қатысып, баяндама жасап қайтқан-ды.

Англияға баратын ғалымға қатаң талап қойылды. Біріншіден, ол генетик болуы керек екен. Екіншіден, ағылшын тілін жете меңгеруі шарт. Үшіншіден, өз саласында ашқан жаңалықтары есепке алынады. Бұл кезде Қазақ ұлттық университетінде қызмет істейтін Рахметқажы Берсімбай сол талаптарға лайық ғалым еді. Сондықтан оның кандидатурасы дау тудырған жоқ.

Лондонның Ұлттық Корольдік институтында Нобель сыйлығы лауреаттары лекция оқыды. Білімдері көл-көсір болса да, қарапайымдылығынан танбайды. Біздегідей шығыған шілдеде буынып, галстук тағып жүргендерді мүлде көрмейсің. Аудиторияға жеңіл киініп келе береді. Шетінен кішіпейіл. Нобель сыйлығын алып едік деп, танауын аспанға көтермейді. Сені өзімен тең санап, әңгімеге тартады. Шетелдік ғалымдардың ішінде Раханның ағылшын тіліндегі алғашқы мақалаларын оқығандар да бар екен. Солардың бірқатары арнайы келіп, жолығып, пікір бөлісті. Тіпті кейбірі өз мемлекеттеріндегі ғылыми орталықтарға қызметке шақырды. Осыдан соң Раханағылшыншасын жетілдіруге құлшынбай қайтсін?! Ұлыбританияның ғылыми мектебі оның тілдік қорын байыта түсті. Қазіргі күні шет елдерде жарияланған мақалаларының өзі елуден асты.

Жалпы, генетика ғылымына қалай келіп еді өзі? Бала біткенге өзі жақсы көретін мұғалімінің қалыптастырған танымы санасына сіңіп қалатын көрінеді. Таулы Алтайдың педучилищесінде оқып жүргенде биология пәнінің оқытушысы өз сабағын өте қызықты етіп өткізетін. Ол тек оқулықтағы мәліметпен ғана шектелмейді. Пәнге қосымша үйірмелер ұйымдастырады. Сол үйірмеге кірсең, шыққың келмейді. Бұл өмірде биологиядан артық нәрсе жоқтай көрінеді. Өзі де бала кезінен жаратылыстың сырларын зерделеп көруге құмар еді. Биология пәні соның бәріне кеңінен жол ашты. Тегінде, оны адам миының құрылысы қатты қызықтыратын. Ми қандай заттан құралады? Оған ой қайдан келеді? Ол ой қалай сақталады? Сосын қалай қорытылады? Жас жігітті осындай сауалдар үнемі мазалайтын да жүретін.

Новосібір университетінің медициналық-биологиялық бөлімін бекер таңдаған жоқ. Бұл кезде Трофим Лысенконың әйгілі дауынан кейін құдаланған генетиктер еркіндік алғанды. Солардың бірқатары Новосібірде бас қосты. Атақты Николай Вавиловтың біраз шәкірттері де осында жиналды. Олар жаңаша көзқараспен жаңа зерттеулерге құлшына кірісті. Сөйтіп, академқалашықтың ғылыми дәстүрі дамыған үстіне дами түсті. Рахметқажы сынды жас ғалымдар солардың ілімінен үзбей нәр алды.

Новосібірдің ғылыми мектебі кейін іргелі ізденістерге жол ашты. Ұлыбританиядан соң, Ганновер медициналық ғылыми-зерттеу институтында, Еуропа молекулалық биология лабораториясында, Жапонияның Ұлттық биомедициналық инновациялар институтында ғылыми зерттеулер жүргізетін тағылымдамадан өтті. Әлемді аузына қаратқан алып елдердің танымал университеттерінде дәріс оқыды. Бірқатар мемлекеттерде өткен халықаралық симпозиумдар мен форумдарда баяндама жасады. Әсіресе, жапон ғалымдарының жанкештілігіне тан қалады. Бұл елде өткен ғылыми конференцияларға бірнеше рет қатысты.

Жапония ғылымға жете мән береді. Халықаралық конференцияға елдің Премьер-министрі Синдзо Абе арнайы келіп, сөз сөйледі. Жапон генетиктеріне толық жағдай жасалған. Мықты ғалымдарға арнайы ғимарат бөлінген. Олар көптеген елдегі хирургиялық жолмен шешілетін проблемаларды клетканы өсіріп, ағзаға сіңіру арқылы реттеуге көшкен. Осы жолмен дауасыз делініп келген дерттің біразын ауыздықтауға болатын көрінеді. Жаңағы жапон зерттеушілері сырқаттың жанға батпауы, тәннің ауырмауы үшін тынбай жұмыс жүргізіп, ғаламат нәтижеге қол жеткізуде. Сырқатын сезінбейтін адам жасы ұлғайғанына қарамастан жұмысқа қабілетін танытады. Генетика – о бастан медицинамен ауылы іргелес қонған ғылым. Ұлттың ұрпағы мықты болсын десек, генетиктерге кеңінен өріс ашу керек. Адамның семіп қалған мүшелері қатарға қосылып, клетканың қызметі жаңғырып жатса, генетик еңбегінің жанғаны емей немене?

Шет елдердің лабораторияларында болып, осының бәріне көзі жетіп отырған қазақ ғалымы алдағы күнге сеніммен қарайды. Генетиктердің айы оңынан туатын кезеңнің келеріне еш күмәнданбайды. Бұл үшін өз еліміздегі ғылыми жобаларды ілгерілетіп, әлемдік ғылымға қол созуымыз керек. Біздің кейіпкеріміздің берік тұғырнамасы осындай.

**ҰЛТТЫҚ ҰСТАНЫМ ҰЛАҒАТЫ**

*«Р.Берсімбаев – халықаралық деңгейде толықтай танылған белгілі ғалым. Мен онымен бірнеше рет кездескенде ғылыми жетістіктерінің мойындалғанына көзім жетті».*
***Дж.Р.Тата,***
***Ұлыбританияның Корольдік қоғамының толық мүшесі, Даму биохимиясы лабораториясының меңгерушісі,***
*1995 ж.*

Генетик болған соң, оны ғылымның осы саласының қазақ тіліндегі насихаттаушысы да ерекше толғандырады. Бірнеше тіл білетін Таулы Алтайдың қазағы өз зерттеулерінің өз жұртына мейлінше ұғынықты болғанын қалайды. Сондықтан молекулалық генетика терминдерінің қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігін дайындап, бастырып шығарды. Салалық сөздік нағыз маман араласқанда ғана құнды болмақ. Раханда әрбір атау сөзді, түпкі мағынасына үңіле отырып, зор ықыласпен енгізді. Ол терминдерді оңды-солды қазақшалап тастайтындарды қолдай бермейді. Мәселен, клетканы «жасуша» деп аударатындарды соншалықты құптай қоймайды. Оның атам заманнан келе жатқан «клетка» деген атауын сақтап қалғанын қалайды. Сонымен қатар, генетиканы «тектану» деп жүргендерді де онша мақұлдамайды.

Терминнің бәрі төл тілімізге сіңе бергені дұрыс, әрине. Бірақ біртіндеп сіңуі керек. Өйткені, әзірге кейбір атаудың бүкіл болмысын, мән-мағынасын дәл танытатын баламасы табылып тұрған жоқ. Әлем ғалымдары түгел қолданатын ұғымдар өзгермегені дұрыс. Ол осы ұйғарымға табан тірейді.

Мұны бұрынғы жүйенің дәстүрлерінен ажырамауға тырысушылық деп түсінбеген жөн. Әйтпесе, академиктің жаңашылдығында мін жоқ. Оның қай кезде де заманға лайық қадам жасайтын дағдысы Қазақстан Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының бірінші вице-ректоры қызметінде айрықша байқалды. Ол бұл оқу орнына шет елдермен тығыз байланыс орнату үшін шақырылды. Академия түлектерінің халықаралық тәжірибеден өту үдерісіне басшылық етті. Сырт елдегі жылт еткен жаңалықтың бәрін өз дәстүрімізге бейімдеп енгізді. Сонымен қатар, шетелдегі тәжірибе кезінде өзі де академик басымен мемлекеттік басқару ісінің магистрі дипломын алып шықты. Ондағылар бұған дипломды жоғары оқу орны басшыларының бірі әрі танымал ғалым болғаны үшін бере салған жоқ. Сол үшін міндетті шаралардың бәрін атқарды. Басқа тыңдаушылармен бірге лекцияның бәріне қатысты. Магистрлік дәреже беру үдерісі үш саты арқылы жүзеге асады екен. Алғашқысы – сертификат, екіншісі – диплом, үшіншісі – диссертация. Әрқайсысына алпыс кредиттен тиесілі. Раханақадемикпін деп бәлсінбей, соның бәрін ойдағыдай орындап шықты. Жаңалыққа жаны құмар болмаса, сөйте ме?

Рахметқажы Іскендіруллы – Таулы Алтайдың перзенті. Ресейдің Алтай өлкесіндегі қазақтар мекендейтін Қосағаш ауданының Жазотыр ауылында өмірге келген. Жиырмасыншы ғасырдың басында Қазақстанға қарағаннан аядай ауылдың мектебінде жеті жыл қазақша оқыған ұлан кейін үш мектептің бесігінде тербелді. Жастайынан ұлттық ұғымдарды санасына сіңіріп өсті. Есейе келе көрші елдің дәстүрлеріне қанықты. Кейін Батыс менталитетін игерді. Осы үш арнаның игі үрдістерін көңіліне мықтап ұялатты.

Ол туған жерінің мәртебесін ұлықтаудан жалыққан емес. Ілгеріректе Алматыдағы М.Әуезов музей-үйі жанындағы халық университетінде Алтай қазақтарының тыныс-тіршілігі туралы арнайы дәріс өткізді. Жиылған жұрт ойы оралымды, байламы байсалды, танымы терең биологтың сөйлеген сөзіне таңдай қақты. Деректері мен дәйектерін қызықты етіп айта біледі екен. Қазір де туған жерден тамырын үзген жоқ. Былтыр Алтай өңіріне сапар шеккен экспедицияның құрамында елге барып-қайтты. Сапарластарына туған жерінің тарихын армансыз әңгімеледі. Қосағаш қазақтарының жай-күйі – оның таңды-таңға ұрып жырлайтын таусылмас тақырыбы.

Бүгінде Рахметқажы Берсімбай Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жалпы биология және геномика кафедрасының меңгерушісі болып қызмет істейді. Бұл оқу орнына әуелде ректор Бақытжан Әбдірайымның ұсынысымен ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректорлыққа шақырылған еді. Кейін ғылыми зерттеулеріне кеңінен өріс ашқанды жөн көріп, Клеткалық биология және биотехнология институтының директоры, молекулалық генетика лабораториясының меңгерушісі болды. Оның жеңіп алған ғылыми жүлделерінде есеп жоқ. Шет елдердегі аса беделді ғылыми орталықтардың гранттарын иеленді. Ұлыбритания Корольдік қоғамының П.Капица атындағы сыйлығының лауреаты. «Құрмет» орденінің иегері. Абырой-беделі жеткілікті. Ең бастысы, өзге мемлекеттердегі әріптестері онымен кәдімгідей санасады, таласты мәселелер туындай қалса, қазақстандық ғалымның пікіріне ықыласпен құлақ түреді.

Қазақтың аса танымал генетиктері саусақпен санарлық. Рахметқажы аға – сол аз ғана ғалымдардың ішіндегі бірегейі. Жалпы, генетик болу бар да, ұлт мүддесін ойлайтын маман болу бар. Дәрігер халықтың саулығына алаңдайды. Мұғалім ұрпақтың көзі ашық болғанын қалайды. Ал ұлт мұратын ұстанған генетик елдің болашағының қамын ойлайды. Қазақ елінің келешегі кемелденіп, қазақ жұртының саны молайып, қазақ ұланының тектіліктен ажырамай, үнемі жетіле беруін жан-тәнімен тілейді. Жылдар бойы жиған бүкіл ілім-білімін соның жолында сарп етеді. Адам баласы ерте қартаймай, ұзақ ғұмыр сүруі үшін күндіз-түні зерттеу жүргізетіндер де – солар. Сондықтан өркениетті елдер ғибратты генетиктерін пір тұтады. Биологияның осы бір аса қиын саласын таңдап, даралаңып шыққан Рахметқажы Берсімбай да – сондай тұғырлы тұлғалардың бірі.

* * *

Қазақ тұрмысының ілгері болуына қызмет ететін қазақ генетикасының көшбасшысы Рахметқажы Берсімбай бүгінде халықаралық деңгейде танылған көрнекті ғалым атанды. Ендеше, бір кезде Жазотырдағы мектепте жеті жыл оқып, Таулы Алтай педучилищесіне түскен баланың биологияға құмарлығын оятқан баяғы ойлы оқытушының еңбегін қалайша бағаламассың?!

**Бауыржан ОМАРҰЛЫ**

## ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕР ЖЫРЛАЙДЫ

Жұлдыз БЕЙСЕК

### КӨКТЕМ-АНА, ҚҰШАҒЫҢА АЛ МЕНІ!

Кірпіктерін әзер ашып шық жатыр,
Жарысуға дайындалып жылға түр.
Жаңбырменен қауышамын,
Алақай
Деп аспанға көтерілді қолшатыр.

Биші қыздай майысады жел сұлу,
Бар даусымен күлер болды енді су.
Қыр астынан бой көтерер қызғалдақ,
Күнге қарап сыбырлайды «мен – сұлу».

Жер-бесіктен басын созып өскіндер,
Рақмет, ана, еңбегіңіз өстім дер .
Жапырағымен билеп және сыр айтып,
Бойжеттім мен,
Құлағымды тестім дер.

Қар жылаған... сұрағандай кешірім,
Мейірімге ашық менің есігім.
Біреу маған талмай ұзақ қарады,
Көктем дедім,
Көктем дедім есімім.

***

Босанғандай бұтақтарым бүр жарды,
Қолын бұлғап тал шақырды құстарды.
Тіршіліктің белгісі ғой,
Оянды.
Көктем-ана қолда деді ұшқанды.

Сәукелесін киіп алды сарғалдақ,
Қыр төсінде қызғалдақтар ән салмақ.
Қиыршық құм жел қуалап күлгенде,
Ауыл дедім көктен түсіп қалған бақ.

Жер көрпесін имене ашты шөп керім,
Көрді күннің қақ маңдайдан өпкенін.
Күн құшады қара жерді жұмақ деп,
Жер елжіреп дем бердің дер көктегі үн.

Сай-салалар бозбаладай тебіскен,
Жүгіргендей мал қайтқанда өрістен.
Таудан аққан апам сынды сол өзен.
Қолындағы бармен елмен бөліскен.

Бұлт – тостақтан шашу шашты аспан да,
Домбыра үні шықты жерді басқанда,
Үйіп едік, жылтырынан жинап ап,
Көктеммін деп жазу жазды тастар да.

Балалықтың иісіндей таң лебі,
Бұл ғұмырым, ғұмыр емес бал ма еді?
Әр тал шашым раушан болып гүлдеп тұр,
Көктем-ана, құшағыңа ал мені.

***

Анам күтіп тұрған шығар төбеңде,
Жасын сүрт, жел, көре қалсаң «келер» де.
Жанында жүр, ақмаңдай ай, кешкұрым,
Шеңгелдердің қоңырауын терерде.

Туған жерді бүгін, ертең... көрем бе?
Тал бесігің тыныштыққа бөлер ме?
Түсімде мен көктем-қызбен той тойлап,
Үй ойнаймын, құмды екіге бөлем де.

Лақ қуалап, гүлден гүлге жүгірген,
Етегіне ошағандар ілінген,
Саусақтары сұлу еді анамның,
Туған жердің тікенімен тілінген.

Саған қарай қадам басып келемін,
Бақылайтын бойшаң аға - терегім.
Көбелегім қонбай әуре ететін,
Еркелетіп иілетін еменім.

Сүйемін-ау, құм суырар дауылын,
Құмнан моншақ таққан менің ауылым.
Шалқып кетсем құшағында күндей боп,
Бір иіскемей кетпеуші еді жауының.

Бақбақ гүлім, бәйшешегім – құмарым,
Сендерді өппей, сағынышқа құладым.
Топырағыңнан түлеп ұшқан қызын ем,
Шаштарымнан жусан аңқып тұратын.

Киелі ғой сенде жатқан тас-дағы,
Шақырады мөлдірліктің аспаны.
Канша уақыт ауаң мені құшақтап,
Күнің алтын сәулелерін шашпады.

Аппақ қарың ерімеді қолымда,
Қаңбақтарың жүгірмеді жолымда.
Бақаларың секірмеді солымда,
Тасбақалар тәй баспады оңымда.

Күлкім еді – сылдыраған бұлақтар,
Жасыл шөбім жайлауым ғой тұрақтар.
Мен келгенше жанында боп анамның,
Жарық етші жолын жұлдыз – шырақтар.

Жамбыл облысы
Талас ауданы

# Қыр астынан бой көтерер қызғалдақ...

Гүлсамал АЙМАХАНОВА

### ШЫН СҮЙСЕҢ...

Біз Көктемде таныстық,
Әсем бақта табыстық.
Жан-жүректі баурады...
Нәзік сезім – ғашықтық.

Шын сүйсең...
Бар әлем құлпырады,
Көк-жасыл дүние құбылады.
Бақытқа бөлейді ғашықтарды...
Махаббаттың нұр-шуағы.

Шын сүйсең...
Бар мұңнан арыламын,
Өзіңді сәт сайын сағынамын.
Жүректі кернеген Махаббатым,
Асыл әнім!

Сол бір Көктем есімде,
Саумал самал есілген.
Сыр шертісіп, жұптастық...
Сауық-думан кешінде.

Шын сүйсең...
Жүрекке нұр тұнады,
Жаныңды кернейді сыр бұлағы.
Жалынын сақтаған Махаббаттың...
Ғашықтардың жұбы мәңгі.

Шын сүйсең...
Көктемдей жаңарамын,
Таңдағы тілектей тазарамын.
Айнымас сертінен Махаббатым,
Ғашық жаным!

### ЖЫР КИЕСІ

Сәлем, Сөздің бас иесі –
Сырлы Жырдың хас киесі!
Табындырған шырқау Көкті...
Түпсіз терең қасиеті.

Аударып от назарыңды,
Азайтсаңшы азабыңды.
Ақ жауынның тамшылары...
Аңсайды ғой таза мұңды.

Сыйлап лепті самалынды,
Сергітсеңші жамалымды.
Кең тыныспен салқындатшы...
Құрсауланған қамалымды.

Көлегейлеп бар асылды,
Кие тұнған Дала сынды...
Көктемдіктің сыр сандығы...
Көксеп сазын, таң асырды.

Баурап шемен ет-жүректі,
Бұлтын шердің селдіретші.
Балақандай елжіретіп,
Бесігінде тербетсеңші.

Сана көгін биіктетіп,
Сынағыңды жеңілдетші.
Сезім гүлін үйіп беріп,
Сыр-жырымды күлімдетші.

Қарауытқан тау тұлғалы,
Көмбең бе екен қазыналы?
Қамықтырды табиғатты,
Қоңыр күйің... сазды, назды.

Жанымды бір жадыратып,.
Жұлдызымды жарқыратшы.
Жанартаудай жалын атып,
Жырдың шоғын шашулатшы!

Айналайын, Жыр киесі!
Көркем Күйді күмбірлетші.
Күреңіткен дүниені...
Аймаласын Көктем лебі!

### КӨЗ КӨРГЕНДЕР...

Көк жиектен жедел көшіп,
Құба жонның құмындай...
Қасиеттер көзден өшіп,
Қарауытты Қырымдай.

Көмескілеу көз көргендер,
Қара Нары Даланың.
Көзден ғайып көген белдер...
Құрсауында наланың.

Қаратауда көш бастаған
Қайда қайран, аталар?
Қара жолда қаңтарылған...
Қазынам ба, қырқалар?

Құрбысымен кесте тіккен,
Қайда ғазиз әжелер?
Кең қолтығын көктеп өткен...
Қойнында ма қара жер?

Көз көргендер қалды ма екен,
Көмбесінде өткеннің?
Көз-жанары талды ма екен,
Көбесінде бөктердің?

Кібіртіктеп Көштен кейін,
Керуендей шөккен Кім?
Кешегіме қойып зейін,
Көкейден шер өткердім.

Кие тұтқан өмірімде,
Көбейер ме төрімде?
Күрсінгендер көңілімде,
Күлімдер ме Көгімде?

...Қымбат екен ғазиз жандар –
Қайран, Баба баласы.
Қайрат қайтып, азаймаңдар –
Қазағымның Данасы!

Қуаттанған алмас-сертпен,
Қариялар, бармысың?
Құрбысымен назын шерткен,
Кейуаналар, армысың!

Қадірменді Көз көргендер –
Қасиеті Елімнің!
Құдіретім, өзгермеңдер...
Құнар-құты Жерімнің!

АҚТӨБЕ

Ақбота МҰХАМБЕТӘЛИ

### АНА ТІЛІМ

Тіл арқылы шертілер  жан сырымыз,
Тіл арқылы ашылар сан қырымыз .
Тіл дегенің тірегіміз тұғырлы,
Тіл  дегенің бағымыз бен арымыз.

Жасай берер мәңгілікке ана тіл,
Тіл сырына тереңірек бойлай біл.
Туған тілдің көркеюі, өсуі,
Өз қолыңда соны жұртым,  ойлай біл.

Тілім десе қуаныштан салам ән,
Жүрек нұры  ана тілден таралған.
Тіл тұғырын биіктету, нығайту,
Бізге аманат, қалған мирас бабадан!

### САҒЫНДЫМ

Анашым, уайымдама жақсы бәрі,
Көңілімнен сазды әуен таралады.
Студенттер жандар ғой ақ пейілді,
Өздеріне тартады бар адамды.

Анашым, сағындым ғой өзіңізді,
Боташым, күнім деген сөзіңізді.
Әрқашан ақыл айтып, демеу болып,
Күлімдеп құшақтаған кезіңізді.

Анашым, студентпін енді мен де,
Қызыңыз бой жетуде күннен-күнге.
Сезудемін күткендей емес екен,
Өмір сүру дегенің жеңіл мүлде.

Шуақ шашқан арайлы бүгін маңым,
Арманға қол создырар нұрлы таңым,
Анажан, алаңдама, өзің артқан,
Үмітіңді ақтауға тырысамын.

### БАСТАУЫ ӨЗІҢСІҢ ОТАННЫҢ

Туған жер мерейлі мекенім,
Бауырыңда ойнақтар бөкенің.
Жанымнан сені әркез тастамай,
Жырлаумен өзіңді өтемін.

Туған  жер сен де өскен ботаңмын,
Өзіңнен күш алдым, от алдым.
Сен деген жақсылық қайнары,
Бастауы өзіңсің Отанның.

АЛМАТЫ

Марал НАРЫМБЕТОВА

### ҚАЛАЙ ҒАНА ҰМЫТАМЫН ӨЗІҢДІ

Ағаш біткен алтын сырға тағынып,
Маужырайды дала нұрға малынып.
Тек мен жалғыз тереземнің алдында,
Сарғаямын сүйгенімді сағынып.

Сансыз ойлар мазалайды еріккен,
Әлде маған жалған уәде беріп пе ең.
Күнде өзіңді күтіп жүрмін тағатсыз,
Неге жаным келмей кеттің, неліктен?

Жалын оты жандырады жанымды,
Құса болдым шығара алмай зарымды.
Келіп күтші, аялашы гүліңді,
Сөндірмеші алаулаған жалынды.

Қалай, қайтіп ұмытамын өзіңді,
Нұрға толы мөлдір қара көзіңді.
Өшіремін қалайша өз қолыммен,
Жаңа гүлдеп  бүршік жарған сезімді.

***

Қызғалдақ басып қыр-белді,
Құлпырып дала гүлденді.
Шуағын шашып алтын күн,
Дүние ғажап түрге енді.

Жанымда сүйген аяулым,
Бойымды шаттық кернейді.
Осы бір шақтан нұр төккен,
Қол үзіп қалғым келмейді.

### ҚЫЗ БЕН ГҮЛ

Құмар етер  жұпары бар гүлдің де,
Үзіп алып, иіскеп  оны көрдің бе?
Алаулаған сезіміңді білдіріп,
Сүйгеніңе гүлді сыйға бердің бе?

Қыз да нәзік гүл секілді, білгейсің,
Күтіп-баптап қамқоры  боп жүргейсің.
Жайына  оның мұң-қайғыны жолатпа,
Қиындықты жігіт болсаң жеңгейсің.

Баға жетпес бақытың ол, бағала,
Күн түсірмей бағып, қағып, аяла.
Сонда сені мәңгі сыйлап өтеді,
Кір жолатпас жүрек түгіл жағаңа.

Қызылорда облысы
Қазалы ауданы

## МӘДЕНИЕТ

# Түркияда Түркістанды таныстырды

**Жақында Түркияның Ыстамбұл және Бурса қалаларында «Түркістан-түркі әлемінің мәдени астанасы» жобасын таныстыру шаралары өтті.**
**2016 жылдың 1-2 желтоқсан күндері Әзербайжанның Шеки қаласында өткен Түркітілдес елдердің Мәдениет министрлерінің Тұрақты Кеңесінің 34-ші мәжілісінде Қазақстанның Түркістан қаласы 2017 жылғы «Түркі әлемінің мәдени астанасы» болып жарияланған болатын.**

Өткен айда қазақ елінің рухани астанасы саналатын қасиетті Түркістан қаласын бүкіл түркі жұртының ең танымал мәдени орталықтарының біріне айналдыру мақсатында Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Оңтүстік Қазақстан облысының және Түркістан қаласының әкімдіктері күш біріктіріп «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жобасының жылдық жоспарын бекіткен болатын. Атаулы жыл аясында Түркі әлемінің «Наурызнама» іс-шарасы, «Наурыз» халықаралық ақындар айтысы, Халықаралық«Театр көктемі» фестивалі, «Бұраң бел» би фестивалі, Түркі әлемі қолөнер шеберлерінің фестивалі, Халықаралық медиа форум, «Ұлы Дала сазы» дәстүрлі өнер орындаушыларының халықаралық фестивалі сияқты ондаған ірі мәдени жобаларды іске асыру жоспарланған. Алдағы 21-ші наурыз күні «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жобасының салтанатты ашылуы мен ТҮРКСОЙ Баспасөз сыйлығын тапсыру рәсімі өтеді. Қасиетті қалада өтетін алғашқы ірі шараға түркітілдес елдерден 250-ге жуық өнерпаздар, ғалымдар, журналистер мен ресми делегация өкілдері келеді.

Түркістанда жыл бойы өткізілетін шаралар туралы түрік жұртшылығына ақпарат беру мақсатында Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы, Ыстамбұл қалалық Мәдениет басқармасы және Бурса қалалық Мәдениет басқармасы бірігіп ұйымдастырған іс-шараға Ыстамбұл Мәдениет басқармасының басшысы Невзат Күтүк, Бурса қаласының әкімі Режеп Алтепе, ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, осы ұйымдағы Әзербайжан өкілі Елчин Гафарлы, Қазақстан өкілі Асқар Тұрғанбаев, Қырғызстан өкілі Қожагелді Кулуев және ТҮРКСОЙ Қаржы бөлімінің басшысы Санжар Мүләзімоғлы қатысты.

Оңтүстік Қазақстан облысының туристік аймақтары мен Түркістан қаласының көрнекті жерлерін насихаттайтын қысқа фильмді көрсетумен басталған жиында сөз алған ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов түркі өркениетіндегі Түркістан қаласының тарихи маңызын айта келе, «Мәдени астана мәртебесіне орай, жыл бойы Түркістан, Шымкент қалаларында ондаған ірі мәдени шаралар өткізілетін болады. Ең бастысы, биыл бұл өңір түркі әлемінен туристер мен мәдениет қайраткерлерінің жиі бас қосатын, зияратқа келетін мәдени орталығына айналады. Бауырлас түркі халықтары бір-бірінің мәдениетін жақыннан танитын болады» деді.

**Асқар ӘБДУӘЛИҰЛЫ**

## КЕШ

**Оңтүстік Қазақстан облыстық «Отырар» ғылыми-әмбебап кітапханасы «Өлмейтұғын ұлы ағыс» атты жаңа жобаны қолға алып отыр. Жоба тұсаукесері белгілі ақын, әнші, сазгер, Халықаралық «Алаш» және А.Фадеев атындағы әдеби сыйлықтардың иегері, Саха (Якутия) Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Тұрсынай Оразбаеваны еске алуға арналған «Бір әнін қазағымның салып кетсем...» атты әдеби-сазды кешімен ашылды. Басқосу ақынның өрелі де батыл ой-толғаныстарға толы азаматтық поэзиясын кеңінен насихаттауға арналды.**

# «Бір әнін қазағымның салып кетсем...»

Кешті ақын Нармахан Бегалыұлы жүргізіп отырды. Алдымен «Ғұмырдария» хабары мен «Бір әнін қазағымның салып кетсем...» атты слайд-шолу ұсынылды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркінбек Тұрысов, Ілескүл Оразбайқызы, Хализа Сағынбекова және Қабылбек Төретайұлы, Орынбасар Қуандықов және басқалар әсерлі естеліктерімен бөлісті.

Кеш барысында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының студенттері ақын өлеңдерінің желісімен «Іңкәр жүрек әуені» атты әдеби композицияны тарту етті. Жол-көлік колледжінің және Ж.Жабаев атындағы №26 мектеп-гимназиясының бір топ шәкірттері ақын жырларын оқыды.

Мәскеудегі Халықаралық Жазушылар одағы қауымдастығында Қазақстан мен Орталық Азия елдері бойынша хатшы қызметін атқарған Тұрсынай Талай шығармашылық кеш пен кездесулер ұйымдастырды. Кітап шығаруға атсалысты. Қауымдастықтың С.Михалков, Ф.Кузнецов сынды басшыларымен бірлесе отырып «Казахстан в творчестве русских поэтов» атты кеш өткізді. Сонда орыс ақындарының осы тақырыпқа байланысты 200-дей өлеңін тауып, әдеби тұрғыда қос халықты барынша жақындата түскен. С.Досанов, Н.Бегалыұлы секілді қазақ қаламгерлерінің шығармашылық кештерін өткізуге ұйытқы болды.

«Ажал айла таптырмас» демекші, қазақтың айтулы ақын қызының өмірден озғанына екі жылдай уақыт болып қалды.

«Отырар» кітапханасындағы «Оңтүстік қаламгерлері» атты арнайы бөлмеде қаламгерге арналған бұрыш бар. Онда ақынның кітаптары мен марапаттары орын алған.  Оның әдеби, мәдени мұрасы мәңгі жасай бермек.

**Қарлығаш ҮСЕНҚҰЛОВА**

ШЫМКЕНТ

## ОҚЫРМАН ОЙЫ

# Өмір сынағы шыңдайды

**Мен «Ана тілі» газетінің таяудағы нөмірінен белгілі публицист, Қазақстан Журналистер одағының және Ғ.Мүсірепов атындағы әдеби сыйлықтардың лауреаты, Ақпарат саласының үздігі Мақсат Рсалиннің «Өмір сынағы» атты дүниесін оқыдым.**

Автор маған жақсы таныс. Ол кісі Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Аққұдық ауылында туған. Менің жерлесім. «Сағыныш», «Тағдыр сыйы» кітаптарын өмірге әкелді.

«Өмір сынағы» сәтті жазылыпты. Қаламгердің қалам қарымы, шеберлігі анық байқалып тұр. Мұндағы деректер өмірдің өзінен алынғандығы байқалады.

Рас, өмір деген бізге берілген сынақ. Автордың айтар ойы белгілі. Төзімділік танытуымыз керек. Сабырлылық талай сынақтан алып шығады. Болашаққа деген сенім жоғалмауы тиіс.

**Р.НАРАНБАЕВА,**
**Ақжар орта мектебінің мұғалімі**

Ақтөбе облысы

ТІРШІЛІК БОЯУЛАРЫ

*Ресми органдардың ақпараты бойынша, Қазақстанда букмекерлік кеңселердің жылдық ақша айналымы 50 миллиард теңге шамасында. Таза табыстары 10-15 пайызды құрайды. 2007 жылдан 2015 жылға дейін букмекерлік кеңселерден ел бюджетіне 5,2 миллиард теңге салық түскен. Былай қарасаң, бәрі де заңды. Дегенмен, бар мәселе біздің саналы түрде құмарлықтың құрдымына қарай қорықпай аяқ басуымызда болып тұр.*
*Елімізде құмар ойындарға құмартқан жандардың саны жетіп артылады. Казино мен ойын автоматтарын Қапшағай мен Щучинск қалаларына көшірсе де бұл мәселе бүгінгі таңда өзекті күйінде қалып отыр. Себебі олардың орнын басқан букмекерлік кеңселер құмар ойындардың алаңына айналып барады.*

# БӘС ТІГУ
# БАҚ ПА, ӘЛДЕ СОР МА?

Аталған орындар туралы ел арасында сан түрлі пікір бар. Бірі жеңіл жолмен ақша табу харам десе, бірі өзің білетін спорт түріне ақша тігіп оны өндіріп алғанның еш сөкеттігі жоқ, бұл да бір бизнестің түрі деп ақталады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзінің бір хадисінде: «Кімде кім досына: «Кел құмар ойнайық» десе, (осы сөзі үшін) садақа берсін» дей отырып, құмар ойнаудың үлкен күнә екенін меңзейді.

«Құмар» арабша сөзден шыққан. Бірақ аятта құмар сөзі емес «майсир» сөзі келтірілген. Бұл сөз жеңіл жолмен ақша табу мағынасын білдіреді. Ал ғалымдар еңбексіз келетін табыстың негізгі түрлерінің бірі ретінде құмар ойындарын алға тартады. Сахаба Абдулла ибн Омардың р.а. : «Құмар ойын – еңбексіз, оңай табыспен келеді» деген сөзі бар. Сондай-ақ ибн Жәриж Ата ибн Мәйсараның: «Еңбексіз, жеңіл жолмен келетін көлденең табыстың бәрі құмар ойын» деп пайымдаған. Ал Мәкхуль бұған қатысты: «Жеңіл жолмен келетін табыс – құмар ойын саналады, ал құмар ойын – ақша табу немесе ақшаның жеңіл әрі қиындықсыз және әділетсіздікпен жұмсалуы» деп анықтама берген.

Жалпы бәс тігудің тарихы сонау Рим империясынан бастау алған. Ол кездегі адамдар ат жарыстырып, қораз төбелестіру арқылы сол ойындарға ақша тіккен. Бастапқыда, бұл жай ғана көңіл көтеріп, уақыт өткізу үшін ұйымдастырылған. Кейін спорттық ойындардың барлық түріне бәс тігіле бастады. Ал осы заманғы букмекерлік кеңседегі механикалық құрылғы алғаш рет Ұлыбритания елінде қолданылғанын бірі білсе бірі білмес. Біздің елге бәс тігу ойыны тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ келіп үлгерді. Бүгінде аталмыш орындар біреулердің табыс тауып отырған тұрақты кәсібіне айналды.

Соңғы кездері елімізде букмекерлік кеңселердің қатары жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай көбейіп кеткені шындық. Барлық қалаларда, аудандарда, тіпті кейбір ауылдарда да саудасы қызып, күннен-күнге қатары арта түсуде. Олардың дені, әсіресе оқу орындарының маңында, жастар көп бас қосатын жерлерде шоғырланған. Құмар ойындардың құрығына түскен жандар бас көтермей бәс сауданың көрігін қыздырып әлек. Әсіресе студенттер мен оқушылардың ата-анасының бейнетпен тапқан ақшасын әртүрлі ойын автоматтарына, бәс тігетін жерлерге жұмсауы жиі орын алып жатады.

Заң бойынша 21 жасқа толмаған азаматтарға букмекерлік кеңсеге кіруге рұқсат етілмейді. Заң бұзғандарға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 338-бабының 2-бөліміне сәйкес, 300 айлық есептік көрсеткіш (400 мың теңге) айыппұл салынады. Алайда Заңға пысқырып жатқан букмекерлік кеңселерді кездестірмедік.

Осы мақаланы дайындау барысында бәс тігудің қыр-сырына қанығу үшін Алматы қаласындағы букмекерлік орталықтарға арнайы бас сұққан болатынбыз. Сөйтсек, мұндай кеңселердің бәсінде шектеу жоқ. Қанша ақша тіксең де өз еркің. Бұл жерде әлемдік деңгейдегі чемпионаттар мен олимпиадалар болған кезде келушілер қатары көбейеді-мыс. Құмарлыққа салынған кейбір студенттер ұялы телефон, ноутбук сынды бағалы заттарын ломбардқа, арнайы орындарға кепілдікке өткізіп, соның ақшасына бәс тігетінін де құлағымыз шалып жүр.

Құмар ойыннан ұтысқа кенеліп, бәс тігуді доғарған адам миллионнан біреуі болуы мүмкін. Керісінше мол табысқа кенелген адам делебесі қозып, одан сайын ойынды жалғастыруға құмартады. Букмекерлік кеңселерде ойнау, лотерея сияқты жалпы бәс тігілетін ұтыс ойындары адамды бос үміт пен кездейсоқ жетістікке тәуелді етіп қояды.

Қазіргі кезде адамдар кез келген нәрсені үйде отырып-ақ жүзеге асыратын болды. Осыны ескеріп мұндай орталықтар ғаламтор арқылы бәс тігуге мүмкіндік жасап қойған. Қазақстандағы ең үлкен букмекерлік орталықтардың бірі саналатын «Olimp.kz» ойынханасының сайтына кірсеңіз Футбол, Теннис, Баскетбол, Шайбалы хоккей, Киберспорт, Американдық футбол, Аралас күрес, Бейсбол, Биатлон, Бильярд, Бокс, Велоспорт, Волейбол, Гандбол, Гольф, Дартс, Допты Хоккей, Керлинг, Крикет, Мотоспорт, Регби-лига, Регби-Одақ, Солтүстік комбинация, Тау шаңғысы, Үстел үсті теннисі, Флорбол, Формула 1, Футзал, Шаңғы, Шаңғымен тұғырдан секіру секілді спорт түрлеріне бәс тігу үшін арнайы бөлімдер ашып қойғанын аңғаруға болады. Бәс тігушілердің бар байлығын иемденудің сан түрлі тәсілін ойлап тапқан букмекерлік кеңселер спортты қойып, саяси «ойындарға» да ақша қабылдайтынды шығарды. Мәселен шет елдердегі президент сайлауларына қатысты өз болжамдарын жасап, халықты қызықтырып, қалтасын қағу қазіргі таңда таңсық емес. Бір ғана мысал «Olimp.kz» сайтындағы Мәдениет бөліміне кіріп сіз түрлі байқауларда, сайлауларда кімнің жеңіске жететінін ойша болжап, бәс тігуіңізге жол ашық. Тіпті қай әншінің, қай киноның үздік атанатынына да болжам жасауға болады.

Букмекерлік кеңселерде болатын қылмыстар өз алдына, өзіне-өзі қол жұмсау фактілері де аз емес. Қарақшылық, тонау, ұрлық, тіпті адам өлтіру оқиғалары да кездесіп жатады. Оған дәлел Ақтау қаласындағы букмекерлік кеңсенің тоналуы. Жұмыс орнында отырған 26 жастағы кассир қызға белгісіз біреу қару кезеніп, кассадағы ақшаны жымқырып кеткен. Жергілікті полиция қызметкерлерінің мәлімдеуінше, 2015 жылы Басқұдық ауылдық округінде орналасқан букмекерлік кеңседе қызмет жасайтын А. есімді қыз бала шыны ыдыспен басын жарақаттап, кассадан 250 мың теңгені алып, «Inbet тоналды» деп ішкі істер қызметкерлеріне хабарласып жалған ақпарат берген. Алайда бұл қитұрқы әрекеті әшкереленіп, полиция қызметкерлері қыздан ұрланған ақшаны тауып алды.

Бұл тек біз білетін қылмыстық жағдайлар, ал біз білмейтін келеңсіз оқиғалар қаншама?

Қазақстанда «Олимп» букмекерлік кеңсесінің 327 нысаны бар. («Olimp.kz») Әлем елдеріндегі кеңселерінің саны одан да көп. Ал өзге букмекерлік орталықтар ше? Елімізде орта есеппен алғанда Интернет-ресурс арқылы бәс тігуге тіркелген қатысушылардың саны 200 мың адамға жеткен. Әрі олардың 50 пайызы тұрақты қатысушылар болып табылады.

Осы тұста, «Букмекерлік кеңселердің көздегені не? Оның халыққа пайдасы бар ма?» деген сауалдың туындайтыны анық. Бұған адамдардың екі жақты пікір білдіріліп жатқаны да жасырын емес. Сіз не дейсіз көзі қарақты оқырман?

**Ерасыл ӘБІЛҚАСЫМОВ, қоғам қайраткері:**

*Букмекер деген бәстеспе ойындарда бәске тігілген ақшаны қабылдаушы деген мағынаны білдіреді.*

*Мысалы қайдағы бір шетелде футбол ойыны болып жатса, соның есебі қандай болады, кім ұтады, соған ақша салуға тиіссің. Оған түрлі коэффициент қойып қойған. Былайша айтқанда, бұл да елді алдау. Біздің мемлекетке олардың түкке керегі жоқ. Ол батыстан шыққан құмар ойынның бір түрі. Сондықтан оны қалай да құмар ойындар қатарына жатқызуға тиіспіз.*

**Мұхтар Сержан, студент:**

*Өзім футболға қатты қызықпағасын мұндай бәс тігетін орындарға жоламаймын. Адамдардың осындай кеңселерге кіріп-шығып жатқанын жиі көремін. Біреуі қуанып шығады, ал бірінің көңіл-күйі болмай ашуланып шығады. Бәс тігетін достарым да бар. Үнемі тапқан ақшасын осындай ойындарға тігеді. Ақша ұтқанын көп есті бермеймін. Ұтқан күннің өзінде оңды-солды жұмсап, бір күнде жоқ қылады. Бір түсінгенім мұндай құмар ойындарға жоламаған жөн.*

**Бәс тігуші азамат:**

*Спорттық ойындарға бәс тігемін. Бірде ұтасың, бірде ұтыласың. Бастысы өзіме ұнайды. Бұл жерге адамдар көптеп келеді. Әсіресе өзіміз секілді жастар. Арасында егде кісілер де бас сұғып тұрады. Бұл жерде спорттың түр-түріне бәс тігуге болады. Әсіресе мұндағы адамдар футбол, теннис, хоккей, бокс секілді спорт түрлеріне көп бәс тігеді.*

**Касса қызметкері:**

*Кеңсеге келушілер қатары өте көп. Жасы да, кәрісі де бар. Бәрі бәс тігуге әуес. Мен кеңседегі барлық спорттық ойындарға, сонымен қатар экрандағы карта, шар ойындарына, ит пен ат жарысына да бәс тігуді қабылдаймын. Табысым жақсы, одан бөлек ұтысқа кенелген жандар да қосымша ақша тастап кетіп жатады. Қалада мұндай кеңселердің бірнеше түрі бар. Аман айтар болсақ, «Зенит», «Betcity», «Inbet», «Megabet», «Tennisi.kz», «Profit», «Fairplay», «Totobet» және т.б сол секілді букмекерлік кеңселердің де тұрақты тұтынушылары бар.*

**Абылайхан ЖҰМАШЕВ**

БІЛІМ КӨКЖИЕГІ

# Бүгінгі оқушы және инновация

**Алматы қаласындағы Махатма Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицейде «Білім беру мазмұнын жаңартуда Ұлттық инновациялық мектеп моделін құру» атты тәжірибе алмасу семинары өтті. «Метасызба»деп аталатын әдіс негізінде оқытудың бағыты таныстырылды. Сонымен қатар лицей оқушыларының ғылыми шығармашылық жұмыстарының көрмесі ұсынылды. Шараға «Дарын» мектептерінің басшылары, республиканың түкпір-түкпірінен келген ұстаздар қатысты.**



Аталмыш лицейдің ерекшелігі ретінде мұнда оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін бір-бірімен байланыстыра отырып сабақ беру, оқу материалдарын меңгеру сапасын анықтау үшін критериалды бағалау жүйесі енгізілген. Оқушылардың біліктілік дағдысын, ойлау жүйесін дамыту үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері мен пәнді сабақтастыру қолданылады. Мұндағы метапән – инновациялық әдіс. Ол стандарттық білім мазмұнымен ғана шектелмей, әр пән сабақтарын ғылыми түрде жүйелеп, талдау арқылы беріледі. Соның нәтижесінде оқушылар өзіндік ойтұжырым жасайды және дербес әрекет етуге үйренеді. Бұл әрбір баланың қабілетін ашуға, шығармашылық жағынан дамуына септігін тигізеді.

Семинар аясында қатысушыларға метасызбалар жасаудың әдіс-тәсілдері нақты көрсетілді. №92 лицей директоры Е.Жиенбаев ұлттық инновациялық мектеп моделімен таныстырды. Осы оқу орнының тәжірибесі негізінде оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының үлгісімен бөлісті. Лицейдің пән мұғалімдері сабақ барысында қолданылатын жаңа технологияларды көрсетіп, нәтижеге бағытталған білім берудің жолдарын баяндады. Мысалы, математика пәнінің мұғалімдері Г.Нұрланбаева мен С.Жоламанова геометриялық есептерді шығарудың оңтайлы әдістерін көрсетсе, тарих пәнінің мұғалімі Қ.Кәрменов Ганди идеяларының Алаш зиялыларының ойларымен сабақтастығына тоқталды.

Бұл мектеп жаратылыстану-математика бағытына басымдық береді. Лицей ұжымы оқушыларды зияткер және мәдени тұлға етіп тәрбиелеуге, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға баса назар аударып отыр. Шығармашылық клубтардың, түрлі үйірмелердің көптігі соның дәлелі. «Көкпар» робот жасау клубы, «Жас химиктер», «Жас астрономдар», «Биозерттеушілер» және басқа үйірмелер ашылған. Тіпті мұнда қазіргі заманғы 3D принтермен жабдықталған кәсіби телестудия мен инновациялық зертхана да бар.

ҚР Президенті Н.Назарбаев ҚР Ұлттық ғылым академиясының 70 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінде бәсекеге қабілетті маман даярлау мектеп қабырғасынан басталатынын айтқан болатын. Осы ретте оқушыларға білім беруде озық тәсілдерді кеңінен қолданып отырған №92 лицей тәжірибесі ұлттық педагогиканы инновациялық мүмкіндіктермен ұштастырудың бастамасы іспетті.

**Д.ТАЗАБЕККЫЗЫ**

ҚҰРАҚ КӨРПЕ

ҒАЛАМ

## Марста тіршілік бар ма?



**Күн жүйесінің бір планетасы – Марстың аспанға көз тігетін адамзатты ежелден қызықтырып келе жатқаны белгілі. Ежелгі гректер оны соғыс құдайы деп те атаған.**

Ғалымдар онда тіршілік бар деген болжамды көптен бері айтып келеді. Бұл идеяны КСРО және Қазақ КСР Ғылым академияларының академигі, Алматы обсерваториясында ұзақ жылдар бойы аспан әлемін зерттеген Г.А.Тихов қорғап келді. Сол идеяның негізінде ол астроботаниканың негізін қалады. Бір кезде ұмыт бола бастаған идея соңғы жылдары қайта жандана бастағандай. 2009 жылдың басында американдық «Марс глобал сервойер» аппараты Марс бедері сұйық ағынның ықпалымен өзгеретінін анықтады. Аталған сұйықтың құрамы – темір сульфатының қою ерітіндісі деген теория да ұсынылды. Бұл идеяның авторлары – Арканзас ғарыштық және планетааралық зерттеулер орталығының профессоры Винсент Шеврир мен аспирант Травис Олтейд. Бұл Марста тіршілік бар деген идеяның жақтастарына күтпеген уәж берді.

ЖАСЫРДЫМ ЖҰМБАҚ

Бассаң тілін шабады,
Иттен жаман қабады.
Қысса жаман қақсатар,
Ұстағанын ақсатар.

(Жаңылтпаш)

ҚАЙТАЛАП КӨРІҢІЗ

Айтыстағы айтыскер ақындардың
Айшықты айтыса алатыны қайсысы?

ҰЛЫҚ КІСІ – ҚЫЗЫҚ КІСІ

## Фарадейдің қылығы

**Профессор Дэви бір бейтаныс студенттен хат алады. Ол атының Фарадей екенін, құрметті профессордан дәріс тыңдағанын әрі өзін жұмысқа алуын өтінген көрінеді.**

«Қалай жауап берген жөн» деп Дэви ассисентінен ақыл сұрапты. Сонда ассисенті:

– Бізде түрлі ыдысты жуатын жұмыс бар, қаласаң соған кел деңіз, – дейді. – Егер келсе, одан түбінде бірдеңе шығатын адам болғаны, ал келмесе – өз обалы өзіне.

Мұндай жауапты алған Фарадей еш ойланбай-ақ жұмысқа тұрған екен.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

## Сырлы суреттің құпиясы

**Елеусіз нәрсенің өзінен елең еткізер сұлулық таба білу голланд суретшілерінің төл мінезі болып алды.**

Олар өз кенептерінде ыдыс-аяқтарды, маталарды, жеміс-жидектерді, шыны бокалдарды ерекше бір сүйіспеншілікпен бейнеледі. Ондай натюрморттардың аты да көбіне-көп: «Балапан еті қойылған үстел», «Сүбе мен шабдал қойылған дастарқан» тәкілеттес болып келеді.

Бір кездегі суретшілер салған натюрморттар бізге атам заманғы жиһаздарды ғана емес, сол кездегі адамдардың өмірін, тұрмысын, әдет-ғұрпын да көрсетеді.

Голландия суретшілері тап онша көзге ұрмайтын қарапайым натюрмортты ұнатса, Фландрия суретшілері тау-тау тағам, жеміс, гүл үйілген қомақты натюрморттарға әуес.

ЕҢ...ЕҢ...

## Бай кітапхана

**Әлемнің ең бай кітапханасы қай елде орналасқан? АҚШ-тың ұлттық кітапханасы кітап қорына бай кітапханалардың көшін бастайды.**

Вашингтон қаласында үш бірдей ғимаратта орналасқан. Кітап сөресінің ұзындығы – 850 шақырым. Онда 3600 адам жұмыс істейді. Әлемнің 500-ге жуық тілінде жазылған 40 миллион кітап пен 60 миллион қолжазба сақтаулы. Сонымен қатар сирек кездесетін кітаптар, үш ғасырдан бері жиналып келе жатқан 1 миллионға жуық әлемдік газет және 13,7 миллионнан астам сурет бар.

ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ

## Бір қанатымен жүзетін құс

**Пингвиндер көбіне Оңтүстік жартышарда мекен етеді. Негізінен Антарктидада тіршілік ететін құс. Басқа құстардан бір ерекшелігі, олар бір қанатымен ғана жүзеді.**

Ал аяғы болса, олар үшін маңызды рөлдің қызметін атқарады. Теңіз өнімдерімен қоректенеді. Судағы тұзды көздерінің астындағы арнайы без арқылы сыртқа шығарып тастайды. Теңізде олар дыбыс шығарғанымен, құрлықта жүргенде, бір-біріне дыбыс беру арқылы араласатын көрінеді.

Пингвиндердің жетпіс бес пайыз өмірі теңізде өтеді деуге болады. Құрлыққа олар тек қана жұмыртқа салу үшін ғана шығады.

**Әзірлеген Нұрлан ҚҰМАР**

СЫР-ПЕРНЕ

# Айтыстағы айшықты із

Маған біреу «Қостанай өңірінде қандай қазақтың қайраткер де, аяулы қыздары бар?» деген сауал қойса, менің көз алдыма арамызда жүрген ақжарқын да қайсар мінезді Әсия Әйіпқызы Беркенова тұра қалады.

Осынау ардақты жанды біліп, араласқаныма да біраз жылдың жүзі болды. Әрқашан да адалдықты, шындықты, тазалықты жоғары қоятын кісімен дидарласудың өзі бір ғанибет.

Жақында айтыс өнерінде өзінің айшықты қолтаңбасымен дараланған тұлғамен арнайы жүздесіп, өзі қызмет атқаратын «Өнер студиясында» әңгімелескен едік.

**– Әсия Әйіпқызы, өзіңізді көп жылдардан бері білгеніммен, өткен өмір жолыңыз жайлы сыр тартып көрмеппін. Әңгімемізді осыдан бастасақ?**

– Өзім Қостанай облысы қазіргі Әулиекөл ауданына қарасты Сұлукөл деп аталатын елді мекенде туып өстім. Жалпы сөз өнеріне құштар болып қалыптасуыма атам мен әкемнің де ықпалы болған секілді. Әкем өте сауатты, орысша білім алған азамат еді. Ресейде байдың тұқымы ретінде елден алшақ кетіп, сол жақта оқып, Ұлы Отан соғысына қатысып, пулеметші болған. Ұлы Жеңісті Берлинде қарсы алыпты. Өзі сөзге шебер, ақын, ортаның көркі атанған жігіт екен. Өйткені өнер де тұқым қуалайды деген бар емес пе? Ата демекші, менің Кәкімжан атам сауатты, өзінің қатарластарының арасында қазақтың кәдімгі қара домбырасын қолға алып, көптің алғысына бөленген асыл азамат еді. Сондықтан да оны айналасындағы қауым «Өлеңші Кәкімжан» деп атап кетіпті. Хиссаларды жатқа айтатын.

Мен кішкентай кезімде ауылдастарым: «Әсия, сенің сөз саптасыңа дейін атаңа тартқан» десетін. Сол кезде шыны керек, осы пікірді естігенде әжептәуір марқайып қалатынмын. Ал домбыра тартуды нағашы атам Жұмағали үйретті. Ол кісі де әнді әуелетіп салатын. Өзі домбыра да жасайтын, күмбірлете күй де шертетін. Жалпы менің үлкен бабам Бірке деген кісі де өз заманының алдыңғы қатарлы азаматтарының бірі болған. Өзі арабша өте сауатты, уақытына сай білімді жан-ды. Сол себептен де оның маңына жиналған замандастары көбіне оның ақыл-кеңесіне сүйенетін. Анам Ақтас та кәдімгі өнер десе ішкен асын жерге қоятын мінезді адам еді.

**– Сізді зиялы қауымның ортасында жиі көремін. Әншілік қырларыңыз да кейінгі сіңлілеріңізге өнеге. Осы жайлы да баяндаудың орайы келген секілді.**

– Біздің қазақ «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демей ме?! Аяулы анамның сызылта салған әндерін кішкентайымнан құлағыммен естіп, көкірегіме тоқып өстім емес пе. Әрине, өзімді мақтаудан аулақпын. Өнерімді бағалайтын құрбыларым мен сырлас достарым: «Әсия, ән айтуыңды тастап кетпе, сенің қабілетің кәдімгі кәсіби артистерден кем емес» деп қолпаштап жатады. Соған қарағанда, орындаушылық шеберлігім жаман емес секілді. Менің осы қырларымды білетін ағайын түрлі той-думан, басқа да айтулы кештерде қолқалап қоймаған соң амалсыз екіүш әнді орындап беретінім бар.

**– Мектепте оқып жүрген кезде қазақтың Әсиясы қандай болды?**

– Мен Әулиекөл ауданындағы Шоқан Уәлиханов атындағы қазақ орта мектебінің түлегімін. Осы білім ордасында менің алдымда да қаншама ұлтымыздың марқасқа жігіттері оқыды. Олардың көбісі уақыт өте академик, кейбірі министр атанды. Бұл жерлестерімнің атын атап, түсін түстеп жату артық секілді. Өзімнің бойымдағы табиғи дарынымды ашуға аталған мектеп ұжымы тікелей себепкер болды деп айта аламын. Әдебиетке деген құштарлығым да білім ордасының қабырғасында жүргенде оянды. Поэзияны сүйіп оқыдым. Тырнақ алды туындыларым да осы жерде жазылды. Қабырға газетінің редакторы болғаным да әлі есімде.

**– Айтыс өнеріне келген жылдарыңыз жайлы да әңгімелеп берсеңіз. Бұл кезеңдер де сіздің ғұмырыңызда ерекше орын алады емес пе?**

– Өзіңіз осы сауалыңызбен маған сонау жалынды да ізденіске толы жастық шағыма саяхат жасатқалы отырсыз. Зиялы қауымға белгілі, сонау 1980 жылдан бастап, қазақ елінде ежелден келе жатқан айтыс өнері қайтадан қолға алына бастады. Бірде мен сол уақыттағы Наурызым аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, ұлтжанды азамат Есетай Қалқаевқа жолығып, өзімнің атадан балаға мирас болып келе жатқан айтыс өнерін қолға алсақ деген ұсынысымды білдірдім.

Есекеңнің тарапынан бұл ойым қолдау тауып, айтыс жанданып сала берді. Сөз құдіретін ерте ұққан мен үшін 1984 жылдың да жөні бөлек. Өйткені осы кезеңде Алматыда Кенен Әзірбаевтың 100 жылдығында жерлесіміз әрі Қазақстанның халық ақыны Қонысбай Әбілевпен айтыстым. Дәл осы жолы жұлдызым жанып, жүлделі бірінші орынды жеңіп алдым. Менің ойымша, Мұхиттың 150 жылдығына орай Оралда белгілі айтыс ақыны әрі әнші Хатимолда Бердіғалиевпен және Астанада түркістандық Бекарыс Шойбековпен арадағы болған айтыстар айтыс өнерінің ең биік шыңы болған секілді.

**– Қалың жұртшылық шымкенттік Әселхан Қалыбековамен түйдей құрдас екеніңізді жақсы біледі. Екеуіңіздің араларыңыздағы достық қарым-қатынастарыңыз жөнінде оқырмандардың білгені артық болмас.**

– Бұл жаны изгілікке толы ұлтымыздың аяулы қызымен мені киелі айтыс өнері жолықтырды. Ол екеуміз бір жылы, бір күні туғанымыз да рас. Оның жастық шағы Оңтүстік Қазақстан облысының қазіргі Отырар ауданының маңында өтті. Біздің өмірге, өнерге деген көзқарасымыз да бір жерден шығады. Жердің шалғайлығына қарамастан мынау тіршіліктегі барлық қуаныш пен қайғыға ортақтасып келеміз. Әселхан менің Қостанайда өткен бірнеше мерейтойлық кештеріме де қатысып, жырдан шашу шашты. Мен де ұлтымыздың ұйытқысы болып отырған шырайлы Шымкенттегі оның шаңырағының асыға күтер қонағына айналдым. Меретойларында тебірене сөз сөйлеп, жиналған қауымға ұлағатты сөздерімді арнадым.

**– Өзіңіз өткен жылдарда айтыс өнеріне байланысты кең байтақ республикамызды араладыңыз. Сол уақыттарда ұмырлық серігіңіз Табылды ағамыздың қамқорлығын да көрген боларсыз.**

– Шаңырағында ынтымақ, ырыс-береке болмаса, әйел затының бағы да жанбайды. Өмірде жолы да болмайды. Отағам Табылдыға өз басым шексіз ризамын. Тағдырым осындай азаматпен жолықтырғанына бақыттымын. Онымен әу баста Алматыдағы Қыздар педагогикалық университетінде оқып жүрген кезімде танысып, көңіліміз жарасқан соң, отау көтерген едік. Сөйтіп, мен Орал өңіріне келін болып түстім.

Екеуміз Құдай берген үш перзентімізді тәрбиелеп өсірдік. Ұлдарымызға келсек, Айбек-әскери қызметте, полковник. Аян-сараптамашы. Қызымыз Айгүл Қостанай мемлекеттік университетінде заңгер. Келіндеріміз Айгүл мен Назгүл тағылымды тәрбие көрген жердің қыздары. Біз алтын асықтай бес немере сүйіп отырған бақытты ата-әжеміз. Жалпы өзім халықтың көз алдында жүрген ақын болғанымменен, үйде қарапайым ғана әйелмін. Шаңырақтың иесі де, пірі де отағасы деп есептеймін.

**– Сіз жазба ақын ретінде де көпке танымалсыз. Сонымен қатар қазір Қостанай мемлекеттік университетінің жанындағы «Өнер студиясын» басқарасыз. Осы жайлы да бірер сөз.**

– Жоғарыда поэзияға жастайымнан құштар болғанымды айттым. Құдайдың маған берген сыйы шығар, қалыптаса келе айтыс ақыны болумен қатар өлең жазуды да дағдыға айналдырдым. Өлеңдерім бірқатар басылымдарда жарық көрді, кітаптарға да енді. Өлең жазу көңіл-күйге байланысты. Шабыт келген кезде көкейде жүрген ойларым ақ қағаз бетіне жыр болып төгіледі.

Ал Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті жанындағы «Өнер студиясын» жетекшілік еткеніме де біраз жылдың жүзі болды. «Бұлақ көрсең, көзін аш» демекші, өңірдегі дарынды бозбалалар мен бойжеткендердің сахнада жарқырап көрінулеріне қолдан келген қамқорлығымды жасаудамын. Өзім жетпеген биікке солар көтерілсе екен деп армандаймын.

**– Әңгімеңізге рақмет!**

**Әңгімелескен**
**Оразалы ЖАҚСАНОВ,**
**Қазақстанның Құрметті журналисі**

ҚОСТАНАЙ

ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА

# Сыбаға

**Соңғы кезде Жігердің ойы елең-алаң, жан анасы жарық дүниеден озғалы көңіліне алабөтен қаяу түсті. Дүние-ғалам тұтасымен сұрғылт тартып, мұнар басып кеткендей, сұп-суық. Біртүрлі жетімсірегендей болады, көмейіне әлдене кептеліп қалғандай, кейде оқыс «һайи» деп күрсінгенін өзі де байқамай қалады. Тіршілік тынысы – ауа секілді әлдене жетпейтіндей...**

Енді, міне, терең ойға шомып, көгілдір көкжиекке көзін сүзеді. «Жүрегім неге сонша қысып, шаншып алып барады, ә? Тегінде, пенде баласы дүниеге жанды тіршілік әкеліп, ұлы миссияны арқалайтын аналардың жан-әлемінен жаралатын болғандықтан, онымен етене байланысын жоймайды-ау. Асыл анашың өмірден озғанында, сенің де демің үзіліп кетердей болып қиналасың, қайғырасың, еңірейсің, еркелейтін ешкім таппай боз ботадай боздай бересің екен-ау...»

Былайынша қарағанда, әрине, бәрі де өмірдің заңдылығы іспетті ғой. Жетпіс жеті жас жасады. Қос жеті! Иә, киелі сан ғой! Ендеше, осынша ғұмыр кешкен, қиындық пен қызықты қатар көріп, балаларын азамат етіп қияларға қанаттандырып ұшырып, балпанақтай немерелер сүйген, жарық дүниенің бар рахатын көріп бақытты жан болып бақилыққа аттанған адамда арман бар ма деген де ой келеді. Иә, арман шіркін жеткізген бе? Ол бір таусылмас шексіз әлем. Кім жалғыз рет берілетін ғұмырпәни-тіршілікті, осы дүниедегі ең жақын адамдарын мәңгілікке қиып кеткісі келеді дейсің. Алайда амал не, бұл Алланың ісі ғой, Жаратқанның әмірі-пәрмені жеткен күні ажал тажалынан қашып құтылу қиын. Мәңдайдағы жазу деген де сол деседі.

Көпті көрген көнекөз кісі, бәрі де ретімен, орнымен, сексенге таяған тұста болды ғой, оған да шүкір дегісі келеді. Бірақ... Мейлі жүзге келсе де, осынау жаратылыс заңдылықтарын тереңнен түйсіне тұрғанның өзінде де, өзегін талдырып өбектеп өсірген алтын нұрлы Анасын тіпті де басқа дүниеге мүлде қиғысы жоқ.

«Ех, Құдіреті күшті Құдайым-ай, ең болмаса барлық Ана атаулыны неге мәңгілік етіп жаратпадың екен?!» Оның жүзі шын мәнінде шұғыласын молынан шашқан күн арайынан аумайды. Енді сол арай-нұр, ізгі сәуле шұғыласы жалт етіп жоғалып кеткендей. Бір жылу жетпейтіндей, бір жылы алақанды іздейтіндей. Анасының бір ауыз жылы сөзі, шын мейірімге толы көз-жанарын аңсайды. Оның, шіркін, алыста болса да, жасы біразға келсе де, әйтеуір, жер басып, көзі тірі жүргенінің өзі көңілге үлкен медет, демеу екен.

Марқұм, иманды болғыр, көзі жұмылғанша қаладағы балаларды аузынан тастамапты. Жігер тағы да ой құшағына ерді. «Сыбағаларын кем қылма депті-ау. Бізді жалғызсырап жүр деді ме екен? Жетпестік көріп жүр деді ме, әлде?!» Ой жетегіне еріп, бойлап қараса, әңгіме тек онда емес екен.

Бүгін туған ауылға барудың сәті түсті. Келін кең етіп дастарқан жайып, тәуірінен бабын келтіріп сарбалақ шайын құйып беріп отыр. Сағынышқа толы әңгіме тиегі де ағытылып жатыр. Бәрі де жақсы-ау, кемі жоқ. Бірақ... Сонда да бір нәрсе жетпей тұрған секілді сезіледі. Ол, әрине, Ана құшағы, Ана шуағы, Ана қуаты, Ана бұлағы! Ана Көзі, Ана сөзі, Анаңның Өзі! Анаң болса, тәтті-дәмді, жылы-жұмсақты арнап сақтайды, шай да, тамақ та сіңімді болады. Өйткені шай үстінде қызыл қуырдақ пен бауырсақ қана емес, анаңның сары майдай сақтап келген балқаймақ, құрты, қатырған секері, үйге келген бойда «Айналайын, жарық күндерім, жолдан шөлдеп келдіңдер» ғой деп бауыры үзіліп тұрып, өз қолымен сапырып құйып беретін көпіршік атқан шұбаты жан-жүйені ерітіп, қанға тарап, өн-бойыңа күш қондырушы еді, қанаттандырмай қоймайтын.

...Қалаға қайтар алдында тамының басына барып әйет оқыды. Келіншегі де босаңқырады. Тіршілікте енесінің өмір дағдысы, ұлт қасиетін ұстанған текті келін болуға баулыған тағылымы мол ұлағатты ақыл-кеңестері де ойының елегінен өтіп жатқан тәрізді. Жігер де іштей өксіп жылағанын сыртқа білдірмей, күтіп тұрған көлікке қарай бұрылып кетті.

Жол үсті тағы да шетсіз-шексіз ой меңдеді. Тағы да анасының сыбаға жайын қозғай беретіні ойына оралды. Бес жасқа келгенінше ана сүтімен ауыздандырып, нәр құйып, бесінші сыныпты бітіргенше арқалап, еркелетіп өсірген абзал анасының жаз дидарлы жарқын жүзін еске алған сайын оның шексіз мейірмахаббатына тәнті бола түседі, қайтып келмес арман кәусарына шөлдейді.

...Жанарына тағы да іркіліп жас келді. Бұл әсте ынжықтық емес. Ешқашан қорлық та көрген кезі жоқ. Ешкімге есесін жіберген және жібере қоятын адамның сойы бұл емес. Кездіктегі алмас қанжар іспетті жарқылдайды. Тек... Сонда да... Бір запыран-сағыныш селі ыршып кеткелі тұр. Өзін әрең-әрең ұстап іркіп қалды. «Өмірдегі өз орнымызды тауып, өз сыбағамызды алып жүрсек боладыдағы. Ол бізге мәңгілік махаббат, өшпес ұлағатты сыбаға етіп сыйлап кетті. Тірі жүрсек бір биіктерден табылармыз. Амандық болса, адалдық пен адамшылық жолдан ешқашан ауытқымаспыз» дейді сүйген жарына қарап. Ол да басын изегендей болды...

**Ғалым ӘРІП**

АҚТАУ

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

# Туған жерге туың тік!

Түгін тартсаң майы шығатын мекендер, ауыл-аймақ Торғай өңірінде көп-ақ. Кезінде уақыт ширкіннің қақпақылына түскенімен өз дәулетін бойына құт көрген сондай ауылдардың бірі Қайыңды.

Қайыңдының іргетасы қаланғанына биыл 60 жыл толғалы отыр. Ауыл тұрғындары өздерінің осы мерекесін лайықты атап өтпек. Осыған орай арнайы есепшот ашылды. Есепшотқа түскен қаржы-қаражат ауылдың мәдени-тұрмыстық мұқтаждықтарына, өңірдің өркендеуіне жұмсалмақ.

Қасиетті Қайыңды жерінен түлеп ұшқан ел азаматтарының назарына ауылдың 60 жылдығына орай ашылған қордың есеп-шоты ұсынылып отыр. Байтақ Қазақстанымыздың түкпір-түкпірінде жүрген қайыңдылықтар осы игі шарадан тыс қалмас деп ойлаймыз.

**Қайыңдының 60 жылдығына орай арнайы ашылған қаржылық қордың есеп-шоты:**
**«Қазақстан халық банкі» АҚ**
**Молдахметов Мейрамбек Молдабекұлы**
**ЖСН 610501300813**
**Шот нөмірі**
**KZ416010002007109523**

СҮЙІНШІ!

# Қазаннан олжалы оралды

**Павлодар облысы Ақсу қаласының «Талапкер» домбырашылар ансамблі және «Сарын» қобызшылар дуэті Татарстан елінде өткен «Dream Fest» атты халықаралық байқауында жеңімпаз атанды.**

Шараға 430-дан астам жас дарындар қатысып, бақ сынады. Жас таланттар 1-ші орынға қол жеткізіп, мерейлері үстем болды. Олар шараның қорытынды концертінде композитор Нұрғиса Тілендиевтің «Әлқисса» күйін орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Сайыс нәтижесі бойынша «Талапкер» ансамблі мен қобызшылар дуэті I орындарға қол жеткізді. Жас өнерпаздардың жетекшілері Қуаныш Уәлиев және Жанар Ділмағанбетованың айтуларынша, аспаптық өнер аталымында бас жүлдеге ие болған ансамбль мүшелері Волгоград қаласында өтетін халықаралық сайысқа арнайы шақырту алыпты.

Елдің намысы мен туын көкке көтеріп, көптеген байқаулардан олжалы оралып жүрген жас таланттарға бәрекелді дейміз! Өнерлеріңіз өрге жүзсін!

**Шамшат ЖҮНІСҚАЛИ**

Павлодар облысы
Ақсу қаласы

ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

Құрылтайшы және шығарушы:
**«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»**
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Бас директор –
Редакторлар кеңесінің төрағасы
**Жұмабек КЕНЖАЛИН**

қабылдау бөлмесі 272-87-30
kaz_gazeta@mail.ru
www.kazgazeta.kz

**АНА ТІЛІ**

- Бас редактор **Самат ИБРАИМ**
- Бас редактордың бірінші орынбасары **Нұрперзент ДОМБАЙ**
- Бас редактордың орынбасары **Дәуіржан ТӨЛЕБАЕВ**

**Бөлім редакторлары:**
Абылайхан ЖҰМАШЕВ – Тіл мәселелері және этнография
Дина ИМАМБАЕВА – Білім, ғылым және мәдениет
Бағдагүл БАЛАУБАЕВА – Әлеуметтік мәселелер және ақпарат

**«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:**
Толымбек ӘБДІРАЙЫМ 8 701 345 7938 (Астана)
Жанғабыл ҚАБАҚБАЕВ 8 771 769 6322 (Ақтөбе обл.)
Батырбек МЫРЗАБЕКОВ 8 (7102) 90-19-73 (Қарағанды обл.)
Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ 8 (7292) 40-41-01 (Маңғыстау обл.)

Ⓐ материалдың жариялану ақысы төленген

**Меншікті тілшілер:**
Ғазиз ЕСЕНБАЕВ (Астана) 8 7016048029
Өтеген НӘУКИЕВ (Атырау) 8 701 518 46 81
Орал ШӘРІПБАЕВ (Семей) 8 705 661 14 33
Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай) 8 777 230 71 84
Жарқын ӨТЕШОВА (Мәскеу) Zharkyn-1@yandex.ru

**Фототілші** Азамат ҚУСАЙЫНОВ
**Беттеуші** Нұржан АСАНОВ
**Корректор** Алмагүл ҰЛТАНБЕКОВА
**Хатшы-референт** Лунара АТАМҚҰЛОВА

**Қоғамдық негіздегі кеңесшілер:**
Ғарифолла ӘНЕС – филология ғылымының докторы
Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ – филология ғылымының докторы, профессор
Аягүл МИРАЗОВА – педагог-ұстаз, Қазақстанның Еңбек Ері
Талас ОМАРБЕКОВ – тарих ғылымының докторы, профессор

Апталық Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2006 жылғы 4 маусымда №7345-Г куәлігі берілді.
Газет аптасына бір рет шығады.
«Ана тілі» газетінде жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-ға тиесілі, жарнаманың мәтіні мен тіліне редакция жауапты емес.
«Ана тілінде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газет авторларынан мақалалардың 3 беттен (14 кегль) аспауын, электрондық нұсқасымен қоса әкелуін сұраймыз. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, қолжазба кері қайтарылмайды.
Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. Индекс 65367. Офсеттік басылым.
Газет: Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 «в». «Алматы-Болашақ» АҚ, Тел: 378-42-00 (бухг.), 378-36-76 (факс); Ақтөбе қаласы, Т.Рысқұлов көшесі, 190, «А-Полиграфия» баспаханаларында басылып шықты
**Тапсырыс №315/312**

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**
050013, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 175, 2-қабат

**РЕДАКЦИЯ ТЕЛЕФОНДАРЫ:**
2-72-49-78 (қаб.бөлмесі/факс)
**Бөлім редакторлары:**
267-40-07
**E-mail:** anatili_gazeti@mail.ru

**Таралымы 20000**

Кезекші редактор **Абылайхан ЖҰМАШЕВ**